



**«ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСЫМ
БАҒЫТТАРЫ: ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»**

халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

2-3 мамыр 2024

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

**«PRIORITY AREAS OF RESEARCH: ANALYSIS
AND MANAGEMENT»**

2-3 May 2024

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

**«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ НАУЧНЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ: АНАЛИЗ И УПРАВЛЕНИЕ»**

2-3 мая 2024

Астана, 2024

ӘОЖ 001
КБЖ 72
F96

Редакция алқасы:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

F96 Ғылыми зерттеулердің басым бағыттары: талдау және басқару: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления научных исследований: анализ и управление: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Priority areas of research: analysis and management. – Астана: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2024. – 371 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-4050-8

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-4050-8



9|786010|840508|

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

SRSTI 16.01.45

USING SHADOW REPETITION IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

G.K. Yeshmurat

Master teacher, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan

K. Faizulla

Senior Teacher, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan

It is difficult to argue with the fact that for successful communication in any foreign language, it is necessary not only to master certain lexical and grammatical skills, but also to pronounce sounds correctly and intonate your speech. Difficulties in learning English pronunciation are one of the main problems among teachers and students. There are many teaching methods that one way or another perform their function, but are not able to bring the student's speech to a level comparable to that of a native speaker. These problems can be dealt with in different ways, but one of the methods that is gaining popularity in the scientific community is the foreign technique of «shadowing», it is usually translated as «shadow repetition», «echo repetition». In further work, mainly the first version of the translation will be used.

Keywords: shadowing, method, repetition, native speaker, teaching.

Tuning in as one of the language abilities other than composing, talking, perusing should be shown ideally by the educator to the understudies. The most important aspect of being able to comprehend what other people are trying to convey is listening. As per Tavil understudies to be presented to the objective language so they can answer precisely. The understudies actually find it hard to normally dominate the abilities in tuning [1]. The understudies seemed to have numerous issues while tuning in English. Most people think that listening is a passive skill. In addition to the aforementioned issues, some researchers also note learning difficulties among students. Yavuz, Degirmenci, Akyuz, Yilmaz, and Celik feature that speed is one of the serious issues, tuning in from different accents of English can be an issue when understudies can't stay aware of speed. Understudies face new terms and jargon all through the listening system, what breaks the translating system [2]. In addition, Yilmaz & Yavuz emphasize a number of additional listening issues. Those issues include: not having the option to rehash the tuning in, understanding issues, failure to think, and laid out learning propensities [3]. Plus, individuals likewise view tuning in as a functioning mental cycle. Rost, for instance, characterized it as the action in which the cycles of getting what speakers say; build, and address significance; haggle

to mean with the speaker and answer; and make importance through contribution, creative mind, and compassion. Besides, listening assumes a significant part in day to day existence and scholarly settings, as it is essential for individuals to support compelling correspondence. It implies that tuning in, as an open expertise, assumes a part in crossing over the correspondence cycle from getting data to deliver it through dynamic abilities like talking. According to Gilakjani & Ahmadi, listening accounts for 40-50% of communication time, speaking for 25-30%, reading for 11-16%, and writing for about 9%. Notwithstanding, as a general rule, numerous understudies definitely disapprove of tuning in. Numerous understudies are poor at tuning in [4]. Students have a number of options: they can make listening a fun daily habit, receive extensive training in listening, listen and transcribe, search for authentic listening materials, and expose themselves to them. To assist the understudies with having the option to tune in, English educators ought to know about the assortments of accessible methodologies for understudies. Separately, educators ought to be more imaginative in figuring out the proper strategy in educating tuning in. Al-Nafisah, adds that it is essential for educators to provide students with access to a variety of listening resources. Teaching listening can be accomplished in a number of different ways. One of them is to improve one's word recognition listening skills by employing the shadowing method. Despite the fact that it comes from an interpreting technique, it is useful for practicing word recognition. As indicated by Renandya and Farrell figuring out the significance of word [5].

Shadowing is a listening task that requires the students to pay attention to an expressed text in the objective language, and rehash the words that they hear simultaneously as the speaker said. This strategy assists the students with procuring prosodic element language, which is a fundamental necessity to further develop listening abilities. Sumarsih expressed that shadowing is a listening practice in which the English students track the hear discourse and rehash it as precisely as conceivable while listening mindfully to the approaching data. Moreover, it isn't just reiteration yet in addition a profoundly mental action [6]. In addition, it aids the learners in expanding their vocabulary and pronunciation. The contrast among shadowing and reiteration is in their execution. When identifying the words, students should think quickly. As a result, students must concentrate on it. The upsides of the Shadowing strategy are: it works with the thoughtfulness regarding language input; assists students with centering; gives more practice; and spurs the students. In addition, Hamada states that shadowing helps students automatize their discernment and increment their functioning memory limit. Additionally, Nakanishi and Ueda make sense of that this procedure is utilized by interpreters to prepare their deciphering abilities, yet in its turn of events, educators carry it to the homeroom to instruct paying attention to middle school understudies.

Bubnova A.S. gives the accompanying meaning of shadow reiteration: «The premise of the shadowing technique, or shadow redundancy, is the listening impression of a sound recording followed by practically synchronous redundancy of what was heard. In this instance, the original must be reproduced with all phonetic, prosodic, and other features (e.g., speech rate, features of pronunciation, intonation,

emotional coloring, etc.) The student is expected to as closely as possible copy the original [7]. It is important to note that the method is practiced using an overheard stream of speech without any visual aids. It should be reproduced as quickly as possible, with as little delay as possible, just like a real shadow. Shadow reiteration was first referenced in a trial by Edward Colin Cherry, where subjects were approached to pay attention to different sound selections and simultaneously rehash what they heard, which is shadow redundancy in its substance. At first, research was led on the subject of discourse acknowledgment, how the course of moment discourse redundancy with negligible postpone impacted the comprehension and sound of information exchanged. Because of the analysis, Chistovich L.A., Alyakrinsky V.V. furthermore, Abulyan V.A., it was seen that as on the off chance that an individual doesn't focus on the substance of the sound recording, however focuses on more rapidly imitating the progression of discourse, then the way to express discourse sounds will be more precise on his part. While those members who zeroed in on the importance could likewise imitate the progression of discourse precisely, however with a more noteworthy deferral, while recalling the data. Scientists quickly realized that shadow repetition could be used to train short-term memory. It was then widely used to train interpreters and started being used in teaching foreign languages as listening and pronunciation practice. There are a variety of direct ways to practice this method to improve pronunciation. Shadow repetition is particularly prevalent in Japanese colleagues' writing, which can be used to practice listening, reading, and speaking in addition to pronunciation. As indicated by one of the normal reading materials for learning the Japanese language, to effectively rehearse shadow redundancy, you ought to do the accompanying – first, select a reasonable part of a sound recording that matches the level of the specialist, with its text and interpretation into your local language. Then, at that point, they encourage you to make five strides:

1. Examine the text and comprehend the meaning. In order to successfully complete your task, you must comprehend all of the particulars of what is taking place.

2. Stage «Quiet shadowing» (Rehash to yourself). Pay attention to the sound recording, taking a gander at the text, rehash to yourself, intellectually articulate every one of the lines. It is important to pay close attention to difficult passages and intonation.

3. Stage «Murmuring» (Muttering). Pay attention to the sound recording, attempt to rehash the inflection either essentially with mouth developments without vocalization, or murmur without holding back, mutter without depending on the message, as intently as conceivable to the first.

4. Stage «Shadowing with the content» (Reiteration in view of text). Pay attention to the sound recording, rehash it without holding back in view of the text as intently as conceivable to the first.

5. The stages «Prosody shadowing» (Talking with an accentuation on the prosodic part) and «Content shadowing» (Talking with an accentuation on the

substance) were joined into one, as the last stages, when the specialist as of now effectively plays out the past ones [8].

The first focuses on the prosodic characteristics of the flow of speech, such as intonation, pitch, pauses, rhythm, and so on; the second focuses on awareness of the flow of speech, so that the practitioner can not only understand the speech he repeats but also simulate the situation from an audio recording in his head [9]. It is worth focusing on that there are a ton of shadow redundancy procedures, and following only one isn't required. You can adjust existing ones to go for whatever you might prefer and the necessities of your understudies. Research was led because of shadow redundancy not just on the precision and familiarity of discourse of unfamiliar understudies, yet additionally on the handling of specific syntactic designs, because of which it was affirmed that after a specific number of preparation stages, the degree of digestion of both linguistic designs and discourse familiarity fundamentally expanded in the subjects with an elocution more like the good example. Shadow repetition has also been studied to see how it affects listening skills. These studies found that when subjects practiced this technique, they started to understand foreign speech much better. In spite of this, it has been seen that shadow replay represents an enormous mental burden on the human mind and increments feelings of anxiety, particularly in the first place when subjects are not yet completely acquainted with the method [10].

The shadow redundancy strategy can be utilized both while showing an unknown dialect in secondary school and among understudies of a language college. Naturally, this technique should be given to students as homework so that they can prepare and listen to the material as many times as necessary to comprehend it and be prepared to repeat after the speaker. Likewise, understudies need time to choose material that suits them with a specific subject, speaker's speed of discourse, etc. Because it takes a lot of time, this method is hard to use in lessons or pairs, and it's hard to use in large groups. It is best to use this method on your own and at home, then test your pronunciation and comprehension of the text in an educational setting. Understudies can likewise record their discourse on a voice recorder and send it to the educator; this technique is reasonable for timid understudies and decreases the time spent really taking a look at in class. For authentic content, Ted Talks are ideal. These are 15 brief addresses from specialists on different subjects: instruction, innovativeness, science, etc. Everybody will actually want to track down a video on a subject that intrigues them and work on their English, yet additionally learn something critical that will assist them with taking a gander at the world in an unexpected way. Subtitles are included in each video, which will come in handy when carrying out the second and third stages of the shadow repeat technique. When you watch TED talks, you can improve your oratory skills by using the shadowing technique to learn which words, intonation, and manner can pique the audience's interest. While mimicking the discourse of speakers, you can remain before a mirror or film yourself on record to perceive how you signal and talk, or at least, check out at yourself from an external perspective. Ted Talks are more reasonable for use by understudies of a language college, that is to say, for those whose language level is as

of now further developed. One more benefit of Ted addresses is their openness: they are introduced on the authority site and on the You Cylinder video facilitating administration; you don't have to pay to see them. For secondary school understudies, recordings from Ted Ed might be suitable. Their length is on normal around 5 minutes, the subjects and language are simpler for young people to comprehend. You can use the shadow repetition technique with high-quality audio and video materials included in Macmillan's Open mind manual. Open Mind has textbooks for all levels, from beginner to advanced, so anyone can find a course that fits their level of language proficiency. However, this manual is not free, and it is not cheap. However, learning the language will be even more interesting if you choose according to your preferences. Shadowing is accessible to everybody: material for this method is not difficult to track down on a wide range of Web locales, and totally free [11].

In conclusion, the use of shadow repetition, also known as shadowing, has a place in the method of learning a foreign language, but only as one way to achieve a goal. The ideal outcome is to sound like a native speaker without an accent, but this skill will require a lot of effort and time. This method will likewise assist with further developing listening appreciation abilities and extend lexical information. Remember about the gained data about different people groups; this information will be helpful in the future during intercultural correspondence. This procedure is additionally great on the grounds that the material for it. Consequently, shadow redundancy can be generally utilized for unknown dialect learning. In a foreign language, this method helps improve articulation, intonation, accent, and communicative expressions. Shadow repetition can help improve auditory sensitivity and master vocabulary, grammar, and fixed expressions, as well as other aspects of language. This strategy advances top to bottom osmosis of material, animates retention and advances the improvement of expressiveness in oral discourse in an unknown dialect.

References

- 1 Tavil Z.M. (2010). Integrating listening and speaking skills to facilitate English language learners' communicative competence. *Procedia Social and Behavioral Sciences*, 9, 765-770.
- 2 Yavuz F., Degirmenci N., Akyuz S., Yılmaz H., Celik O. (2015). Problems and Activities in Listening Skills in EFL Classrooms; from Tradition to a more Comprehensible Input. *Procedia Social and Behavioral Sciences*, 197, 930-932.
- 3 Yılmaz H., Yavuz F. (2016). The problems young learners encounter during listening skills. *Procedia Social and Behavioral Sciences*, 197, 2046-2050.
- 4 Gilakjani A.P., & Ahmadi M.R. (2011). A Study of Factors Affecting EFL Learners' English Listening Comprehension and the Strategies for Improvement. *Journal of Language Teaching and Research*, 2(5), 977-988.
- 5 Ekayati R. Shadowing Technique on Students' Listening Word Recognition. *IJEMS: Indonesian Journal of Education and Mathematical Science*, 1 (2), 31-42. Fadli, F.(2016). *Kajian Semiotik Mantra Pengobatan Masyarakat Melayu*

Kecamatan Matan Hilir Selatan Kabupaten Ketapang // Jurnal Pendidikan dan Pembelajaran. – 2020. – С. 1-17.

6 Sumarsih. (2017). The impact of shadowing technique on tertiary efl learners' listening skill achievements. *International Journal of English Linguistics*, 7(5), 184-189.

7 Бубнова А.С. Обучение устному переводу: теневой повтор как универсальное упражнение на подготовительном этапе // *Перспективы науки и образования*. 2018. № 5 (35). – С. 171-178.

8 Бахматова А.Т. Использование теневого повтора в обучении иностранным языкам. 2024. №8 (158). URL: <https://scilead.ru/article/6049-ispolzovanie-tenevogo-povtora-v-obuchenii-ino>.

9 Cherry C. Some experiments on the recognition of speech, with one and with two ears. // *Journal of the Acoustical Society of America*. – 1953. – №25(5). – С. 975-79.

10 Nakanishi H. Effects of Prosody Shadowing on Japanese EFL Learners' Processing of Object Relative Clauses in English // *Seinan journal of foreign language studies*. – 2023. – №3(2). – С. 1-11.

11 Яшонкова М.А. Техника теневого повтора как способ улучшения английского произношения // *Скиф. Вопросы студенческой науки*. – 2023. – №. 7 (83). – С. 189-192.

ҒТАМР 17.71.91

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.С. Сағынадин

PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

А.М. Есенғали

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Фольклор – халық әдебиетінің қайнар көзі, сол халықтың өткен тарихының, жүріп өткен жолының бағыт-бағдары, халықтың жан-дүниесінің көрінісі. Әлемдегі кез келген халықтың болмасын, фольклор туындыларының сипат-ерекшелігі жағынан сол жұртқа тән өзге жанрлармен ұқсастығы да, өзіне ғана тән ерекшеліктері де болады. Шығармалардың ауызша айтылып, ел есінде ауызша сақталатыны, айтушының ой-қиялына орай түрлі өзгеріске ұшырап, көп вариантты болатыны, тұрақты, дәстүрлі тіркестердің жиі кездесетіні – ауыз әдебиетінің барлық жанрына тән, ортақ белгілер. Сонымен қатар фольклор туындыларының тарихи шындық негізінде қорытылып, суреттелуі де әр жанрға байланысты әр түрлі деңгейде болатындығы анық.

Түйін сөздер: фольклор, баспасөз, «Ақ жол» газеті, халық ауыз әдебиеті, инерциялы ағартушылық, публицистика.

Алаш мерзімді басылымдарының хронологиясын ХХ ғасырдың басынан бастаймыз. Алаш қозғалысы 1905-1920 жылдар аралығын қамтиды. Бұл туралы ғалым Е. Тілешов мынадай дерек келтіреді: «Алаш қозғалысының өрістеу, даму сипатына ой жүгірте отырып, оны іштей үш кезеңге бөлуге болатын сияқты. Бірінші кезең – 1905-1912 жылдар, екінші кезең – 1913-1916 жылдар, үшінші кезең – 1917-1920 жылдар» [1, 180 б.]. Сонымен қатар қазақ ұлтының тарихында ағартушылықтың үш бөлігі бар. Олар: бастапқы ағартушылық (1860-1890), негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920), инерциялы ағартушылық (1920-1929) [2, 33 б.].

Бұл мақалада 1920 жылдан кейін, яғни инерциялы ағартушылық кезінде шыққан «Ақ жол» газетін талқылаған болатынбыз. Ташкент қаласында жарық көрген әдеби басылымдардың алдында темірқазықтай болып «Ақ жол» газеті тұрды. «Ақ жол» газеті – 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап «Жаңа өріс» негізінде Түркістан Орталық партия Комитетінің негізінде шығарылды [3]. «Ақ жол» газетінен сол кездегі Түркістан өңірінің тыныс-тіршілігін толық білуге болады. Газет бетінде өзекті мәселелерді қамтыған қоғамдық-саяси, тарихи-

танымдық, әдеби-публицистикалық мақалалар басылған. «Ақ жол» газетінің авторлары ретінде Сұлтанбек Қожанұлын, Міржақып Дулатұлын, Ғазымбек Бірімжанды ерекше атап айтуға болады.

Алайда газеттің ұстанымы РК (б) П Орталық Комитетінің ұстанымына сай келе бермеген. Комитет мәжілісінде «Ақ жол» газеті туралы қаралған және И. Сталин газет туралы Қазақ Өлкелік Комитетіне мамыр айында хат жазған. «Ақ жол» газеті ұлттық межелеуден кейін 1925 жылдың ортасынан бастап Шымкент қаласында шығып тұрды» [4, 111 б.]. 1920-1925 жылдар аралығында Түркістан Республикасының орталығы Ташкент қаласында шығып тұрған кезіндегі «Ақ жол» газеті мен Қазақстанда шыққан «Ақ жол» газетінің көркемдік қуаты екі түрлі деуге болады. Сол себепті де «1926 жылдың 27 наурызында Сырдария губерниялық комитеті «Ақ жол» және «Смычка» газеттерін «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен қосу тарыл қаулы қабылдады [4, 117 б.]. «Ақ жол» газетінің Ташкенттен Шымкентке ауысуына себеп болған ұлттық межелеу туралы айтар болсақ, «Орта Азияны межелеу жөніндегі комиссия материалдарды қарап, РК (б) П ОК Ортаазбюросы 1924 жылғы 12 мамырда екі одақтас республика – Өзбек және Түрікмен республикаларын және екі автономиялық облыс – Өзбекстанның құрамында Тәжік, РКФСР құрамында Қарақырғыз облыстарын құру, ал Түркістанның қазақ аудандарын Қазақ АКСР-інің құрамына енгізу туралы шешім қабылдады» [5, 221 б.]. Осылайша, ұлттық межелеуден кейін Қазақ АКСР-іне қарамағына өткен «Ақ жол» газетінің ғұмыры келте болды.

Енді жалпылама түрде «Ақ жол» газетіне шолу жасап өткенді жөн көріп отырмыз. 1920 жылғы №6 санда «Әдебиет кештері» атты хабарландыру жарияланған. Хабарландыруда Қармақшы мен Ақмешітте қазақ жастары әдебиет кешін жасағанын, кештерде пьеса мен әдеби кеш қойылғаны жазылған. Мәселен, Қармақшыда «Балшабай» деген бір перделі пьеса қойылып, ән шырқалса, Ақмешітте «Қалмаған салтым» дейтін пьеса мен насихат сөз бен тақпақтар айтылыпты.

1921 жылғы №21 санда «Білім комиссиясынан» атты қысқаша ақпарат берілген. Ташкент қаласындағы Білім комиссиясы Түркістан халық-ағарту комиссариаты жанында қазақ-қырғыз оқушылары үшін керекті кітаптар даярланатын білім комиссиясы құрылғанын мәлімдейді. Енді осы комиссия кітап қылып басу үшін қазақ-қырғыз тілінде халық әдебиетінен жазба сөздер мен оқу кітаптарын сұратады. Лайықты болса, 32 сомнан ақша берілетінін де атап көрсетеді.

Ал 1921 жылдың №50 санында «Қазақ-қырғыз институты» атты институт ақпараты басылыпты. Ташкенттегі қазақ-қырғыз институтының студенттеріне арналған жиылыста жазғы демалыстарын тиімді өткізу мәселесі де көтерілген. Қызметке жарамды студенттерді 5 топқа бөледі. Әр топтың атқаратын өзіндік міндеттері бар. Олар: а) сауықшы әншілер тобы – бұлар жаз ел аралап, театр ойындарын көрсетсін. Шат әндермен өлеңдер айтып, халықтың көңілін көтерсін, ә) әдебиет жинаушы топ – ел ішіндегі ескі әдебиеттерді жинасын, халыққа үгіт-насихат таратсын, жастарды ұйымдастырсын; б) саяхатшы топ –

бұл топ өзге шаһарларды, жат жерлерді аралап, мағлұматын арттырсын; в) газетшілер ұйымы – бұл топ Ташкентте қалып, «Жас Алаш» газетін тоқтатпай шығарып тұрсын; г) Жетісу тобы – бұл топ Жетісуға барып қызмет қылсын». Міне, әр топтың өзіндік көтерер жүгі бар, салмақты істерге жұмылдырылған. Әсіресе, әдебиет жинаушы топ құрып, ел аузында ескі әрі есті сөздерді жинатуы құптарлық әрі бүгінгі күнде жалғасын табуы тиіс іс деп есептейміз.

1922 жылдың 12 қаңтарында жарық көрген №129 санда «Келден» дейтін атпен «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» атты көлемді мақаланың үшінші бөлігі жарияланған. Мақалада білім комиссиясының атқаратын және істелініп жатқан жұмыстары, жобалары, мүшелері туралы мәлімет берілген. Оқу-ағарту ісіне қатысты мәселелерді реттейтін комиссия 5 бөлімге бөлініп жұмыс істеуге көшкені жазылған. Осы комиссия Ә. Диваевты ерекше құрметтеп, комиссия мүшесі әрі экспедицияға шығуына аз да болса жәрдем етіп отырған. Мақалада Ә. Диваевтың қазақ фольклорына бей-жай қарамайтынын ерекше ілтипатпен жазады. Және бұрынырақта қорқып, үркіп қалған қазақтың «комиссия келе жатыр» деген сөзден қашып, аузындағы сөзін айтпай қалатынын айтып өтеді. Ендігі кезекті тағы бір экспедиция ұйымдастырылуы керегін баса айтады. Ә.Диваев және халық ауыз әдебиеті туралы былай дейді: «ел ішінде әлі жазылмаған, жазылғанмен де біздің қолымызға түсіп жетпеген әдибиеттер бек көп. Бұрын қазақ-қырғыздың өздерінен ел ішіне бұл сияқты ғылыми экспедиция шыққан емес. Халық әдебиеттерінің қадіріне жетіп, оны жиятын, жинайын деген, бұл жұмысқа кіріскен қазақ-қырғыздың өздерінен де кісілер болған емес. Оның үстіне қазақ-қырғыз қалалы болып, жатақ тұрмысқа түскен, бір жерде жиылып отырғанда халық емес, көшпелі. Россия сияқты үлкен бір мемлекет қоластында отырған көшпелі халықтарға бұл тұрмыс, бұл көшпешілік үнемдік деп айтуға келмейді. Өйткен қай халықта болса бірте-бірте болса тарихи эволюцияның жолын тұтпақ. Қандай көшпешіліктегі халықтар болсын, бір уақыттар отырықшылық, жатақы тұрмысқа айналмақ. Сондықтан бүгінгі күнгі көшіп жүрген қазақ-қырғызда бір уақыттар жатақ болар. Бірақ оған дейін жұрт әлденеше қырқын дәуірлер кешіреді, бұл күнгі сөйленіп жүрілген халық аузындағы сөздер де ол уақытқа дейін бірте-бірте ұмытылар деген оймен қазақ-қырғыз этнографиясын, халын, әдебиетін жинаған, жинауға тырысқан кісі жалғыз-ақ этнограф Әбубәкір Диваев болған. Ә.Диваев қазақта емес, қырғыз да емес – Башқұрт. Өзі шаһарда туып, шаһарда өскен кісі. Ел ішінде болмаған. Тек шаһарда отырып қана қазақ-қырғыз этнографиясын, халық әдебиетін жинаған. Бірақ ол уақыттар халық, ел іші мұндай нәрселерге түсінбейтін, қадіріне жетпейтін, оның қандай керегімен пайдасының барлығында білмейтін, білген бірлі-жарымды кісілер болса, ол ел ішіндегі мұсылманша оқығандар, молдалар болатын. Сөйткенмен ол молдалардың өздері көбірек уақыт өмірлерін, оқумен шаһарлы жерлерде алғандықтан халық ауыздарындағы уақ-түйек сөздерді көп ұғынбайтын, ұғынса да оларды уақсынып берілген сауалға қарамастан өздері білген, ұзын бір хикаяны жазған да бере салып отырған. Ол берген сөздерінің жарымы дінді, жарымы мысал келтіріп сол күнгі ахуал, заманның жайынан

зарланған һәм оған өздерінің пікірлерін қосып та өлең яки әңгіме қылып жазған бір хикая болған» [6, 201 б.].

1923 жылдың 19 желтоқсан күні басылған №253 санында «Жажеке» бүркеншік есімімен «Жеті батыр» атты мақала жарық көрген. Осы мақалада халық ауыз әдебиетін жинақтаудың маңыздылығы туралы мынадай құнды пікір айтылады: «бұрынғы әдебиетімізді жинап бастыру деген сөз бізден бірталайдан бері айтылып келе жатқан еді. 10-15 жылдан бері құрылған түрлі ұйымдарымыз мақсаттарының негізгі біреуі қылып, осы мәселені қылушы еді. Шіркін, бұрынғы әдебиетіміз бай-ау деп сілекейін шұбырытып, аузын көпіртіп әңгіме соғушы еді. Бұл мәселе газеттерімізде аз жазылған еді. Соңғы жылдарда хүкіметтен, елді ағарту комиссариаттарынан да талай жарлықтар шығып еді. Бірақ, алдымен сүйегімізге сіңген жалқаулықтан (сөз жоқ басқа себептер де бар) бұл мәселенің бұл күнге шейін тұйық жатқан жайы бар еді. Еліміздің тарихы үшін, тіліміздің баюы үшін, әдебиетіміздің өркендеуі үшін, жалпы айтқанда еліміздің ел болу үшін негізгі себептердің бірі болған бұл мәселені шешуге Түркістанның қазақ-қырғыз комиссиясы кірісе бастаған көрінеді» [7, 206 б.].

Одан кейін комиссияның арқасында Әбубәкір Диваевтың материалдары сұрыпталып, Қобыланды батыр, Шора Нәрікұлы, Бекет батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Алпамыс батыр, Едіге батыр туралы жырлар басылды. Мақаланың «Жеті батыр» деп аталуы да сондықтан болып отыр.

Мақалада жазба әдебиеттің енді қалыптасып келе жатқан жас әдебиет болса да, дінгегі, түбі мықты екенін айтып өтеді. Жас әдебиеттің өзге елдің әдебиетіне еліктеп, қарамайтынына себебі барын айтады. Ол себеп – өзіміздің бұрыннан қалыптасқан ауыз әдебиетіміздің байлығы, молдығы. Тек соны халық игілігіне пайдалана білсе, тарата білсе, жинақтай білсе болғаны. Ол турасында: «біздің қазақ әдебиетінде берік негіз бұрынғы әдебиетіміз арқылы ғана салынбақ. Бұрынғы әдебиетімізде еліміздің жүз жылдар, мың жылдар бойы жүрген жолы, көксеген идеялы, сол идея жолында көрсеткен ерлігі, шеккен зоры, төккен жасы – қысқасы еліміздің өткен өмірі таста басылғандай, өлең болып өлшеніп, жыр болып құйылып қалған. Қазақ елінің өткен заман да кім болғанын білу үшін оның осы күнгі түріне қарау керек емес. Аузындағы жырына қарау керек», – деп жазады. Яғни, ел тарихы халық ауыз әдебиетінде сайрап тұрғанын айтып отыр. Еліне қалтқысыз қызмет қылғысы келетін әр адам ерінбей, қажымай ескі әдебиетті жинауға міндетті екендігін, үкімет болса, шын әдебиет өрнектерін, бұрынғы әдебиетті бастыруға борышты екендігін айтып өтеді.

Публицист сторителлингті еркін меңгергені көрініп тұр. Осылай айта келіп, «Жеті батыр» кітабының ерекшелігі мен мазмұнына тоқталып, сипаттайды. «Жеті батыр» жырлары, заманның тарлығын еске алғанда, өте сұлу басылған. Қағаздары қалың, әріптері ашық, әрбір кітаптың сыртына батырлардың суреті салынған. Бәрі де қабағынан қар жауған, қабағынан қан жауған ерлер, үстерінде темір сауыттары, қолдарында қанішер қайқы қара болаттары, астарында төрт аяғы сом болат тұлпарлары. Әр қайсысы әр күйде

салынған. Біреуі жапан түзде, орғытып барады. Біреуі алыстағы аналығы мен қоштасып жатыр һәм басқалар. «Жеті батыр» жырларының бағалары пошта шығынсыз. 1) Қобыланды батыр 158 бет 200 сом. 2) Нәрік ұлы Шора 23 бет 45 сом. 3) Бекет батыр 27 бет. 4) Қамбар батыр 39 бет 70 сом. 5) Шора батыр 59 бет 70 сом. 6) Алпамыс батыр 56 бет 70сом. 7) Мырза Едіге батыр 24 бет 45 сом.» Әр кітаптың бағасы бет санына байланысты қойылғаны көрініп тұр. Мынандай жарнамадан кейін кітаптың өтпеуі тіпті мүмкін емес.

1923 жылдың 29 наурызында шыққан №288 сан Ә. Диваевтың 40 жылдық мерейтойына арналған. Сәдуақас Оспановтың «Этнограф Әбубәкір Ақметжанұлы Диваевтың 40 жылдық юбилейі» атты көлемді мақаласы жарық көрген.

Ә. Диваевтың ғылым жолында жүргеніне 40 жыл толғанына орай Халық ағарту комиссариаты юбилей жасаған болатын. Мақалада ғалым туралы: «Әбубәкір Диваев қазақ-қырғыз халқына толық 40 жыл еңбегін сіңіріп, әдебиетімізге көрік беріп, 40 жылдан бері қазақ-қырғыз халқының тұрмыс тіршілік, әдет-ғұрпын, салт-санасын тексеріп, ғылым таразысымен өлшеп, өшпес өрнек, өлмес үлгі қылып қалдырып отырған кісінің бірі. Қырық жылғы ғұмырын сарп етіп қазақ-қырғыз тіршілігінен есепсіз көп материалдар жинап, ол жинаған материалдары арқылы жалпы Еуропадағы қазақ-қырғыз халқымен таныстырған да осы айтып келе жатқан қадірлі қартымыз Әбубәкір Ақметжанұлы Диваев еді» [48], деп ерекше бағалайды, құрметтейді. Мақала көзі қарақты оқырманға ғалымның кім екені туралы ақпарат беріп өтеді. Оның ғылым жолында жеткен жетістіктері туралы баяндайды. Ғалымға «Қазақ тарихына өшпес таңба, өлшеусіз өрнек қалдырған тұлға», «қазақ-қырғыздың ардақты қариясы», «сүйікті, құрметті қариясы», «қазақ-қырғыздың шын сүйген, шын жүректі бір кісі» деп ерекше баға береді.

Мақаланың ізін басып 1923 жылдың 22 наурызында қазақ-қырғыз институты үйінде өткен құттықтау мейрам туралы мәлімет басылған. Құттықтау мәжілісіне әртүрлі хукімет мекемелерінен, оқу, халық ағарту ұйымдарынан, білім жұрттарынан уәкілдер, білімді, әдебиетті жақын көруші кісілерден 100-ден аса адам жиылыпты. Мәжіліске Халел Досмұхамедұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Шмит Уликов, Ишан Қожаев, Хан-Омодский сынды ғалымдар үстел басшылық қылады. Халел Досмұхамедұлы ғалымның атқарған еңбегіне ерекше тоқтала отыры, лайықты бағасын береді. Ол өз сөзінде мынадай құнды дерек келтіреді: «жақын тарихқа айналып қарасақ, һәр халықтың, оның тіршілік дәуірі қай дәрежеде болса да, мәдениетке көшетін өзгерісті заманында оның бұрынғы мәдениеті тоқталып қалған бір мезгіл болады. Ол халықтың барлық сипаттарын, сенім, мінез айырымдықтарын көрсететін ауыз әдебиеті болды. Әрине, миллиондаған қазақ халқының да рухани мәдениеті, ішкі байлығы толып жатыр еді. Бұрынғы орыс хукіметінің Түркістанды өзіне қаратып, оны коллония қылған дәуірінде қазақ-қырғыз халқы жаңа тұрмысқа көшетін өзгерісті заманында оның бұрынғы мәдениеті жоғалып қалатын болып еді. Мінеки, осы мезгілде ардақты Әбубәкір Диваев шығып, оны сақтап алып қалуға себеп болды. Соның арқасында, келешек жолымыз

шақырды. Осындай ауыр қымбатты мезгілінде, келешек үшін шын ықыласпен 40 жыл бойы қажымай, талмай қызмет көрсеткен ардақты Әбубәкір Диваевты құттықтаймыз. Білім комиссиясы Әбубәкірдің бүкіл өмірі бойынша қазақ-қырғыздың тарихын тексеру, әдебиетін жинау оны тәртіпке салу жолындағы қызметіне баға беріп, оны қазақ-қырғыз арасында білім орнатушы бірінші кісі деп таниды». Оның тек қана жинақтаса да жеткілікт екенін, алайда ол саналы ғұмырын осы іске арнап, жүйелі жұмыс істегенін айтады. Оның атқарған ісі турасында: «шыдамды, істі жақын көруші Әбубәкір 40 жылдық өмірінде қырғыз-қазақ халқының бүтін өмірінде болатын әдет-ғұрыптарын қалдырмай, толық жинап, оларды бір тәртіпке салды. Ол халықтың сыртқы шаруа тіршілігіне ықтияр қылмай, ішкі жағынан халық әдебиетін үйренуге тырысты. Бесік жырлары, әртүрлі ойындар, мақалдар, айтыстар, батырлар өлеңдері, ертегілер, әдет-ырым тағы басқалар. Мұнан басқа мал асырау, жыл есебі, күн, жұлдыздар хақында қырғыз-қазақтардың ойы туралы жинаған, жазған нәрселері де бар. Бұлардан басқа тарих үшін керекті документтер, қысқа материалдары, Құдиярхан хақындағы жазуы, архиялогия жағынан қымбатты Ахмет Яссауи, Қорқыт ата мазары хақындағы мақалалары да оның үлкен қызметтерінен», – деп айрықша ілтипатпен бағалайды. Одан бөлек бұл мәжілісте оннан астам белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, журналистер сөз сөйлеп, лайықты қошемет көрсетеді. Мәжіліс Ә.Диваевтың жинақтаған деректері негізінде қойылған көрмені көрумен аяқталады.

Ә. Диваевтың 40 жыл ғылым жолында жүруіне байланысты Түркістан Республикасы Халық комиссарлары кеңесі арнайы қаулы шығарады. Қаулыда ғалымға ерекше құрмет көрсетіліп, мынадай артықшылықтар беріледі.

«1) Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевқа алтын пұлдың есебімен совнарком сомасынан әр айда 25 сом өмірлік пенсия беруге.

2) Бас орта Азия музейінде Әбубәкір Диваевтың этнография бөлімі ашылып отыр. Қазақ-қырғыздардың тіршілігін көрсететін нәрселермен толтыруға.

3) Қазақ-қырғыз институтында Әбубәкір Диваевтың атына тарих, этнография кафедраларын ашып, бұл кафедра жанында кірісу істері үшін айырым кабинет түзеуге.

4) Әбубәкір Диваевтың бүкіл қызметтерін жинап, жазушының өмірін һәм білім үшін, ел үшін пайдалы мақалаларын қосып, бастырып таратуды халық ағарту комиссарлығына тапсыруға.

5) Ташкент қаласында Садави көшесінде Әбубәкір Диваевтың 26 жыл мекен еткен 2-ші нөмірлі үйін оның өз қарамағына, өз ықтиярына беріп, ол үйді барлық жергілікті һәм жалпы хүкімет салықтарынан құтқаруға һәм бұл үйде тұрушы бөлек адамдарды кешіктірмей онан шығарып одан бері онда басқа адамдарды кіргізбеу, тарылтпау хақында жергілікті хүкімет мекемелеріне бұйрық қылуға» [8].

1923 жылғы №302 санында Түркістандық қазақ-қырғыз білім комиссиясының уақытша бастығы Мағжан Жұмабаев пен мүшесі Әбубәкір

Диваев қол қойған «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программасы» басылады. Бағдарлама 30 бөлімнен тұрады. Осы бөлімдер бойынша зерттеушілер материал жинап, білім мекемесіне жіберуін өтінеді. Жинаушылардан таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырысуын, елдің өткен тұрмысын сұрастыруын, әр материалдың қай облыс, қай үйез, қай болыста кімнен алынған, яки істелгені туралы жазуын өтінеді. Сондай-ақ тек қана осы бағдарлама арқылы жинау қажет еместігін, керек болса үсті-үстіне қосуын да сұрайды. Сонымен бағдарламаның тақырыптарына назар салсақ: 1. Құда болу, үйлену. 2. Балаға ат қою. 3. Бесік жыры. 4. Балалардың ойыны һәм ойыншықтар. 5. Қыз, бозбаланың ойындары. 6. Кісі өлгенде істелінетін ырым, жол-жора. 7. Бақсы. 8. Ауру һәм ем. 9. Мақалдар һәм тақпақтар. 10. Түс һәм жору. 11. Көк, жер. 12. Жел, ай, күн. 13. Қияли әңгіме. 14. Қияли ырым. 15. Қарғау, алдау, арбау. 16. Өлең-жырлар. 17. Батыр жырлары, қиссалар. 18. Айтыс. 19. Ертегілер. 20. Мысалдар. 21. Жын-пері. 22. Тарих, шежіре әңгімелер. 23. Жұмбақтар. 24. Бата. 25. Үй, ас-су, ыдыс-аяқ, киім-кешек. 26. Заң. 27. 1916 жыл. 28. 1917-18 жылғы төңкерістен бері. 29. Мал. 30. Жануарлар, өсімдіктер» [9, 25 б.]. Баспасөз арқылы халық ауыз әдебиетін жинақтау тиімді болғаны сөзсіз. Өйткені, білім комиссиясының мүшелері қазақ жерінің түпкір-түпкіріне барып, жинақтауы мүмкін емес. Оған қаражат жағы да, уақыт тапшылығы да әсер етеді. Ал елдің әр қиырына таралып жатқан «Ақ жол» газеті арқылы қаншама құнды деректерді жинақтауға мүмкіндік ала алды. Енді осының ішінде бір-екеуіне тоқталып өтсек.

Бесік жыры туралы жазғанда бесік жырының бір түрін жазып алуға тапсырма береді. Бақсылық туралы: «бақсылық кімге қонады, қалай қонады? Қандай бақсылар болған һәм не істеген, осы күні бақсы бар ма? Бақсы қандай ауруларды бағады, қалай бағады? Бақсының ойыны һәм сарыны, жындарын шақыруы, жындардың аттары, сипаттары һәм басқалары» – деп сұратады. Аруақты, киелі, (Шынғыс хан, Ақсақ Темір, Ескендір Зұлқарнайын, Абылай, Асан қайғы, Қорқыт, Ұлықбек, Жошы, Алаша хан, Жәнібек хан) адамдар, кереметті әулиелер туралы, киелі жерлер, обалар, таулар, тастар, ағаштар туралы әңгімелерді «қияли әңгіме» деп, от туралы, ай көргенде, жұлдыз аққанда, жел шыққанда, және шаруаға байлаулы бие, байлағанда, құс шығарғанда, желі аттау һәм басқа түрлі ырымдарды «қияли ырымдар» деп атайды. Құда болу, үйлену бөлімінде жақын болғанда, неше атаға шейін құда болуға болатынын, ақсүйек пен қара бұқара құдалығының арасындағы айырманы сұрайды. Сондай-ақ қыз айттыру, құда түсу қалай болады һәм сол уақытта істелінетін түрлі ырым, қалың мал, төре мен қараның, бай мен кедейдің қалың малы, босаға аттау һәм сол уақытта істелінетін түрлі ырым һәм жыртыс, күйеудің қалыңдығын алғалы келгенде орындалатын ырым, жол-жораларды сұратады. Қызды ұзату, танысу, сыңсу, қыздың жасауы һәм басқаша құдалық пен үйленудің жайы, сыңсу өлеңдерін де атап көрсетеді. Айтысты сұраған кезде шын һәм қалжың айтыстар, атақты ақындардың айтыстары деп бөліп көрсетеді.

Білім комиссиясы алдына қойған мақсаттарының бірі ауызша әдебиетті жинау болатын. Бұл – соның бір дәлелі. Білім комиссиясы осы жолда еңбек қылып, бірнеше кітап әзірлейді. Олар: «Кенесары-Наурызбай» қиссасы, «Қыз Жібек» қиссасы, Мағжан Жұмабаевтың «Ауызша әдебиеттен құралған ересектерге оқу кітабы», «Ер Тарғын» қиссасы, т.б. Сондай-ақ елдегі ауыз әдебиетін жинау үшін және Түркістанның түрлі жерлеріндегі тарихи ескерткіштерді, мазарларды, молаларды жазып алу үшін, осы биыл жазда алты жерге арнап кісі жіберуді міндет етеді. Бесеуі Түркістанның түрлі тарапына, алтыншысы Семейге, Абайдың өмірін толық жазып алу һәм жарыққа шықпаған қол жазбаларын жинауға аттанатынын мәлім етеді.

1923 жылғы №331 санда «Жандосов» дейтін кісінің «Қазақ газеттері туралы» атты мақаласы жарық көреді. Мақалада қазақ газеттерінің қандай болуы керектігі туралы жазылады. Өзінің бірнеше ұсынысын атап-атап көрсетеді. Соның бірі – қазақтың халық әдебиетіне кең орын берілсін, «көке мен әзіл» деген бөлім ашылсын. Халықтың халық әдебиетіне бай негізгі кені жарыққа шықсын деген талап болатын. Бұл талапқа «Ақ жол» газеті сай келеді деуге болады.

1923 жылғы №374 санға Мағжанның «Базар жырау» атты мақаласы жарық көреді. Мағжанды белгілі ақын Мағжан Жұмабаев деп отырмыз. Осы мақалада ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің негізі деген сөзімізді қуаттайтын, растайтын мынадай пікір айтылады. «Бірақ талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлі де болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз, талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлі де болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдыменен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті болам десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті. Мағына іздесе де, түр іздесе де (бұл туралы толық пікірді екінші бір уақытқа қалдырдық)» [10, 370 б.].

Автор Жүсіпбек Шайхысламұлын тілге тиек ете отырып, қазақ ақындары десе Абайдан кейінгі ақындарды, қазақ әдебиеті десе Абайдан кейінгі әдебиетті айтатынын, негізі іздесе ар жағында қаншама мықты ақындарын барын айтып өтеді. Осылай айта отырып 4-5 өлеңі ғана сақталған Базар жырау және оның өлеңдерін оқырманмен таныстырады. Ел арасында жыраудың толғауларын жатқа білетін жандарға сұрау салады. Сөзімізді дәлелді ету үшін «Қ-Ы» бүркеншік есімімен «Тілсіз жұртшылық тіршілігі жоқ» атты мақаласын да қосып өтсек. Мақалада: «қазақ тілінің қадірін кетіріп, тілін күрмеу арқылы қазақтың ескі әдебиетін (ауызша әдебиет халық рухының, халық санасының айнасы) ұмыттыру. Ұлттық сезімін өшіру. Қырғыз-қазақ ішіне орыс тілін сіңіру патша хукіметінің мақсаты еді» [10, 149 б.], деп жазады. Бұдан шығатын қорытынды қазақтың ескі әдебиеті ұмытылса, ұлттық сезім өшеді. Сол себепті қазақ оқығандарының халық ауыз әдебиетін жинақтап, жариялай беруі ұлттық сана-сезімді жаңғырту жолында істеп жатқан ерлік істері деу керек.

Халықтың мәдени дәрежесін әдебиет өркендетеді. 1923 жылғы №366 санда «Октябрь өзгерісінен кейін қазақ әдебиеті» атты мақала жарық көреді. Әдебиетте: оқыту әдебиеті, пән әдебиеті, ділмар әдебиеті, саяси әдебиет, балалар әдебиеті, сахна әдебиеті, уақытты матбұғат дейтін бөлімдер пайда болғаны жазылған. Мақала авторы: Хасенғали. Мақалада аталған ділмар әдебиет халық ауыз әдебиеті екендігі анық. «Бұл бөлімде шөлдегендердің сусынын қандырғандай, адасқандарға жөн сілтегендей Абай өлеңдері, Мағжан Жұмабаев өлеңдері, С.Торайғыровтың өлеңдері басылды. Ертегілерден: қазақ батырлары, «Алпамыс батыр», «Кенесары-Наурызбай», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Едіге батыр» басылды. «Ер Сайын», «Ертарғын», «Мың мақал», «Тазша» (Жүсіпбектікі). Толстойдан аударылған: «Кавказ тұтқыны», «Сорат қонақ үйі», «Мысалдар», «Жеті қарақшы» жуырда басылып шықпақшы. Короленкодан Қыр баласы аударған «Макардың түсі» басылды» [10, 251 б.].

Және «уақытты матбұғат» дейтін бөлімде өзгерістің бастапқы кезінде «Сарыарқа», «Жас азамат», «Бірлік туы», «Ұшқын», «Кедей сөзі», «Жаңа өріс», «Кедей еркі», «Абай» журналы болғанын атап көрсетеді. Осы күні шығып тұрған газеттер ретінде «Ақ жол» – Ташкентте, «Тілші» – Алматыда, «Қазақ тілі» – Семейде, «Бостандық туы» – Қызылжарда, «Ауыл» – Қостанайда, «Еңбекші қазақ» – Орынборда, «Қызыл ту» – Уральск (Текеде), «Жас қайрат» – Ташкентте; журналдар: «Шолпан» – Ташкентте, «Сана» – Ташкентте, «Қызыл Қазақстан» – Орынборда, «Темірқазық» – Мәскеуде деп көрсетеді.

1924 жылы Орынбор қаласында қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі өткізілген-ді. Ол сиездің өту барысы туралы «Ақ жол» газетінде басылып тұрды. Сиезде халық ауыз әдебиетін жинау туралы арнайы қаулы да қабылданды. «Ауыз әдебиетін жинау туралы

1) Қазақ-қырғыз әдебиетін жинау (не жинайды, қалай жинайды) туралы жоба жасап шығарсын.

2) Білім ордасы әдебиет жинаушылар тапсын.

3) Жиналған әдебиет тәртіптеліп, түзетілсін.

4) Әдебиет жинау үшін тиісті мекемелер арнаулы қаржы беретін болсын» [11, 130 б.].

1925 жылғы №567 санында Хасанғалидың «Алғыс айтамын» атты мақаласы жарық көреді. Мақалада газет арқылы қазақтың ескі сөзін сүйген азаматтардан мақал жазып жіберулерін сұрағанын баяндайды. Өтініш бойынша Қызылжар үйезінен Ахмет Жанталыұлы 200 мақал, Қазалы үйезінен Әлім Базарұлы 180 мақал, Пішпек үйезінен Мырза Жаналыұлы 60 мақал жазып жібергенін, соларға үлкен алғыс білдіретінін мәлім етеді.

Қорыта айтар болсақ, халық ауыз әдебиеті халық ақындарының аузынан жиып алып, оны бастырумен іс бітпесі түсінікті. Әдебиетті тарихи жағы тексеріліп, белгілі бір жүйеге түсіріліп, ең керекті, қажетті жерлері түсіндіріліп, сабақ алуы керек. Бұл міндеттерді «Ақ жол» газеті өз деңгейінен де жоғары атқара алды деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Тілешов Е. Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. / Е. Тілешов. – Алматы, ЖК Айдаргазин Е.С., 2016, – 376 б.
- 2 Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, Сардар, 2014, 528 б.
- 3 Қожакеев Т. Шығармалары. – Алматы, «Айғаным» баспа үйі, 2014.
- 4 Махат Данагүл. Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат (мақалалар мен зерттеулер). – Астана, «Ана тіл – Ана тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., 2007, – 192 б.
- 5 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б.
- 6 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 5 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
- 7 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 9 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
- 8 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 10 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
- 9 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 11 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
- 10 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 13 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.
- 11 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 17 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан, «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.

GTAMP 21.15.47

БИОЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Р.Е. Ерімбет

Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Т.О. Аманқұл

PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада жаһандық ғылымның дамуымен туындаған мәселелерге адам құқығын қорғау үшін қолданылатын әдістерге шолу, шариғаттың қолданатын әдіснамасы және биоэтика пәнінің қолданатын тәсілі мен сүйенетін қайнар көздері, оны бекітетін қағидалар өзектілігі талқыланады. Халықаралық ұйымдардың биоэтика мәселелерін шешудегі тәжірибесі ислам этикасы қолданған әдістері анықталады.

Түйін сөздер: Ислам, шариғат, заманауи фикһ, биоэтика, исламдағы биоэтика, адам құқығы.

Ислам құқығы биоэтикалық дилеммаларда өзге әдістемеге зәру еместігі туралы айтылды. Өйткені Құранның адамға деген көзқарасы негізгі бағалауды қамтиды. Шариғат адам өміріне қолайлы үкімдерді шығара алу мүмкіндігіне ие. Адамды бағалау кезінде ашқан тұжырымдамалық талдау Ислам ғалымдарына осы ұғымдар негізінде адам ағзасына көзқарастың негізгі параметрлерін жасауға мүмкіндік берді. Сондықтан, осы тұжырымдамалық талдау негізінде Исламның биоэтикалық дилеммаларға қатынасын ашуға бағытталған.

1. Мукәррәм/Құрметті. Ислам адамды «мукәррәм», яғни құрметті деп қабылдады. «Біз адамды құрметті қылдық» Исра сүресі, 17-аяты осы мағынаны білдіреді [15]. Адамның қадірлілігі өміріне қол тигізбейтіндей етеді. Адамның мукәррәм-құрметті ретінде сипатталуы, ең алдымен, оған моральдық құндылық береді және бұл құндылық оны қол тигізбейтін етеді. Көріп отырғанымыздай, «құрмет» заңды термині моральдық бағалауды қамтитын «мукәррәмға» негізделген.

Ислам заңы адамның дене иммунитетін «құрма ағашы» терминімен түсіндірді. «Құрма ағашы» термині заңды түрде қол сұғылмайтын нәрсені білдіреді. Алла Тағала «Исра» сүресі 33-аятта: «Тірі жанды нақақтан өлтірмеңдер! Кімде кім жазықсыздан өлтірілген болса, оның мұрагеріне (қысас қолдану, қолданбау немесе құнын өтеу сынды) тиісті шараларды орындауға өкілеттік бердік. Ендеше қысас жасаған кезде, мұрагер шектен шықпауы керек.

Себебі оған онсызда тиісті қолдау көрсетілді». Осыны негізге ала отырып, ол заң тұрғысынан қол тигізбейтін өмірге хақылы [15].

Егер заңды термин моральдық құндылыққа негізделген болса, онда ол қорғалуы қажет өмірді бағалауда құнды мазмұнға ие болды. Ислам заңы адам ағзасының өлілері мен тірілерінің арасындағы айырмашылықты, ең алдымен, оның қартаюынан анықтаған жоқ. Әбу Даудтен жеткен хадисте–Пайғамбарымыз: «Өлген адамның сүйегін сындыру оны тірі кезінде сындырғанмен бірдей». Осыны айта отырып, ол өлгендердің денесі тірілердің денесі сияқты құрметке лайық екенін баса айтты. Осылайша, адам ағзасы қайталану сапасына байланысты заңды құндылық ретінде қабылданды. Бұл құрмет пен қадір-қасиет адам ағзасын бағытталуы мүмкін барлық әділетсіз әрекеттер мен теріс қылықтардан қорғайды. Адам ағзасының тірілері мен өлілері денеге құзырет беретін «мукәррәм» екендігімен қатар, Адамның өмірін сақтап қалу және шіріген денеге зиян келтіру туралы сөз болғанда, адам өмірін қорғаған жөн, бұл ең жоғары заңды құндылық болып саналады.

Өмірден өтіп екіқабат күйдегі бала тудыру жайында. Бұл тұрғыда заң ғалымдары өлген ананың денесін кесіп тірі баланы шығару мен қарын кесу арқылы белгілі бір құнды дүниені алу арасында құндылық талдау жасады. Сәйкесінше, өлген ананың құрсағынан тірі баланы алып қалуды және өлі өмірден тірі өмірді қорғауды бірінші кезекте қабылдап, ананың ішін жарып, баланы алып қалуға рұқсат берді. Екінші жағынан, мәйітті жарып, құндырақ дүниені алу мәселесіне келгенде, бұл мүліктің қадірлілігі жағынан басымдылық па, әлде өлі болса да, мәйіттің құндылығы туралы әртүрлі пікірлер айтқан. Материалды мүдде үшін адам денесінің қадір-қасиетін бұзуға болмайды. Алланың да, адамның да денедегі хақылары бір жерге біріктірілген. Ханафи фақиһтарының бірі Зайнуддин Ибн Нуджайм (қ.б.ж.1563) «әл-Ишбах уәл-Назаир» еңбегінде «Зиян зиянмен жойылмайды, ал жалпы зиянның алдын алу нақтырақ зиянмен алынады» деген ережені түсіндіреді, Ханафи мәзһабынды «сәбиді аман алу мақсатында жатырды ашуға болатынын, ал бағалы затқа айырбастау үшін өлген адамның ағзасын қолдануға болмайтынын айтып, ережесін бекітеді. Түйін, адамның қадір-қасиеті мал-мүлкінің абыройынан жоғары [16, 96-97 б.].

Фиқһ ғалымдарының осы бағалаулары негізінде, Адамның құрметті болуы оның тәнін қорғауға міндетті құқықтық құндылыққа айналдырды. Сондықтан адам өлі ме, тірі ме, мейлі ол адам денесін байлық ретінде қорғауға тұрарлық. Алайда, құқықтық құндылықтардың ішінде таңдау нүктесінде өмір сүру құқығы жоғарғы құқықтық құндылық ретінде белгіленіп, оны қорғау үшін құрметті деп саналатын денеге қол тигізуге рұқсат етілген. «Мукәррәм-хурмат» арасындағы бұл байланыс әсіресе ұрық өмірінің иммунитетінің басталуын анықтау туралы пікірталастарда бірінші орынға шыққаны байқалады. Осы себепті «өмір басындағы өмірді қорғау» деген тақырыппен ұрықтың өмірін қорғау туралы мукәррәм және құрмет ұғымдары аясында зерттеу болады.

2. *Табиғи қалып, Фитрат.* Генетика ғылымының жетістіктері адам түрінің өзгеріссіз сақталуы қажетін білдіретін ұғымдарды одан да маңыздырақ

етті. Бірінші тарауда айтылғандай, А. Гитлер дәуіріндегі «Неміс нәсілін тазарту жобасы» деп айтуға болатын «евгенизммен» бетпе-бет келу адамзатты түр ретінде қорғауды маңызды етті, сондықтан «евгенизм» ұғымын әкелді. «Адами қадір-қасиет» бірінші орынға қойылды. Адам қадір-қасиетінің қоғамға бағытталған және жеке тұлғаға бағытталған аспектілері бар екендігі айтылды. Адамның қоғамға деген қадір-қасиетінің аспектісі халықаралық декларацияларда адамзатты репродуктивті мақсатта клондаудан қорғаудың себебі ретінде көрсетілгені байқалады. Халықаралық ұйымдар эмбриондарға жүргізілген «клондау» зерттеулерін адам қадір-қасиетін қорғау тұрғысынан бағалап, декларацияларында анық білдірді. Бұл декларацияларда клондау арқылы адамның дербестігі мен бірегейлігін жоғалту мүмкіндігі адам қадір-қасиетіне жасалған шабуыл ретінде қабылданды. Мысалы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адамның жеке басын көбейту үшін клондауды қолдану адамның қадір-қасиетін құрметтеу және адамзаттың генетикалық материалының қауіпсіздігі сияқты кейбір негізгі принциптерді бұзады деп мәлімдеді. 2003 жылы 16 қазанда ЮНЕСКО Адам геномы және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларацияны қабылдады. Бұл декларацияда адамның көбею үшін клондау сияқты адамдық қадір-қасиетіне қайшы әрекеттерге жол берілмейтіні және адам қадір-қасиетіне қайшы келетін әрекеттерге тыйым салуда мемлекеттер мен құзырлы халықаралық ұйымдардың ынтымақтастығына шақырды [17].

Адамның қадір-қасиетіне сүйенудің себебі, әсіресе декларациялар арқылы репродуктивті мақсаттар үшін клондауға қарсы тұру, жаратылыстан туындайтын сипаттамаларды сақтау деп айтуға болады. Екінші жағынан, Ислам құқығы репродуктивті клондау кезінде Алланың адамдарға жүктеген жаратылысын қорғау жауапкершілігінен тыс әрекет етті. Осы себепті, репродуктивті мақсатта клондау Ислами биоэтикада бағаланғанда, адамның бірегейлігін сақтауға бағытталған «фитрат» сөзінің ерекше көзге түседі. Құранда айтылған фитрат сөзімен жаратылғанды сол қалпында қорғау мақсаты да жаратушы жаратқан тәртіпті бұзатын кез келген жұмысты қарады.

Фитрат сөзі «фатара» сөзінен шыққан, ол бөліну, бөліну арқылы шығу дегенді білдіреді. «Фитрат» сөзі Құран Кәрімде абсолютті жоқтық пен болмыстың пайда болуынан бөлек бөліну күйі болып табылатын алғашқы жаратылысты білдіру үшін қолданылған. Жоқтан болмыс жазықтығына көтерілген нәрсе-жер, аспан, адамдар және басқа да тіршілік иелері. «Фитрат» сөзі Рум сүресі 30-аятында кездеседі. Бұл аятта фитрат алғашқы жаратылыстағы таза болмысты білдіру үшін қолданылады. Өйткені Жаратушының адамды өзі қалағандай жарататынын және бұл жаратылысқа сырттан ешқандай кедергі жасалмайтынын білдіреді. Осы себепті адамның міндеті-жаратылған болмысты, оның ішінде өзін де оның жаратылған жолымен қорғау. Фитрат сөзіне осы тұрғыдан қараған кезде, бұл сөздің теологиялық негізі бар екендігімен қатар, этикалық көзқарасты да ашады деп айтуға болады.

Христиан дінінде католиктік және православиелік конфессиялар репродуктивті мақсатта клондауға қатысты «Құдайдың рөлін орындау» деген

көзқарасты айтты. Бұл олардың сенімге негізделген көзқарасы деп санауға болады. Католиктік және православиелік конфессияларға сәйкес адам болу – Құдайдың бейнесінде жаратылу деген сөз. Құдайдың бейнесі адамзаттың әртүрлілігінде көрінеді. Демек, клондау Құдайдың рөлін ойнау арқылы адамның осы бірегейлігін бұзуды білдіреді [18]. Тиісінше, католик шіркеуі 1987 жылы адам өмірін құрметтеу туралы нұсқаумен адамды клондауға тыйым салды.

Ислам тұрғысынан адамның позициясы анық анықталғандықтан, адам Жаратушының рөлін алуы мүмкін емес. Алла мен пенде арасындағы байланыс көбіне оның Раббысы алдында орындауы тиіс міндеттерге байланысты. Адамның ең маңызды міндеттерінің бірі – бүкіл жаратылыстарды, оның ішінде өзін Раббысы жаратқандай қорғау, қысқасы, табиғатын қорғау. Осы тұрғыдан алғанда табиғат сөзінің адамдық қадір-қасиет ұғымымен салыстырғанда барлық жаратылысты қорғауға бағытталған мазмұны бар. Осы себепті халықаралық декларациялар «фитра» сөзіне сүйенетін болса, адамның ғана емес, жануарлар мен өсімдіктердің де генетикалық кодына қол сұғудың алдын алуға болады деп айтуға болады.

3. *Мағсумиәтуд-Дәм* Фикһ кітаптарында құқықтық қорғауға енгізілген өмірді білдіру үшін «Мағсумиәтуд-Дәм» ұғымы қолданылады. Онда кінәлі, кінәлі емес мұсылманды, зимми (Ислам мемлекетінің қарамағындағы және салық төлейтін христиандар мен еврейлер) және әмән (Халықаралық құқықта жауға оның қауіпсіз екендігі туралы уәде немесе белгі) берілген адамды анықтайды [19, 165 б.]. Бұл тұрғыда адам құқықтары қарастырылады. Өйткені заң тұрғысынан жауапкершілік туындауы үшін елді мекеннің заңы бойынша қол тигізбейтінін мойындау керек. Осы себепті Ислам құқығы мұсылмандарға қарсы соғысып жатқан соғысты заңмен қорғалатын аумақ ретінде қарастырмайды, сондықтан оған келтірілген зиян үшін жауапты емес.

Дегенмен, фикһ ғалымдарының басым пікірі – әртүрлі нанымдағы адамдар арасында қан мен мүшелерді трансплантациялауға рұқсат еткен. Бұл рұқсат үкімі былайша баяндалған: «Кімде-кім біреудің өмірін (жанын сақтап қалу арқылы) құтқарса, ол барлық адамдарды құтқарғанмен бірдей». Мәида 32-аятқа сүйенген [15]. Аяттағы адам анықтамасының барлық адамдарға қатысты екендігіне сүйене отырып, адам өмірін сақтауда айырмашылық болмауы керек деген қорытындыға келді. Бұл көзқарасқа «ихсан» сөзімен этикалық негіздеме берілген деп те айтуға болады. Ихсан «адамның басқа адамдарға, әсіресе анасы мен әкесіне деген риясыз қарым-қатынасын жомарттық қасиетінен туындайтын түсінігін білдіреді». Мейірімді Раббының барлық адамдарға жомарттық танытуды бұйырғанына сүйене отырып, мұсылмандар мұсылман еместерге ағзаларын бере алады деген қорытындыға келді [20].

Ихсан сөзінің бұл жағын биоэтикалық дилеммаларға Исламның этикалық көзқарасын ашу тұрғысынан маңызды деп санаған жөн. Исламның этикалық көзқарасы ізгілік этикасына жақын екендігі айтылды. Егер ихсан сөзінің мазмұнына енген барлық адамдарға адал әрекет ету ізгілікті мінез-құлықты ажырату шарасын ұсынатыны қабылданса, Исламның бүкіл адамзатқа деген

көзқарасындағы жалпы этикалық көзқарасын «ихсан» сөзімен қорытындылауға болады.

1. Биоэтиканың ең үлкен принципі – «зиян келтірмеу». Бұл этикалық принцип Гиппократ антына негізделген [12, 26 б.]. Биоэтикадағы принциптердің ең ерте қабылданғаны. Бұл медицинада ең маңыздысы деп танылған. Шарифатта «зиян беруге де, зиянға зиянмен жауап беруге де болмайды». «Лә дәрор уә лә дирор» қағидасымен анықталады [1, 160 б.]. Медициналық этикада барлық адамдарға пайда әкелу міндетінен айырмашылығы, басынан бастап зиян келтірмеу қағидасы міндетті болып саналды. Ол зиян келтірмеу үшін пайдалы болу принципінен бөлек және пайдадан басым принцип ретінде анықталды. Дәрігердің тарапынан қарастырсақ, 1) Әрекетсіздік себебінен туындаған зиян, науқас адам көмекке мұқтаж болғанда көмегін тигізбеу; 2) Немқұрайлықтан және кері ниеті әсерінен туындаған зарар, пайдакүнемдік мақсатында тигізген зиян; 3) Білімсіздік, сауатсыздық себебімен болған зарар; Жалпы бұл зиян түрлерін әртүрлі қарастырамыз. Бірінші жағдайда, қызметкер құқық бұзушылық, заңды актілермен бекітілген қызметтік міндеттерін орындамау бабымен қарастырамыз. Бұл жағдай құқықтық жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бірінші тарауы, 99-бабы аясында жауапкершілікке тартылады. Мәселен, дәрігер немесе медбике науқасқа қатысты міндетін орындауға міндеттелген қызметін орындамады. Осылайша ол, міндетін орындамағаны үшін, әрі сол әрекетсіздігінен туындаған зардаптарға кінәлі ретінде қарастырылады. Бірақ дәрігердің көмек көрсетпеу себебі, басқа науқаспен жұмыс жасауы немесе өз қызметін орындайтын уақытынан өзге уақытта болса жауапкершіліктен алынып тасталуы мүмкін. Зиянның екінші түрі немқұрайлықтан, жаман ниетінен, жауапсыз орындаудан яки, қызметкердің өзінің төл міндеттерін, науқасқа орындағысы келмесе, ерінсе немесе әдейі зиян келтіруді көздесе құқықтық нормамен жауапқа тартылады. Келесі түрі білімсіздік себебі– бұл жағдай келтірілген зиянға қарай шешіледі. Бұл себеп дәрігерді өз лауазымына лайықты немесе лайықты емес деп танылуымен қарастырылады [2, 38 б.].

Бір дертке шалдыққан адамды емдеу үшін кей жағдайда келесі бір тарап зиянға ұшырайды. Осындай үрдіс кең етек алмауы үшін зиянды алдын алу әрекеті іске асырылады. Бірақ бүгінгі күні медицинада ем болуы үшін зиян келтіру қаупі көп кездеседі. Пайда мен зиян соқтығысқан кезде үлкен пайда жоғары саналады, яғни зиянға ұшырамас үшін жеңіл зиян таңдалады [3, 35 б.]. Бүгінгі күні бұл тәжірибе биоэтикада қосарланған әрекет доктринасымен түсіндіріледі. Пайдалы болу үшін, осы доктринаға сәйкес, кейде зиян сөзсіз болар еді, содан кейін пайда алу үшін зиян келтіруді қаулыны бұзу ретінде қарастыруға болмайды. [4]

2. Пайдалы болу принципі (Утилитаризм) – бұл Гиппократ антынан бастау алатын дәрігерлерге міндеттелген биоэтикалық міндет [2, 40 б.]. Хадисте келгендей «Хойрун нәси әнфағу линнәс» адамдардың ең жақсысы адамдарға пайдалы болғаны. Бұл принциптің негізінде дәрігердің өзіне қауіп төндірместен пайдалы болуға деген ұмтылысы. Пайдалы болу принципі зиян келтірмеу

принципінен гөрі көп нәрсені қажет етеді. Өйткені дәрігер науқасқа өз білімімен пайда әкелетіні, науқастың дәрігерден жақсы нәтиже күтуі. Осылайша, дәстүрлі медициналық практикада артықшылықтарға негізделген патерналистік түсінік басым болды. Бұл түсініктің бұрын айтылған кемшіліктерге байланысты дәрігер науқасқа бүгінгі күнге дейін пайдалы екендігі науқас хабарландырылған келісімге негізделген. Нәтижесінде, артықшылықтарға негізделген медициналық кәсіпті патерналистік түсіну автономияны түсінуге жол берді деп айтуға болады [5].

3. *Автономия принципі.* Тұлғаның өз шешімін құрметтеу яғни, «өзін-өзі анықтаудан, басшылықтан, басқарудан тұратын және қысым мен мәжбүрлеудің барлық түрлерінен тәуелсіз анықталатын адам жағдайы; адамның өзін-өзі анықтау қабілеті ретінде анықталады [6]. Қысқаша айтқанда, автономия немесе ерік-жігер контекстінде «өз шешіміңді өзің қабылда» принципі. Бұл принципке дейін медициналық тәжірибені анықтайтын принцип утилитаризм принципі болды. Жоғарыда айтылғандай, утилитаризм дәрігерді науқасқа пайда әкелуге міндеттейтін принцип болды, бұл Гиппократ антында көрініс тапты. Бірақ біртұтас мәдениет үстемдік ететін қоғамдардан көпмәдениетті қоғамдарға көшу арқылы жақсылық, әділдік және адамгершілікке қатысты ұстанымның жоғалуы адамдардың моральдық құндылықтарына сәйкес таңдау жасау қажеттілігін арттырды. Бұл тұрғыда адам өзінің жеке өмірін құрметтеуге, еркін таңдауға және өз таңдауы үшін жауапкершілікті алуға ұмтылады. Осылайша, автономия адамның денсаулығына қатысты медициналық тәжірибеде дауыс беру құқығына ие болу деген биоэтиканың негізгі принципіне айналды [2, 43-44 б.].

Тұлғаның автономиясын құрметтеу принципі саналы келісімге негізделген. Ілгеріде айтылғандай, тұжырымдама алғаш рет 1964 жылы Нюрнберг халықаралық трибуналында баяндалған. Бұл келісім адамға өзінің ерік-жігерін пайдалануға еркіндік береді. Келісім алудың себебі-адамның қадір-қасиетін қорғау. Осылайша, науқастың өз шешімі туралы саналы келісімде адамның қадір-қасиеті сақталады. Бұл тұрғыда ерік-жігер саналы келісім әкеледі және ол арқылы адамның қадір-қасиетін қорғауға бағытталған деп айтуға болады.

Адамның қадір-қасиетін (ішкі қадір-қасиеті мен абыройы) оның өз еркіне байланыстыру – қазіргі заман әкелген адам құқығы. Адамның қадір-қасиеті мен өз шешімін біріктіріп, биоэтика теориясының қағидасы еткен Кант болды. Канттың ойынша, барлық адамдардың ақыл-ойымен қол жеткізе алатын әмбебап қағидаларға сәйкес өз еркімен әрекет ету міндеті адамды тәуелсіз тіршілік иесі етеді. Демек, Кант түсіндірмесінде адамның өз шешімі – аса маңызды. Ол өз-өзіне қол жұмсауды (эвтаназия) ақылға қонымды әмбебап қағидаларға қайшы деп санайды [7, 50 б.].

Сонымен қатар, барлық адамдар өздерінің намыс сияқты құндылықтарын қорғауға құқылы. Канттың адамның қадір-қасиетіне берген бұл мағынасы Адам құқықтары контекстінде көрініс тапты және халықаралық шарттарда бекітілді [8, 8-10 б.].

Утилитаризмді жақтаған Миллдің (1806-1873) көзқарасы бойынша автономды ұстаным – бұл адамның шешімі. Миллдің көзқарасында, адам өзінің іс-әрекеті мен санасында еркіндік болған кезде оның ойы жүзеге асады. Осы әрекеттердің арасындағы дұрысы ең үлкен пайдаға бағытталған нәрсе. Демек, адам өзінің дербес ақылын, ерік-жігерін пайдалана алмаса, қоғамның оның мүддесі үшін шешім қабылдауы оның ар-намысын қорғауды білдіреді.

1978 жылы Белмонттың АҚШ-та жарияланған есебі автономияны құрметтеуді медициналық этика принципіне айналдырғаны ілгеріде айтылған. Науқастың өз шешімін құрметтеу принципі АҚШ-тағы даралықтың алдыңғы қатарына шығатын тағы үш принцип үшін жетекші қағидаға айналғаны анық болады. Белмонт баяндамасы Тускеги экспериментін, адамзатқа жасалатын сынамаларды қатаң айыптап, осы жөнінде АҚШ-та федералды дәрежеде қабылданған қаулы. Англо-саксондық құқықтық жүйе басым Америкада бұл принцип сот шешімдеріне әсер етеді. Мысалы, АҚШ Жоғарғы Соты ондай жағдайға қарсы іс бойынша шешім шығарды. Уэйд деген атпен белгілі болған жағдайда, ол алғашқы үш айда түсік жасатуға қатысты шешімді қолдау туралы шешім қабылдады, әйел адамды өз таңдауымен жалғыз қалдырды. Өйткені адам өз шешімін құрметтеу негізінде соттан өз өмірі мен денесіне қатысты таңдау құқығын талап етеді; Соттарда осы талаптарды қолдайтын шешімдер қабылдай отырып, олар өз денелеріне қатысты өз құқық шекараларын кеңейте алады.

Автономияны құрметтеу принципінің АҚШ-тағы құқықтық процеске әсер ету үшін жеткілікті маңызды болуының себебін АҚШ-тың әлеуметтік құрылымында табуға болады. Көпмәдениетті құрылымы бар және осы құрылымды ұстап тұру үшін даралық бірінші орынға қойылған. АҚШ-та автономияны құрметтеу принципі осы даралық үшін көмекші рөл атқаратын секілді, өйткені көпмәдениетті қоғамдарда автономияны құрметтеу принципі әркімнің өзінің моральдық құндылықтарына сәйкес өмір сүруінің кепілі саналады. Осыған байланысты мысал ретінде Ехоба куәгерлерін келтіруге болады. Ехоба Куәгерлері қан мен тіндерді құюды өздерінің діни сенімдерінің талабы ретінде қабылдамайды. Автономияны құрметтеу принципіне сүйене отырып, бұл адамдар қан құюдан бас тартса, бұл таңдауды құрметтеуі керек. Осылайша, бұл принцип көп мәдениетті қоғамдарда олардың сенімдеріне негізделген әртүрлі көзқарастары бар адамдардың өз қалауына сәйкес өмір сүруінің кепілі ретінде қабылданады [9, 307-312 б.].

Екінші жағынан, мәдени және діни дәстүрлер басым болатын Шығыс қоғамдарында, даралық бірінші орынға шығатын Батыс қоғамынан айырмашылығы, отбасының немесе қоғамның автономиясы жеке тұлғаның автономиясына қарағанда маңыздырақ болып көрінеді. Батыста даралық пен ұтымдылық биоэтикаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау процесінің алдыңғы қатарында; Африка мен Азияда оның жалпы әл-ауқаты ескеріледі. Шығыс қоғамының осы бағытына байланысты автономия принципі әлеуметтік принципімен ауыстырылды. Әлеуметтік принципі адамды қоғамның

бір бөлігі ретінде қарастырады. Осы қағидаға сәйкес, адам қоғамның бір бөлігі ретінде құнды және ол қорғалуы керек [11, 32 б.].

Мысалы, Африка мен Азияда қоғамда болу тұлға ретінде өмір сүруден гөрі көп кездеседі. Демек, адамның келісімінен гөрі қоғамды басқаратын көшбасшының, қоғамның немесе оның отбасының өкілі ретінде қоғамдағы ең үлкен адамның келісімі қолданылады. Африкада емделуші өз шешімдерін қабылдай алса да, отбасы бұл шешімдерге араласуы мүмкін. Отбасы тіпті науқастың оның ауруы туралы шындықты айтуға мүмкіндік бермейтін кездері де белгілі. Осылайша, Шығыс қоғамдарында автономия принципі аса маңызды емес, өйткені науқасқа ауру туралы нақты ақпарат берілмейді. Әлеуметтік қағидасын қолдануға мысал келтіретін тағы бір назар аударарлық ел-Қытай. Қытайда отбасылық шешімдер жеке шешімдерден басым болады. Себебі, конфуцийшілдік, Қытайдағы басым діни дәстүр, отбасының тұтастығына үлкен мән береді. Сондықтан адам отбасымен бірге шешім қабылдауы керек [12, 67-75 б.].

Көріп отырғаныңыздай, Шығыс қоғамдарында діни дәстүрлер маңызды рөл атқарады. Діни дәстүрлерінен алшақтамайтын қоғамдар биоэтикалық мәселелерді өздерінің діни сенімдеріне сәйкес шешеді. Екінші жағынан, зайырлы құрылым басым қоғамдарда автономия принципі медициналық практикада үлкен басымдыққа ие, өйткені адамның өзіндік саналы шешімі маңызды. Бірақ жақында батыстағы моральдық философтар мен әлеуметтанушылар орган трансплантациясын күтетіндердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеумет немесе (*социалис*) принципін талқылай бастады. Социалис принципі жеке адам қоғамның бір бөлігі болып табылады және жеке адамнан қоғам атынан өзін құрбан етуді талап етеді деген мағынада әрекет етеді. Осылайша, өзара келісім бойынша органдарды гипотетикалық жолмен алуға жол ашу көзделеді. Мидың өлімі болған денеден, қоғамның біз оның бір бөлігі екенімізді қабылдауы негізінде. Екінші бөлімде айтылғандай, кейбір елдер социалис принципіне сүйене отырып, өзара келісім бойынша органдарды гипотетикалық сатып алуды заңдастырды. Бұл принципті талқылау автономия әрбір этикалық мәселені шешу үшін қолданылатын әмбебап принцип емес екенін көрсетеді [13, 32 б.].

4. *Әділеттілік.* Медициналық практиканың әділеттілік шеңберінде жүзеге асырылуын талап ету биоэтика тұрғысынан әділеттілік принципін маңызды етті. Атап айтқанда, науқасты емдеудегі ресурстардың шектеулілігі пациенттер арасында ресурстарды әділ бөлуге қалай қол жеткізуге болатындығы туралы даулы мәселе тудырды. Бұл мемлекеттердің барлық азаматтары арасында қолда бар медициналық ресурстарды біркелкі бөлуге байланысты денсаулық сақтау саясатын әзірлеу қажеттілігіне әкелді. Бұл тұрғыда денсаулыққа құқық адам құқықтары шеңберінде анықталады және өз азаматтарына медициналық қызмет көрсету мемлекеттің міндетіне айналды. Медициналық штат әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл әлеуметтік мемлекет болу үшін қажет. Мемлекет денсаулық сақтау құқығын әлеуметтік құқық ретінде қабылдайды. Осы міндеттемелерге сәйкес

мемлекеттер өздерінің барлық азаматтары арасында шектеулі ресурстарды тең бөлу саясатын дайындауы керек [14, 86 б.]. Нахыл сүресі, 90 аятта «Иннә Аллаһа иәмуру бильғадли уәл ихсәни уәл иитәи зильқурбо уә иәнһә ғаниль фәхшәи уәл мункәри уәл бәғи уә яғизукум ләғәлләкум тәзәккәрун» Негізінде Алла әділетті болуды, Алланы көріп тұрғандай, ең болмаса Алланың өздерін үнемі көріп, бақылап тұратынын жадында ұстап игі істер істеуді және туған-туысқа қол ұшын беріп қарайласуды бұйырады. Игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады [15].

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Абдулкарим З. «әл Уаджиз фи шархи қауағиди фикһия». – Бейрут, 2001. – 232 б.
- 2 Бек Ж. Исламдағы биоэтика мәселесі: монография / А.С.Қабылова. – Астана: Мастер по ЖШС, 2016. – 218 б.
- 3 Медицина и права человека. Нормы и правила международного права, этики, католической, протестантской, иудейской, мусульманской и буддийской религиозной морали. Совет Европы. Европейский Секретариат по научным изданиям. – М.: «Прогресс», «Прогресс-Интер», 1992.
- 4 Мухаммед Нуруддин Әл Макки. Әдилләт ә-тахрим нақлу әл-ағда әл-әдәмия. – Каир, 1995. – 35-77 б.
- 5 Thomas A. Shannon, an Introduction to Bioethics, Paulist Press, New York, 1997, 25.
- 6 Tom L. Beauchamp. The ‘Four Principles’ Approach», Principles of Health Care Ethics, edit. Raanan Gillon, John Wiley & Sons, New York, 2007, 5.
- 7 Ahmet Cevizci, Felsefe Terimleri Sözlüğü, Pradigma yay. – İstanbul, 2003, 310-311.
- 8 «Öyle davran ki, insanlık hem senin hem de bir başkasının kişiliğinde her zaman bir amaç olsun, hiçbir zaman araç olmasın» İmmanuel Kant, Yaşamın Anlamı, Birey Yay., İstanbul, 2004, 50.
- 9 Ülker Öktem, «Kant Ahlakı», Araştırma Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Felsefe Bölümü Dergisi, 2007, XVIII, 1-10; Nihat Bulut, «Eski Yunan’dan Aydınlanma Çağına İnsan Onuru Kavramının Gelişimine Genel Bir Bakış» Erzincan Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi, 2008, XII/3–4, 8-10.
- 10 Gillon R. «Ethics Needs Principles-Four can Encompass The Rest-and Respect for Autonomy should be «First among Equals», Journal of Medical Ethics, 2003, Vol.29, 307–312.
- 11 Amitai Etzioni, On a Communitarian Approach to Bioethics», Theoretical Medicine and Bioethics, 2011, S.32. – s.363-374.
- 12 Cletus T. Andoh, «Bioethics and the Challenges to Its Growth in Africa», Open Journal of Philosophy, 2011, Vol.1, No.2, 67-75.
- 13 Julia Milton. Communitarian Bioethics: Preface. Theoretical Medicine and Bioethics, 2011, S. 32, 285-287.

14 Ибрахим Шахбаз, Bir Sosyal Hak Olarak Sağlık Hakkı, Türkiye Barolar Birliği Dergisi, 2009, S. 86, 405-423.

15 Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. А.Б. Әкімханов, Н.С. Анарбаев. – Алматы: Көкжиек баспасы, 2021. – 624 б.

16 Зейнуддин Зейн Ибрахим ибн Мухаммад Мысри Ханафи ибн Нуджайм, «Әл Ишбах уән Назаир». Дарул Фикр. – Дамаск, 1983. – 96-97 б.

17 <http://www.unesco.org>, (05.07.2011).

18 Cloning Human Beings Religious Perspectives on Human Cloning», Commissioned Paper by Courtney S. Campbell, Ph.D. Oregon State University, <http://bioethics.georgetown.edu/nbac/pubs/cloning2/cc4.pdf>, s.D-6-D-20.

19 Айдын Танери. Түрік тарихындағы Иман». Анкара университеті Тарих-география факультеті. Тарих бөлімі, 2017. – 165 б.

20 Әбу Зәкәрия Мухиддин Яхья ибн Шариф Науауи. Раудату талибин. Тахқиқ Адил Ахмад Абульмажид, Али Мухаммад Муавваз, Даруль кутубиль ғильмия. – Бейрут 1992, II, 550-551.

ҒТАМР 03.20

ЕРМҰХАН БЕКМАХАНҰЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХ МАЙДАНЫ

Ш.Ж. Әбушахима

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Ғ.Х. Халидуллин

Ғылыми жетекші, т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада кеңестік кезеңдегі қазақ тарихының кей мәселелері мен тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханұлының ұстанымдары мен көзқарасының қазақ тарихының жаңа беттерінің жазылуына әсері айқындалған.

Түйін сөздер: антирусстік, ұлт-азаттық, автократия, қазақ тарихы, саяси зиянды.

Ермұхан Бекмаханов – Қазақстандағы және Орта Азиядағы алғашқы тарих ғылымдарының докторы (1948), Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1962), «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясының, «Қазақстанның Ресейге қосылуы», «ХІХ ғасырдағы Қазақстан тарихынан очерктер», 7-8 және 9-10 сыныптарға арналған алғашқы «Қазақ ССР тарихы» оқулықтарының авторы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті) тарих кафедрасының негізін салушы.

Кеңес Одағы мен Германия арасындағы соғыс жылдарында Мәскеуден Анна Михайловна Панкратова бастаған КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелері Алматы қаласына эвакуацияланды. Оның ішіне он жоғары білікті зерттеуші-мамандар кірді: КСРО тарихының бес маманы (Д.А.Баевский, М.П. Вяткин, Я.Я. Зутис, Н.М. Дружинин, А.П.Кучкин) және жалпы тарихтың бес маманы (Р.А. Авербух, С.И. Ленчнер, А.Ф. Миллер, Ф.И.Нотович, Ф.В. Потемкин). Бұған дейін КСРО тарихын зерттеумен айналысқан олардың бесеуі жергілікті ғалымдармен бірге «Қазақ КСР тарихын» – республиканың халық комиссариаты жоспарында бұрыннан бар оқулықты дайындауға ниет білдірді.

«Панкратова «Қазақ республикасының тарихы» дайындалып жатқаны туралы хабарды есітіп, жергілікті және эвакуацияланған тарихшылардан топ құрып бірлесіп Қазақ КСР тарихын жазу жайлы жаңа ұсыныс жасады. Ұсыныс қабылданып, Москва, Харьков және жергілікті ғалымдар мен жергілікті басқару орталығының өкілдері қатысқан бірнеше басқосулар болды. Авторлық ұжымды А.М. Панкратова (ол Москваға шақырылған кезде А.П. Кучкин) басқарды,

Д.А.Баевский, А.П. Кучкин, Б.Д. Греков (Ленинград), Н.М. Дружинин, А.Н.Бернштам, А.Ф. Якунин, С.М. Мұқанов, Г.М. Мүсірепов, М.О. Әуезов, Б.Кенжебаев, Я.Я. Зутис, А.Ф. Миллер, Е.С. Исмаилов, С.Л. Фукс, Н.Т.Тимофеев, С.Н. Покровский, М.П. Вяткин, С.В. Юшков, А.Я. Лурье, Е.Бекмахановтар болды [1, 83 б.].

Аталған ғалым-тарихшылар тобы «Қазақ КСР тарихын» жазуға кірісті. Бұл кеңестік тарих ғылымында ежелгі дәуірден бастап Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарына дейінгі одақтас республиканың ауқымында тарихты жалпылаудың алғашқы тәжірибесі болды [2, 108 б.]. Бұл еңбектің сұлтан Кенесары Қасымұлының басшылығымен 1837-1847(48) жылдар аралығындағы қазақтардың патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы туралы тарау жазу 26 жастағы үйлестіруші (координатор), Воронеж пединститутының тарих факультетінің түлегі Ермұхан Бекмахановқа сеніп тапсырылды [3, 79 б.]. Осы еңбекті жазушы ғалым-академиктердің өз халқының өмірі мен мәдениетімен мүмкіндігінше жақын танысуы үшін бәрін жасаған Е.Бекмахановқа бұл тарауды жазу үлкен жауапкершілік болды және осы мақсатта ол аянбастан бұрмаланған Қазақ тарихының жаңа беттерін ашуға тырысты.

Мәскеуде тарих институтының бір топ қызметкері қалғандықтан, Панкратова Алматыдан КСРО астанасына қайта шақырылып, ол Қазақстандағы топ басшылығын Андрей Павлович Кучкинге тапсырды. Кітап бойынша жұмыс бір жыл бойы жалғасты. Авторлық топ мүшелерінің жұмыс жасау жағдайы жөнінде Н.М. Дружинин өз естеліктерінде «берілген зерттеу жұмысы біздің көбіміз үшін таңсық еді. Арамыздағы бірден-бір және Қазақ КСР тарихы бойынша маман ленинградтық Михаил Порфирьевич Вяткин ғана болатын... Жұмысты белсенді жүргізу үшін біздерге қалалық кітапханадан арнайы зал жабдықталды, бәрімізге асханадан тегін тамақтануға, Қазақ мемлекеттік мұрағатының материалдарын пайдалануға рұқсат берілді..., көпшілігімізге жаңа, кең тұрғын жайлар берілді. Біз қажетті әдебиеттермен толық танысып, жергілікті музейлерге де бардық. Қалалық театр қойған қазақ опера музыкасын тыңдап, халықтың тұрмысын, ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін аңғаруға тырыстық» деп еске алады [4]. Естелікте айтылғандай, М.П. Вяткин «Қазақ КСР тарихын» жазуға кіріспес бұрында қазақ тарихымен көлемді түрде таныс еді, ол кісінің қазақ тарихына байланысты 1941 жылы «Госполитиздат» баспасынан шыққан «Қазақ КСР тарихының очерктері» деп аталатын еңбегі де бар еді.

«Қазақ КСР тарихын» жазуда авторлық ұжым арасында бірнеше рет ұлттық қозғалыстардың прогрессивтілік дәрежесін бағалау мәселесіне байланысты көптеген келіспеушіліктер орын алды. Себебі, патшалық Ресейге қарсы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыстары жеткілікті түрде зерттеліп, оларға тиісті баға берілді ме деген сұрақ ғалым-тарихшылардың көкейінде қалды. Н.М. Дружинин естелігіне сүйенсек: «Қазақ КСР тарихының» материалдары мен дайындалған мәтіндері талқыланған кезде авторлар көзқарасы екіге жарылды: бірі – патшалықтың отарлық саясатын баса көрсетсе, екіншілері –

қазақ халқының Ресейге қосылуының оң тұстары көп деп есептеді. Ақыры аяғында, қызу таласқа мұрындық болған Кенесары Қасымұлы көтерілісі тарауының авторы Е. Бекмахановқа бұл тақырыпты қайта қарап шығу тапсырылды. Ендігі кезекте Бекмаханов ұстанымы екі жақтың ортасында қалды» [5].

Мәскеуге сапарынан соң Панкратова Алматыға оралып, республиканың басшы партия қызметкері Мұхамеджан Әбдіқалықовпен бірге кітапты редакциялады. Республикалық органдар Панкратованың қызметін жоғары бағалап, оған Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері атағын берді. 1943 жылдың жазында топ Алматыдан Мәскеуге оралғанда, оларда жаңа ғана жарық көрген «Қазақ КСР тарихының ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі» еңбегінің бірнеше даналары болды. Бұл кеңес ғалымдарының Кеңес Одағының құрамына кіретін жекелеген республиканың тұтас және ғылыми негізделген тарихын зерттеуге, жазуға бағытталған алғашқы әрекеті болды. Мәскеуде сарапшылардың бір тобы кітапты толыққандылығымен және жеткіліктілігімен мақұлдаса да, басқалары Қазақстанның ұлттық өткеніне көзқарас жеткіліксіз екенін анықтады. Панкратова бастаған авторлар тобы көптеген сындарды ескеріп, екінші басылымда мәтінді ішінара қайта қарауға мәжбүр болды [2, 109-110 б.].

Бастапқыда КСРО-да алғаш рет ұлттық республика тарихы ретінде жазылған еңбектеріне разы болған «Қазақ КСР тарихын» жазушылар тобы бұл керемет бастаманы Сталиндік сыйлыққа ұсыну туралы шешім қабылдаса да, бұл еңбек Сталиндік жоғары наградаға ие болмады. Ғылымда өз жолын енді ғана бастаған Ермұхан Бекмаханов болса, Кенесары қозғалысы туралы өзі жазған тарауды жеке монографиялық зерттеуге әзірледі және оның негізінде КСРО Ғылым Академиясының Тарих институтында кандидаттық диссертация қорғады.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Әдебиет және өнер саласындағы Сталиндік сыйлықтар комитетінің екінші отырысында профессорлардың бірі кітапты («Қазақ КСР тарихы») патша билігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысты идеализациялаған еңбек деп танып, «антирусстік» деп бағалады [3, 80 б.]. Бұл кезеңде комитеттің кейбір мүшелері орыс автократиясына қарсы сөйлеуді орыс халқына қарсы күрес емес екенін түсінбесе керек. Сол кезеңдегі теңдікті жақтайтын кеңес саясатына да, логикаға сай келмейтін бұл идеологиялық қысым тек Қазақстанды ғана емес, өз халықтарының тарихын жазуға кіріскен грузин, әзірбайжан, башқұрт ғалым-тарихшыларын да айналып өтпей қоймады, КСРО-дағы азшылық ұлт өкілдерінің ғалымдарына «антирусстік» деп аталатын айыптаулар тағылуын тоқтатпады. Тоқтаусыз айыптаулар мен сынға алулар өз жалғасын таба бергендігі себепті, Республика Компартиясының Орталық Комитеті кітаптың жаңа редакциясы туралы шешім қабылдады. Ал он төртінші тараудың авторы Е.Бекмаханов, қоғамдық және баспасөз беттерінде айыптау объектісіне айналды.

Тарихи және мұрағаттық мәліметтер мен жиналған материалдарға толы Ермұхан Бекмаханов өзі көтерген тақырыпты жылы жауып қоя салмай, дамытуға кіріседі. Тағылатын айыптауларды біле тұра алған бетінен қайтпаған батыр-ғалым патша үкіметі мен кеңестік Ресейдің екіжүзділігінің парша-паршасын шығарған зерттеу жұмысына «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты диссертациялық атау беріп, оны 1946 жылы Мәскеуде керемет қорғайды. Сөйтіп, ол республикамызда да, бүкіл Орта Азияда да тарих ғылымдарының алғашқы докторы атанды, соның арқасында жаңадан ашылған Қазақ КСР Ғылым академиясының жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары болып тағайындалады.

Е.Бекмаханов өз кезінде қазақтардың Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын ұлттық мүдде тұрғысында жазды. Онда пайдаланылған мұрағат материалдарын ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізген ғалым ретінде тарих ғылымында алатын орны ерекше болып отыр. Сондай-ақ сол кезеңде көпшілік қауымның көңіл бөлмей келген қазақтың фольклорлық деректерінде шебер пайдаланды [6].

Дегенмен, «Қазақ КСР тарихы» еңбегіне тағылған сын «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясының жарық көруімен күшейе түсті. Панкратова, Греков, Дружинин, Вахрушин, Вяткин, Кучкин сынды тарихшы-ғалымдардың берген дәлелді, айқын бағасы да 1948 жылғы БКП (б) ОК мүшелерімен болған диспутта өз көмегін тигізе алмады. 1946 жылғы партия қаулысынан басталған партиялық қаулылар тізбегі зиялы қауымға қарсы саяси қуғын-сүргінің жаңа толқынын ашты. Ал 1950 жылдың желтоқсанында «Правда» газетінде Тілеуқажы Шойынбаев, Хадиша Айдарова және Александр Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін марксистік тұрғыдан жариялағаны үшін» мақаласының пайда болуымен және Шойынбаевтың «Кенесары Қасымұлының реакциялық феодалдық-монархиялық қозғалысын жариялаудағы ұлтшылдық бұрмалауларға қарсы» брошюрасының шығарылуымен оларды «зерттеудің» бүкіл Республикалық науқаны басталды. Қарап тұрсақ, айыптаулар ешқандай дәлел-дәйексіз тағылды, айыптаушылардың «ұлтшыл», «антирусстік» деген жаттанды фразаларымен ғана жалғасын таба берді. Мұның шыңы академиялық Институт қабырғасындағы бескүндік дискуссияға ұласты.

Дискуссияға қатысушылар бірнеше топқа бөлінді. Қарсы топтағылар Бекмахановтың тұжырымдамалық ережелеріне үзілді-кесілді қарсы шығып, өз сөздерін жедел қорытындылады: «Бекмахановтың кітабы өзінің мазмұны бойынша ғылыми тұрғыдан дәрменсіз, буржуазиялық ұлтшыл, саясаттан тыс болып шықты. Сондықтан оны дереу пайдаланудан алып тастау керек» (Т.Ж.Шойынбаев). «Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» еңбегі ғылыми тұрғыдан шатасқан және саяси тұрғыдан зиянды» (С.Е.Толыбеков), «Жолдастар Шойынбаев пен Толыбеков берген баға өте дұрыс. Мәскеуде Бекмахановты қорғаған жолдастар оның ұлтшылдық көзқарастарына рұқсат беруде» (М.В. Жизневский), «Бекмаханов буржуазиялық тарихшылардың, патша шенеуніктерінің материалдарына, сарай ақындарының шығармалары (фольклорлық дереккөздер) және Алаш-Орда көшбасшыларының

шығармаларына (М. Тынышбайұлы, Х. Досмұхамедұлы және т.б. тарихи ізденістеріне) сүйенеді» (М.Б. Аманжолов) – деп, қысылтаяң шақта ұлт мүддесін ойлаған арыстанға өз қорқауларымыз тап берді. Қатысушылардың екінші тобы (И.У. Будовниц, А.М. Жиреншин, Е.Д. Дильмухамедов), керісінше, кітапты кемшіліксіз мақтады. Ал үшіншісі (А.Н. Нүсіпбеков, Т.Е. Елеуов, Х.М.Әділгереев, Б. Аспандияров, Т.А. Күлтелеев және басқалар) Е. Бекмаханов монографиясына аналитикалық көзқараспен ерекшеленді [3, 81 б.].

Мұндай айыптаулар жалғасқан отырыстар, дискуссиялар, жиналыс-талқылаулардың соңы ғалымды 1951 жылы маусымда университеттегі жұмысынан және партия қатарынан шығарса, істің ақыры РКФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабы бойынша «халық жауы» деп жазықсыз айыпталып, 25 жылға сотталды. Бірақ, Анна Михайловна Панкратова сынды және басқа да мәскеулік ғалымдардың араласуымен 2 жылдық абақтыдан соң кінәсіз деп танылып, босатылып шықты.

Ғалымның ғылыми еңбектерінде 1951 жылғы 9-шы тамыздағы ГЛАВЛИТ (Әдебиет және баспа ісі жөніндегі бас басқарманың) Қазақстан КП ОК-не жолданған «Е.Бекмахановтың «саяси зиянды болып табылатын» төмендегі баспа басылымдарын қоғамдық пайдалану кітапханалары мен кітап сауда желісінің кітап қорынан алу қажеттілігі туралы» анықтамасымен Бекмахановтың ғылыми еңбектері сөрелерден алынып тасталды [7].

Үкімет тарапынан келген қысымнан өзіне ғана емес отбасына да зиян тиерін сезген Е. Бекмаханов өзі ең алғаш болып Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісті «ұлт-азаттық қозғалыс» деп баға берген көзқарасынан айнуына тура келді. Алайда, ол кісінің көзін көрген жандармен жары Халима Бекмұхамедова да Ермұхан Бекмахановтың өмірінің соңына дейін өзінің алғашқы тұжырымдамалық көзқарасына адал болып қалғанын айтады. Оның үстіне, ақталып шыққаннан соң ғұмырының соңына дейін тарих оқулықтары мен ғылыми ізденістерін жалғастырудан бас тартқан емес.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Ермұхан Бекмаханович Бекмаханов // Вопросы истории. 1966, №9.
- 2 Историк-боец: к 80-летию со дня рождения академика А.М.Панкратовой / Н.М. Дружинин, Е.И. Дружинина // Вопросы истории. – 1977. – № 5. – С. 108.
- 3 «Дело Бекмаханова»: как все это было / Людмила Енисеева-Варшавская // «Мысль» Республиканский общественно-политический журнал. – 2014. №3 (март). – С. 79-87.
- 4 Нұрман Ш.Т. Е. Бекмаханов – Қазақстан тарихы оқулықтарының авторы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2020. – №3. – 496-501 б.
- 5 Дружинин Н.М. Избранные труды. – М., 1990. – 512 с.
- 6 Тулекова М.К. Е.Бекмаханов және Қазақстан тарихы ғылымының өзекті мәселелерін зерттеудегі кейбір мәселелер // Абай атындағы ҚазҰПУ

хабаршысы. «Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2017. – №2(53).

7 АП РК. Ф.708. Оп.15. Д.131. Л.404.

ҒТАМР 03.20

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ (XIX ғ. II ЖАРТЫСЫ – XX ғ. БАСЫ)

Д.Б. Жаксибаева

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

С.Б. Сайлан

Ғылыми жетекші, т.ғ.д. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы аралығында қазақ халқының этнодемографиялық құрылымының өзгеру процесі қарастырылады. Бұл процеске әсер еткен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, мысалы, халық санының өсуі, көші-қон ағындары, жұмыспен қамту және білім беру саласындағы өзгерістер талданады. Аталған өзгерістер бірқатар маңызды демографиялық процестерге негізделе отырып, қазақ қоғамының этнодемографиялық құрылымына терең әсер етті.

Түйін сөздер: этнодемографиялық құрылым, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, мәдени өзгерістер, демографиялық процестер, көші-қон.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының этнодемографиялық құрылымына әртүрлі жаһандық жағдайлар айтарлықтай әсер етті. Еуропа халқының көші-қоны, әсіресе Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның этникалық құрамына үлкен өзгерістер енгізді [1]. Халықтың қалыптасуына жоңғар мен башқұрт шапқыншылығы, қазақ топтарының Ресей империясының құрамына енуі, Ресей империясының отарлау саясаты сияқты факторлар да әсер етті [2]. Ресей империясының отарлау саясаты, оның ішінде әкімшілік және саяси реформалар дәстүрлі қазақ қоғамына айтарлықтар ықпал етті [3]. Ауқымды этнодемографиялық өзгерістер, соның ішінде орыс және украин шаруаларының қоныс аударуы мен қазақтардың сыртқа кетуі де халықтың қалыптасуында маңызды рөл атқарды [4].

Республика халқының қалыптасуына әсер еткен ең ауқымды фактор көші-қон болып табылады. Қазіргі Қазақстан территориясына, көбінесе, ұйымдасқан және мәжбүрлі көші-қон ағындары XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында жүргізілді.

Қазақстан территориясына жүргізілген көші-қон шаралары, көбінесе жергілікті қазақ халқының жерін татар, ұйғыр, дүнген және басқа да ұлт өкілдеріне үлестіру арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде, ығыстырлған қазақ халқының саны уақыт өте азая бастады. 1897 ж. және 1915 ж. жүргізілген халық санағы бойынша көрсетілген ақпарат соған дәлел бола алады [5]. Төмендегі кестеде халық санағы кезіндегі қазақтардың саны пайыздық көрсеткіште көрсетілген.

Кесте 1. Халық санағындағы қазақ ұлтының пайыздық үлесі.

Уезд атауы	1897 жыл	1915 жыл
Омбы	38%	15%
Петропавл	44,5%	32%
Көкшетау	51%	26%
Қостанай	77%	41%
Орал	51%	24%

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрамындағы ең көп ұлт қазақтар болды, олар республика халқының 58,2%-ын құрады. Саны бойынша екінші орыстар болды, олардың халықтағы үлесі 20,5% құрады. Үшінші үлкен этникалық топ украиндар болды (13,8%). Қазақ АКСР-нің этникалық құрамын өзбектер (2,1%) толықтырды, немістер (0,9%), белорустар (0,4%) болды [6].

КСРО-ның 1926 жылдан бастап жүргізген экономикалық саясаты индустрияландыруға бағытталып, Қазақстан аумағы үдемелі индустриялық дамудың негізгі аймақтарының бірі ретінде қарастырылды.

Алайда индустрияландырудың бастапқы кезеңінде жұмыс күші тапшылығы туындап, Кеңес Одағының батыс және орталық бөліктеріндегі жұмыссыздарды осы аудандарға көшіру туралы шешім қабылданды. Осылайша, халықтың негізгі ағыны Қазақстанның өнеркәсіптік және тау-кен аудандарына бағытталды және негізінен шаруалардан тұрды.

1920 жылдардың екінші жартысында басталған ұжымдастыру науқаны нәтижесінде халықтың жаңа ағындары негізінен еріксіз және мәжбүрлі болды.

Бұл бағдарлама 1927 жылы желтоқсанда өткен бесінші партия съезінде қабылданып, ұжымдастырылған экономикаға көшу туралы ресми шешімді қамтыды.

Кесте 2. Қазақстандағы көші-қон процестерінің динамикасы.

Уақыт кезеңі	Негізгі көші-қон оқиғалары
XIX ғасырдың соңы	Қазақ хандығы Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін орыс және украин шаруаларының Қазақстанға кең көлемде қоныс аударуы.
Кеңестік кезең	Қазақстанның этнодемографиялық бейнесін өзгертетін халықтың ерікті және еріксіз

	жаппай қозғалысының әртүрлі формалары. Азамат соғысынан кейінгі экономикалық және саяси жағдайлар, сонымен қатар Кеңестік Орталық Азияның жаңа экономикалық саясаты халықтың жаппай кетуіне әкелді.
Соғыстан кейінгі кезең	Сыртқы және ішкі көші-қон ағындарының әсері халық санының дамуына әсерін тигізді.
Тәуелсіздік кезеңі	Көші-қон процестерінің бағытын, көлемін және құрылымын анықтайтын жаңа көші-қон толқындары. Бұрынғы көші-қон әсерінің еліміздің дамуына қазіргі уақытта да ықпалын тигізуді жалғастыруда.
1990-2010 жылдар	Ауқымды көші-қон қозғалыстарының тарихын, олардың Қазақстанның тәуелсіздік алған сәттен бастап 2010 жылдардың басына дейінгі демографиялық және этнодемографиялық жағдайына әсерін зерттеу.

Кестеде Қазақстандағы көші-қон процестерінің динамикасын анықтайтын негізгі уақыт кезеңдері мен оқиғалары берілген. Жаппай көші-қон, этнодемографиялық көріністің өзгеруі және көші-қонның ел халқының дамуына ықпалы болған кезеңдерді қамтиды.

Қорытынды. Мақалада Қазақстандағы ұзақ уақыт аралығындағы көші-қон процестерінің динамикасының негізгі тұстары зерттелді. XIX ғасырдың аяғынан бүгінгі күнге дейін елдегі этнодемографиялық жағдайға көші-қон ағындары айтарлықтай әсер еткені атап өтілді. Қазақстанның Ресей империясына, одан кейін кеңестік кезеңге қосылуына байланысты ауқымды қоныс аударулар кейінгі көші-қон толқындарына негіз болды.

Халықтың жаппай ерікті де, еріксіз де қозғалысымен, сондай-ақ халықтың аймақтан жаппай көшіп кетуіне ықпал еткен экономикалық және саяси жағдайлармен сипатталатын кеңестік кезең ерекше маңызды болды. Қазіргі көші-қон ағынының бағыты мен сипатын айқындайтын бұл оқиғалардың салдары бүгінде де сезілуде.

1. Көші-қон тенденцияларын зерттеу: көші-қонға әсер ететін факторларды талдауды және оның демографиялық жағдайға және халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін талдауды қоса алғанда, Қазақстандағы қазіргі көші-қон тенденцияларына тереңірек зерттеу жүргізу қажет.

2. Көші-қонды басқару саясатын әзірлеу: алынған мәліметтер негізінде мигранттардың да, жергілікті халықтың да мүдделерін ескеретін, көші-қонды басқарудың тиімді саясатын әзірлеу қажет.

3. Интеграциялық тетіктерді құру: мигранттарды қолдау және біріктіру тетіктерін құру маңызды, оның ішінде білімге, денсаулық сақтауға, тұрғын үйге және жұмысқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, бұл олардың табысты бейімделуіне және ел экономикасына үлес қосуына ықпал етеді.

4. Халықаралық ынтымақтастық: Қазақстан көші-қон мәселелері, ақпарат және тәжірибе алмасу, сондай-ақ көші-қон проблемаларын шешудің бірлескен стратегияларын әзірлеу бойынша халықаралық ұйымдармен және көрші елдермен белсенді ынтымақтасуы қажет.

Жоғарыда айтылған ұсыныстардың негізінде жаһандану және өзгермелі демографиялық сын-кәтерлер жағдайында еліміздің тұрақты дамуына ықпал ететін Қазақстандағы көші-қон процестерін басқаруға неғұрлым кешенді көзқарасты қалыптастыруға болады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Игнатъева Л.Н. (2020). Влияние миграции на этнодемографическую ситуацию в Казахстане в 30-90-е гг. XX в. Известия Алтайского государственного университета, (5 (115)), 85-90.

2 Таскужина А.Б., Балжанова А.М., Эришева Т.А., Исенов О.И., Анасова А.Б., Шахаман З.Б. (2016). Полиэтническая структура населения Северо-Восточного и Западного Казахстана в восемнадцатом веке до 1860-х годов. Антропология и археология Евразии, 55, 153-164.

3 Saparbekova A., Kosourková J., Kučerát T. (2014). Стремительные этнодемографические изменения в Казахстане в течение 20 века: драматическая история волн массовой миграции, Часть I: с начала 19 века до конца советской эпохи. AUC GEOGRAPHICA, 49, 71-82.

4 Нурбай К.З., Енсепов Б.Б., Мухаметжанова Н.А. (2020). Особенности казахско-российских отношений: Усиление политического влияния России в Среднем жузе во второй половине XIX – начале XX вв. Былые годы.

5 Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897–1997 гг.). Усть-Каменогорск, 1999.

ҒТАМР 21.15.47

ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

А.Б. Халимова

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Н.К. Альджанова

Ғылыми жетекші, PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Ислам ғылымды қолдайды, ешқандай қағидасына кереғарлық танытпайды, қайшылық жасамайды. Ислам ғылымның нағыз бұлағы болып табылады. Ол адамзатқа пайдалы нәм тура жолға бастайтын ғылымды уағыздайды. Ислам діні келіп, тарап, халықтың көпшілігі білім ізденуге ден қойды. Бірақ ол кезде қазіргідей мектептер немесе жоғарғы оқу орындары болмады. Сол үшін де Ислам мәдениетінің білім бұлағы, ғылым орталығы, мектебі мешіт болды. Мешіт мұсылманның тек ғибадат ететін орындары ғана емес, сонымен қатар мұнда оқу-жазуды, Құран оқуды, шарифат ілімдерін және басқа ілім салаларын үйренді. Мешіттермен қатар оқу-жазуды, хат тануды үйрететін мектептер болды.

Түйін сөздер: ислам, білім, дін, ағарту, пайғамбар кезеңі, оқу.

Араб тілінде білу мағынасына келетін «ғылым» сөзі көбінесе білім, мағлұмат деген мағыналарға келеді. Бір нәрсені нақты үйреніп сенуді ғылым дейміз. Білімсіздіктің, надандықтың антонимі болып табылатын «ғылым» сөзінен ғалым, мағлұмат, мұғалім және тағы басқа сөздер шыққан. Ислам ғалымдары ғылымды «Кісінің ақыл және сана сезіміне сыйымды мағлұмат» деп түсіндіреді. «Ғылым бір нәрсенің өз кейпінде танылуы». Ғылым екіге бөлінеді, біріншісі – «Қадим ғылымы (О бастан бар болған ғылым)». Екіншісі, кейіннен берілген «Хадис ғылымы». Қадим ғылымы Аллаһ тағаланың заты және сипатына байланысты ғылым. Ол жаратылғандардың ғылымына ұқсамайды. Тек қана Аллаһ тағалаға толық мағынада Алим деп айта аламыз. Өткені тек қана Жаратушымыз барлық нәрсені толық білуші. Хадис ғылымы: Жаратылғандардың ғылымы, яғни, Аллаһ тағаланың жаратқандарына берген ғылымы. Ол екіге бөлінеді.

Бірінші «Қажетті ғылым». Ол адамның ізденіп үйренуі қажет етпейтін, өздігінен пайда болатын ғылым. Мысалы, нәрестенің анасын емуі, жүруі, жеп-ішуі, сөйлеп-күлуі, ненің үлкен, ненің кішкентай екендігін, ненің жұмсақ, ненің қатты екендігін білуі сияқты.

Екіншісі «Назари және Истидләли» ғылым. Назар – сөздікте қарау, көру, ойлану, зерттеу нәтижесінде шешім беру деген мағынаға келеді. Истидләл болса дәлелге сүйену, дәлелдер келтіру деген мағынада. Назари және Истидләли ғылым адамдардың қалауымен яғни қарау, көру, ойлану нәтижесінде сағаттар, күндер тіпті жылдар бойы ізденіп дәлелдеуі арқылы пайда болған білімі. Мұндай білімге құл, қалау және іздену арқылы жететіндігі үшін біз оған Иктисаби (еңбек арқылы қол жеткізілген) ғылым деп атаймыз. Аллаһ тағала Құран кәрімде «Зүмәр» сүресінің тоғызыншы аятында «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» дейді. Тағы бір аятта «Сендерден иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді» делінген. Пайғамбарымыз да білім үйренудің мұсылмандар үшін өте маңызды парыз екенін көрсете отырып, былай дейді: «Кімде-кім білім іздеу жолына түссе Аллаһ тағала оған жәннатқа бару жолын жеңілдетеді. Періштелер ғылым іздеушінің талабына разы болып, оның аяғының астына қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалымға көктегілер және жердегілер, тіпті судағы балықтарға дейін жарылқау тілейді».

Али Күмейілге: «Ғылым – байлықтан қайырлы. Өйткені малды сен қорғайсың, ал ғылым болса сені қорғайды. Ғылым бағындырушы, байлық бағынушы. Байлық, берсең азаяды, білім, берсең көбейеді» деген екен.

«Бір ғалымның дәрежесі аузы берік болса да соғысқа қатысып, түнін ғибадат етумен өткізген мужахид құлдан жоғары». «Бір ғалымның өлімінен кейін Ислам әлемінде қаңырап қалған бос орын, сол сияқты ғалым өсіп жетілмегенше толықтырылмайды».

Әбул Әсуад: «Ғылымнан бағалы нәрсе болмайды. Өйткені сұлтандар адамдарға басшы, ал ғалымдар сұлтандарға басшы» – дейді.

Фәтхи Мусылы: «Ғылым және хикметтен (Аллаһ тағаланың сүйікті құлдарына беретін ғылымы) мақұрым жүрек ішіп-жей алмайтын ауру сияқты, өлімге душар болды деген сөз өте орынды. Өйткені денені жеп-ішу арқылы сақтаймыз, ал жүректің асы – ғылым және хикмет. Жүрек осы екеуімен өмір сүреді. Ғылымсыз жүрек өлімге жақын» деген.

Хасан Басри: «Ғалымдардың қаламы шейіттердің қанымен таразыға тартылады және ауыр басады».

Ибн Масғұд «Ғылым жоқ болмастан алдын оқындар. Ғылымның жоғалуы ғалымдардың өлімімен болады. Жаным қолында болған Аллаһтың атымен ант етемін, Аллаһ разылығы үшін өлген шейіттер ғалымдарға берілген жоғарғы дәрежелерді көргенде, ғалым болу үшін дүниеге қайта келуді тілейді» дейді.

Ибн Аббас: «Мен үшін түннің аз да болса бөлігін ғылым үйренумен өткізу түні бойы ғибадат етуден жоғары» дейді.

Хасан Басри «Бақара» сүресінің 201-аятындағы «Уа, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде жақсылық бер және ақыретте жақсылық бер» деген аятта бұл дүниедегі жақсылық бізге ғылым және ғибадат, ал ақыреттегі жақсылық жәннатқа кіргіз деген мағынада айтылған дұға» дейді.

Зүбәйр ибн Әбу Бәкір: «Әкем Иракта жүргендегі хатында маған былай деп жазды: «Оқы, өйткені ғылым – жоқшылығыңда байлық, байлығыңда сән болар».

Хазірет Лұқман ұлына берген насихатында былай деген: «Ұлым! Ғалымдардың мәжілісіне қатыс. Көктем жаңбырымен жерді көгертетін Аллаһ хикмет нұрымен мұсылмандардың жүрегін толтырады». «Ғалымның өліміне теңізде балықтар, көкте құстарға шейін әр жаратылыс жоқтап жылайды» делінген де сөз бар.

Яхя ибн Муаз: «Ғалымдар мұсылман үмбетіне әке-шешелерінен де мейірімді. Өйткені әке-шешелері оларды дүниедегі оттан қорғайды, ал ғалымдар ақыреттегі оттан қорғайды».

Хасан Басри: «Ғалымдар болмаса, адамдардың басқа жан иелерінен айырмашылығы болмас еді. Өйткені олардың оқытуымен адамдар адамдық дәрежеге жеткен» дейді.

Ислам ғылымды қолдайды, ешқандай қағидасына кереғарлық танытпайды, қайшылық жасамайды. Ислам ғылымның нағыз бұлағы болып табылады. Ол адамзатқа пайдалы һәм тура жолға бастайтын ғылымды уағыздайды. Ислам діні келіп, тарап, халықтың көпшілігі білім ізденуге ден қойды. Бірақ ол кезде қазіргідей мектептер немесе жоғарғы оқу орындары болмады. Сол үшін де Ислам мәдениетінің білім бұлағы, ғылым орталығы, мектебі мешіт болды. Мешіт мұсылманның тек ғибадат ететін орындары ғана емес, сонымен қатар мұнда оқу-жазуды, Құран оқуды, шарифат ілімдерін және басқа ілім салаларын үйренді. Мешіттермен қатар оқу-жазуды, хат тануды үйрететін мектептер болды. Кейін, барып, тегін оқытатын оқу орындары ашыла бастады. Ол кезде оқыту жүйесі екі түрге бөлінді.

1) Дахили (ішкі) – бұл қазіргі мектеп-интернаттарға ұқсас келеді. Онда жағдайлары нашар отбасылардың балалары, алыстан келгендер және шетелдіктер оқыды.

2) Харижи (сыртқы) – бұл кәдімгі оқу орындары секілді. Онда білім алушы танертең сабағына барып, біткен соң үйіне қайтады. Бұл оқыту жүйесінің екі түрінде де оқу ақысыз болды. Әрбір оқу орнында мешіт, аудиториялар, оқушылар бөлмелері, кітапхана, асхана, дәретхана, әжетхана болды. Ал кейбір оқу орындарында спорт алаңдары қоса салынған. Бұл оқу ғимараттарында жоғары дәрежелі ғалым ұстаздарға емтихан тапсырып рұқсат алғандар ғана сабақ беретін. Мұсылман басшыларының, байларының, саудагерлерінің жаңа ғимараттар салуына көмек берулері нәтижесінде оқу орындары көбейді. Алғашқы Ислам дінінің ғылымға көзқарасы және ғылымның дамуы кезде оқытушыларға еңбекақы төленбеді.

Бірақ бертін келе білім алу орындары көбейіп, өркендеген кезде оқытушылар еңбекақымен қамтамасыз етілді. Әрбір мәдениет бір ғана халықтың не бір ғана ұлттың өнері болып есептеледі. Және оны жасаушы ұлт өкілін ғана мақтан тұта алады. Ислам мәдениеті – иісі мұсылман бауырлардың қолымен жасалған көпке ортақ мәдениет. Ислам мәдениетін діннен бөлек алып қарауға болмайды. Ислам дін мен ғылымды егіз тұжырымға санайды. Ал

христиан ғылымды дамыту орнына көптеген ғалымдарды инквизиция сотымен тірідей отқа өртеді, соның салдарынан Еуропада ғылым кеш дамыды. Дін мен шіркеу Еуропа құрлығындағы түгел өркениеттің жолын бөгеген кертартпа қара күштер ретінде өмір бақи өшпес қара таңбамен танылып қалды. Исламнан бұрынғы халықтар қол жеткізген ғылыми жетістіктердің болғаны рас. Мұсылмандар қысқа мерзімде-ақ оларды меңгеріп, иманнан алған күшқуаттың арқасында есепсіз жаңалықтардың бетін ашты. Олардың еңбегінің қызығын бұл күні күллі адамзат көруде. Әсәресе мұсылман еместер көбірек көруде.

Ислам ғалымдары шұғылданбаған, үлес қоспаған ғылым саласы жоққа тән. Мұсылман саяхатшылар қалдырған мәліметтер мен карталар арқылы Ертіс және Енесей өзендерінің жоғарғы аңғары мен Корея жағалауына дейінгі мекендер тарихта жазулы қалды. Мәселен, 1368-жылы қайтыс болған белгілі саяхатшы Ибн Батутта (1304-139) сонау Зайтун (қазіргі Гонконг) аймағына шейін барғанын, аталмыш аймақтың дүние жүзіндегі ең үлкен теңіз порты екенін, 100-ден астам үлкен кеме мен сансыз кішігірім кемелер тұрақтайтынын, Ислам және ғылым осы ғаламат сауда өнер кешендері шалғай таулардан теңіздер арқылы тасымалданғанын жазған. Аббаситтер халифаты тұсында Ислам ғұламалары көне грек, парсы және басқа тілдердегі жазба еңбектерді, оның ішінде антикалық мәдениетті біржолата жойылып кетуден сақтап қалды.

Бір кездері біздің ата-бабаларымыз осы араб тілі арқылы өз еңбектерін жазды әрі көпшілікке таратты. Махмуд Қашқаридің араб тілінде жазылған «Диуани лұғаты әт-түрік» кітабында бұрынғы түркі халықтарының әріптік таңбалары 18 болғанын және кейбір түркі тайпалары оған қосымша белгілерді қосып, әріптер саны 25-26-ға жеткенін жазды. Әбул-Хасанат Мәуләуи Әбдул-Хай Марғұланидің шарифат заңдары туралы жазылып, Қазақстан мен Орта Азияға кейіннен тараған «Әл-хидая» кітабын ағылшындар төл тіліне аударып, жанұя қатынастары бойынша заңның баптарына пайдаланған. Қазір ол кітап ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып баспадан шықты.

Діни философия бойынша алғашқы еңбектер нижраның 300-жылында жазылған. Ислам философиясының көш басшысы Әл-Кинди осы жылдары, яғни 1100 жыл бұрын еңбектерін қалдырған. Еуропа жер шары дөңгелек екендігіне көздері анық жетпей әлі XVIII ғасырда бастарын қатырып дауласып жүргенде, Ислам ғұламалары бұл мәселені VIII ғасырда, халифа Харун Рашид тұсында зерттеп қойған еді. Бағдат шаһарының сыртындағы Нисфун-Нәһәр деген жерде әртүрлі сызықтар мен өлшеулер жасап, жер шар тәрізді дөңгелек деп қортынды жасады. Куба аралын тапқан Кристофор Колумб бұл пікірді ауадан алған жоқ.

Ол жердің дөңгелек екендігін Аверроистан естідім деп жазған. Мұсылман ғалымы Ибн Рушдті Еуропа осылай атайтын. Токио обсерваториясының директоры танымал ғұлама Ешиди Коган халықаралық конференцияда: «Мен әлем сырларының құпиясын зерттеудің жаңа әдісін таптым, ол – Құран оқу. Құранды оқыңыз, ол сізге толықтай ғаламның сырын ашады» деген. Ал Американың эмбриология және адам жаратылысы туралы ғылымдарының докторы Кейт Мор «Адам жаратылысы» деген кітап жазды. Оған араб

ғалымдары: «Сіздің осы кітаптағы келтірген пікірлеріңіз Құран мен хадиске өте сәйкес келеді. Егер сіз келіссеңіз, біз оны аят-хадистермен байытып және толықтырып, жаңадан бастыртып шығарар едік» деген. Ол келісті, нәтижеде айтқандай етіп, «Адамның жаралуы Құран мен медицина арасында» деген атпен жарық көрді. Құран аяттары жылма-жыл өмір заңдылықтарымен дәлелдене түсуде.

Еуропа ғылымды мұсылман елдерінен, яғни шығыстан үйренді. Еуропаның ренессансы 1300-жылдары басталған. Неге? Өйткені бұл уақытта олар Испан жеріндегі Андалусия Ислам мемлекетінің мәдениетімен және кресшілер жорығы нәтижесінде шығыстағы араб жерлеріндегі өркениетпен танысты. Хазірет Осман (р.а.) халифалық құрған кезде, жолаушылар, әлсіздер, кейбір зәру жандар дәм татып кетсін деп, мешіттердің алдында ас пісіртіп, қоғамдық орындар жарық болып тұрсын деп, арнайы шырақ жақтырып қоятын. Бұл әдет кейін де жалғасын тапты. Миллиондаған халық өмір сүрген Кордова қаласының көшелері түн мезгілдерінде жарықпен қамтамасыз етіліп, қала халқы арнайы төселген асфальтпен қатынады.

Ал Еуропаның қалалары қалың батпақ пен ұйыққа малтығып, бас көтере алмай жатты. Мұсылмандық мәдениетпен танысу Еуропаны ғасырлар бойғы қалың ұйқысынан оятты, қозғау салды. Батыстың кейбір ғалымдары «Орта ғасырларда кейбір Еуропа билеушілері өз аттарын дұрыстап жаза алмай жүргенде, Кордовада мұсылман балалары медреселерде оқып жатты» деп жазған. Осы таныстықтың игі нәтижесінде 1425-жылы Италияда жарыққа шыққан медициналық анықтамалықта Еуропа дәрігерлерінің сиынған пірі Галенге сілтеме 130, ал Исламның ғұлама ғалымы, медицинаның атасы Ибн Синаға 3000-нан астам, ал Еуропа Разец деп атайтын Әбу Бәкір Разиға 1700 сілтеме бар. Кордовада жүздеген кітапханалар болып, оның орталық кітапханасында жинақталған кітаптар каталогы 44 томға жеткен. Бағдат қаласын Әлеуке ханның қолы қиратқанда, көпшілік пайдалануы үшін жасақтап қойылған Сабур сарайындағы 200 мыңдық кітапхана қоры Ефрат өзеніне тоғытылғанын тарихшы Ибн Туғрыберді жазды. Медицина саласында Бағдатта жоғары деңгейде 6000 студентті тәрбиелейтін оқу орны болды. Әрбір әзірленген дәрігерге бір көмекшіден бекітіліп берілді.

Еуропа кейбір алапес сырқатына шалдыққан жандарды өртеп жатты, ал мұсылман елдері оларды жеке орындарда емдеп, мәңгілікке мемлекет қарауына алып отырды. Сахаралық халықтар дәрігерлік көмектен тыс қалмауы үшін арнайы жасақталған керуендер шығарды. Тіпті кейде бір бейшаралар ақшасы болмай, дәрігердің көмегін уақытында алып тұрарлық қолтаңба өздерінде болсын деген оймен алғашқы дәрігерлік көмек туралы анықтамалық кітап әзір етілді. Сағат жасау өнеркәсібі де мұсылмандардың намаз уақытын белгілеу қажеттілігінен туындаған, олар 800 Ислам дінінің ғылымға көзқарасы және ғылымның дамуы жылдан бұрын алғашқы сағатты жасап шығарды. Франция патшасы Шарлманға Бағдаттың халифасы Һарун Рашид ағаштан жасалған сағат тарту етті. Жер бетінде бірінші рет Бағдатта обсерватория салынды.

Қазіргі әлемнің бұрыш-бұрышын шарлап, енді ғана көзі ашылып жатқан ғалымдар өздерінің осы жетістіктері үшін Ибн Һайсамға қаншалық қарыздар! Ол ресми ойыс айна, дөңес айна деп аталған телескоп жасау өнеркәсібінде қолданылатын өте құнды теорияның авторы. Бірақ осынша нәрсе ғылым жолын кең ашқан Құранның арқасында ғана мүмкін болды. Ислам діні осылайша ғылым мен мәдениетке орасан зор үлес қосты, әлі күнге дейін өз үлесін қосуда.

Сыр бойы мен Жетісу өңіріндегі орта ғасырлық қалалардың орны мұсылман авторларының еңбектерінің арқасында табылып, ашылды. Тариф, магазин секілді мындаған терминдер мен сөздердің Еуропа тілдеріне кіруі мұсылмандардың ғылымда қаншалықты жоғары болғанын паш ететін тірі айғақтар. Мұсылман билігі орнаған өңірлерде ғылымның жұлдызы жарқырағаны туралы Батыс авторлары емірене жазады.

Қысқа қайырып айтқанда, басқа наным-сенімдердің әу бастан ғылыммен айқасатыны, ақылға сыймайтын нәрселерді үгіттейтіні кең тарауына жол бермеді. Бұл әрқашан да солай бола бермек. Құран кәрімнің тілі әдебиетшілер, тіл мамандарын, көпшілік пен жеке адамдардың рухын баурайтын қасиеттері психологтарды, социологтарды; барша ғылымның сырын шешетін аяттары басқа салалардағы ғылымдарды таңдандыруда. Құран кәрімді, яғни, Раббымыздың сөзін оқып түсінуге, одан мүмкіндігінше нәр алуға ұмтылғанымыз абзал. Онда сұрақ атаулының бәріне жауап табуға болады. Осы орайда Құранның ғылымды және ғылымның Құранды растағанын бір мысалмен де болса атап кетейік. Кітап атаулының анасы адамның жаратылысындағы хикметтер мен жаратылыс сатылары туралы терең мағыналы сөйлемдер келтіреді. «Сендерді аналарыңның құрсағында үш қараңғылықта жаратылыстан жаратылысқа жеткізіп, жаратуда!» делінген аят бар (39-сүре, 6-аят).

Хижретке дейінгі оқу-ағарту.

Ислам діні келгеннен кейін арабтарда сауат ашу қарқынды түрде етек жайды. Тарихта басқа ешқандай халықтың аз уақытта бұлай дамуы кездеспеген. Оқу-жазу білмейтін пайғамбарға келген алғашқы уахидың оқуды әмір етуі назар аударарлық. Құранның ең алғашқы әмірі «Оқы» болғандықтан, мұсылмандарға жүктелген ең алғашқы міндет те оқу. Құран сөзі арабша «қа-ра-а» сөзінен шығып, оқу мағынасын береді.

Пайғамбар және оның төрт халифасының мемлекет басқарған бақыт ғасырында жаңа оқу-тәрбие жүйесі қалыптасты. Негізі Құран, мұғалімі Мұхаммед пайғамбар, шәкірттері сахабалар болған бұл жүйе аз уақытта табысқа жетті. Біз Мекке дәуірінде де Құран оқудың өте жоғары маңызға ие болғанын көреміз. Өйткені дінді жаю, Исламды және Хақтың кітабын түсіну оқу-жазуға байланысты еді. Құран әуелі жазылып, кейін оқу білетіндер білмейтіндерге оқитын. Сахаба Омардың Аллаһқа бойсұнуына себеп болған да осындай бір оқиға еді.

Хижреттен кейінгі оқу-ағарту.

Бақыт ғасырында мәдениеттің негізі саналған оқу-жазудың азаттыққа тең болғанын көреміз. Бәдір соғысында тұтқынға түскендердің ішінде құн төлейтін ақшасы жоқ сауаты бар тұтқындардың әрқайсысы он мұсылман балаға хат

танытып бостандық алды. Бұл ағарту ісінің алғышарты еді. Әрбір адамның ғылымда, ахлақта, амалда да бір-бірін тура жолға шақырып, білгенін басқаға үйретуі Исламның негізге ұстанымы болып табылады. Мұхаммед пайғамбар дәуірінде діни сауатты болу жалпыға бірдей міндет болғанын көрсететін дәлелдер бар. Хадисте былай дейді: «Дінде ілім иесі болу барлық мұсылманға парыз. Үйреніндер, басқаға үйретіндер, ғылыммен айналысындар. Надан болып өлмендер». Олай болса біз де қазіргі күнде ғылымды біліп қана қоймай, оны үйретуге міндеттіміз.

Пайғамбар дәуіріндегі оқу-ағарту орындары.

Пайғамбарлықтың үшінші жылында түскен «Әй, бүркеніп жатқан, тұр да, адамдарға ескерт!» («Мүдәссір» сүресі, 1-2) әмірінен соң Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) адамдарды Ислам дініне шақыра бастады. Бастапқыда хазірет Хадиша, Али, Зәйд және Әбу Бәкір (р.а.) иман келтіргенін білеміз. Пайғамбарлықтың төртінші жылында Исламға ашық шақыруға әмір келіп, меккеліктерді және Меккеге жан-жақтан келген басқа ру-тайпаларды хақ дінге тарта бастады. Қағбаға, жәрмеңкеге, базарларға барып, бұқара халыққа Аллаһтың бірлігін түсіндіре бастады. Бұған мүшріктердің қатты қарсылық көрсетуіне қарамастан мұсылмандар саны тез көбейді. Осы кезде пайғамбарымыз елге дінді үш жерде үйретті.

1. Үйлер.

Мұхаммед пайғамбар пайғамбарлықтың алғашқы жылдарында Исламды үйінде дағуат етіп, парыз болған екі рәкат намазды да үйінде үйреткен. Пайғамбарлықтың төртінші жылынан бастап күндіз Әркамның үйіне барып, жиналған мұсылмандарға діннің негіздерін үйрететін. Мәдинаға мұғалім етіліп жіберілген Мұсғаб ибн Үмәйр осы үйде сабақ алған. Мұнымен қоса хазірет Әбу Бәкірдің Қағбадағы үйі, Сайд ибн Зәйдтің үйі де білім ордасы ретінде қолданылған. Жоғарыда келтіргеніміздей, Исламның алғашқы жылдарында сауатты адамдар аз еді. Сауат ашып, оқу-жазу үйренгісі келетіндерді мұсылман еместер оқытатын. Бәдір соғысынан кейін бұл іс тұтқындарға берілді. Үлкен-кіші түгел қатысатын сауат ашу сабақтары мұғалімнің үйінде жүргізілетін. Олар үйлерінің бір бөлмесін арнайы дайындайтын. Кейінірек үйлер куттаб ретінде қолданылып, Құран және негізгі діни мағлұматтар оқытылды.

2. Мешіт.

Мұхаммед пайғамбар Мәдинаға көшкен соң күн тәртібінде жаңа мәселелер пайда болды. Бұл күндері әжептәуір көбейген мұсылмандардың құлшылық етуі, білім алуы үшін бір орын керек еді. Осыны ойлап күнделікті намаз оқу және Исламды үйрету үшін жер сатып алып, мешіт салдырды. Бұл пайғамбар мешіті үш бөліктен тұратын: намаз оқитын үлкен зал, мектеп қызметін атқаратын суффа және Мұхаммед пайғамбардың жанұясына арналған бірнеше кішкентай құжыра. Мешітпен қатар бұл ғимараттың көптеген қызметі болды. Хазірет Омар (р.а.) заманына дейін Мәдинаға келген қонақтар осы мешітке түсетін. Мемлекеттік және саяси мәселелер осында қарастырылып, жорыққа да осы жерден аттанатын еді.

3. Суффа.

Суффа мектебі Исламдағы алғашқы университет еді. Суффаның салынуымен Ислам оқу-ағарту ісінде жаңа дәуір басталды. Мектептің негізі салынып, бұл жерде Мұхаммед пайғамбардың өзі сабақ берді. Күндіз мұғалімдер Суффа шәкірттеріне дін қағидаларын үйрететін. Ұбада ибн әс-Самит бұл жерде жазу сабағын берген, Үбәй ибн Кағб, Абдуллаһ ибн Мәсғуд және Муаз ибн Жәбал Құран үйреткен. Осылайша жүйелі оқыту жүйесінің және батыста көптеген ғасырдан кейін ғана пайда болған қоғамдық оқу орнының негізі қаланды. Аллаһ разылығы үшін ғылым үйренген ғалым мен Оның жолында соғысқан сарбаздың тең тұтылуы бұл істің маңыздылығын көрсетіп, пайғамбар мешіті мен Суффа нағыз білім ордасына айналды. Аллаһ тағаланың адамзатқа түсірген соңғы кітабында да мұсылмандардың бір бөлігі соғысқа қатыспай, ғылыммен шұғылдануы керек екені айтылады. Суффада шәкірттердің 400-ге тарта болғаны риуаят етіледі.

Бұл күндіз келетін шәкірттердің саны болуы мүмкін. Ибн Ханбалдың айтуынша, онда жатып оқитын шәкірттер саны сексен шамасында еді. Өйткені Суффаны мекен еткен кісілер Мәдинада туған-туысы жоқ сахабалар болатын. Бұлардың ішінде Ибн Мәсғуд, Ибн Омар, Әбу Хұрайра, Салман Парсы, Әбу Зәр, Мұсғаб ибн Үмәйр, Ханзала, Біләл бар еді. Исламда әйелдердің де ғылымда өз орындары бар. Аллаһ елшісі «Ілім барлық мұсылман ер мен әйелге парыз» дей отырып, бөліп-жармай аптаның бір күнін әйелдерге сабақ беруге арнаған. Пайғамбардың осы әміріне байланысты бақыт ғасырында ғалым әйелдер шыққанын көреміз.

Медресеге дейінгі оқу орындары.

Ислам әлемінде медреселерден бұрын да оқу орындары болған. Бірақ оқу-ағарту ісі белгілі бір мекемелерде емес, мешіт, кітап дүкенінде, әдеби орындарда жүргізілетін. Сондықтан медресеге дейінгі оқу орындарына тоқталғанда бұларды аттап кету мүмкін емес.

1. *Куттаб.* Куттаб екі түрлі болған. Қазіргі кездегі бастауыш мектеп деуге болатын куттаб оқу-жазу үйрететін орын мағынасына келеді. Бұл көбіне мұғалімдердің үйінде болатын. Куттабтың бұл түрі Исламнан бұрын да бар еді. Куттабтың басқа бір түрінде Құран және негізгі діни мағлұматтар оқытылатын. Кейбір ғалымдар бұл екеуін бір-бірімен шатастырады. Бұлардың бірі Филипп Хитти былай дейді: «Куттабтардың бағдарламасының негізі Құран еді. Шәкірттер оқып үйрену үшін Құран оқитын, жазуға жаттығу үшін мәтіндерді Құраннан алатын. Грамматика, хадистер мен пайғамбарлар қиссасын оқитын». Исламның алғашқы кезеңіндегі мұғалімдердің көпшілігі мұсылман болмағанын ескерсек, оның бұл сөзімен келісе алмаймыз. Өйткені мұсылман еместердің Құранды, Мұхаммед пайғамбардың хадистерін үйретуі мүмкін емес. Мұсылмандардың ішінен оқу-жазу білетіндерін бұдан да құрметті бір міндет күтіп тұрған. Ол – уахиді қағазға түсіру еді.

2. *Құран және Ислам негіздері оқытылатын куттаб.* Батыс ғалымдары куттабтың бұл түрін Исламның алғашқы кезеңінде де бар дейді. Алайда олардың айтып жатқандары алғашқы куттабтар. Исламның алғашқы

кезеңдерінде балалар діни мағлұматтарды Али ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн Аббастың сұхбаттарына қатысу арқылы алатын немесе өздерінің ата-аналары үйрететін. Әуелде балалар мешіттің тазалығы мен тыныштығын бұзады деп, олардың мешітке кіріп, сабақ алуын дұрыс көрмеген. Осы себептен хижреттің 483-жылы, милади 1090-жылы балалардың мешітке кіріп сабақ алуына тыйым салынған пәтуа шықты. Бұған қарамастан куттабтардың мешітте де және өз алдына бөлек те болғанын көреміз. Мешіт пен куттаб арасындағы байланысты Имам Шафи былай деп атайды: «Шешем мені әуелі куттабқа жіберді. Құран үйренген соң ол жерден жамиге кірдім». Ислам әлемінде куттабтардың кең тарағаны соншалық, әр ауылда бір-бірден, кейбірінде бірнеше куттаб болған.

3. *Мешіт*. Ислам оқу-ағарту тарихынан сөз қозғағанымызда мәдениетінің дамуында маңызды рөлі бар мешіттерді айтпай кете алмаймыз. Мешіттердің салынуына байланысты екі түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарастағылар көрші халықтардың синагог, шіркеу сияқты құлшылық орындарын көріп, соларға еліктей отырып салынғанын айтады. Екіншісі, әрі шындыққа жақынырағы, қасиетті Қағбаға қарай отырып салынғаны жайындағы көзқарас («Әли Имран» сүресі, 96). Мұсылмандар өздеріне бағынған жерлеріне мешіт салу үлкен үрдіске айналды. Мешіт салу арқылы бұл өлкенің Ислам мемлекетіне қосылғаны жарияланатын. Уақыт өте мешіттер көбейе түсті. Бұл, әсіресе әкімшілік орталықтарда айқын көрінеді. Яғкуби (өлімі, 292/905) хижри III, милади IX ғ. Бағдатта 30000 мешіт болғанын және бұларды бір-бірлеп санағанын жазып қалдырған³⁶. Мешіттерде сол уақыттағы барлық ғылымдар оқытылатын. Құран, хадис, фикһ, кәлам сияқты діни ілімдермен бірге тарих, философия, медицина, астрономия оқытылды. Хижри 360, милади 970– жылы Мысырда Жауһар әс-Сижилли салдырған әл-Әзһар мешіті 378/988 жылдан бастап ғылыми зерттеу орталығына айналады. Бұл қазір де Ислам әлеміндегі атақты университеттердің бірі. Суиути Каирдегі Ибн Тулун мешітінде сол кездегі белгілі ғылымдардың барлығы оқытылғанын, Абдуллатиф әл-Бағдади, әл-Әзһар мешітінде әр күні түс уақытында медицина оқытылғанын айтады. Мәдинадағы хазірет Пайғамбар мешітіндегі Суффа шын мәнінде Исламдағы алғашқы университет болды. Уақыт өте онда шәкірттер сыймай қалады. Мұхаммед пайғамбар бұның алдын алу үшін Мәдинаның әр жерінде дайындық немесе бастауыш мектеп болып саналатын бірнеше мектеп ашады.

Хижреттің екінші жылы Махрама ибн Нәуфалдың үйінде Дарул-қурра аталған Құран мектебі ашылған. Ислам әлеміндегі қуатты мемлекеттердің бірі болған Осман мемлекеттерін қарастыратын болсақ, бұл кезде де мешіттер әкімшілік орталық, имамдардың мәжілісі қызметін атқаратын еді. Халықтың жиналып құлшылық қылатын, мемлекет істерін талқылайтын жері болғандықтан үлкен маңызы бар еді. Мешіттің жанында оның ажырамас бір бөлігі медресе, кітапхана, асхана және басқа да құрылыстар бірге салынып, өз алдына үлкен бір комплексті құрайтын.

4. *Ғұламалардың үйлері*. Исламда оқу-ағарту ісінің дамуында үлкен орны бар мекемелердің бірі – ғұламалардың үйлері. Әсіресе мешіт салынбай тұрып, дәрістер негізінен үйлерде жүргізілді. Бұл мешіт салынғаннан кейін де

жалғасты. Мысалға айтатын болсақ, пайғамбар сахабаларға Әрқам ибн Әбул Әрқамның үйінде жаңа түскен аяттарды және дін негіздерін үйреткен. Кейін Мұхаммед пайғамбар үйіне, мешіттер салынған соң мешітке көшірілді. Дәрістер бір жағынан аурухана, керуенсарай сияқты жерлерде де жүргізілді. Сонда да көптеген ғалымдардың үйінде оқу-ағарту ісі жалғаса берген. Ибн Сина кешке шәкірттеріне өз шығармалары әл-Қанун мен әш-Шифаны оқитын. Шәкірттер мен ғалымдарға толы үйлердің бірі Имам Ғазалидің үйі еді. Қысқаша айтқанда медреселер көбейіп кеңінен жайылғанға дейін ғылым мен мәдениеттің дамуында ғұламалардың үйлері үлкен рөл атқарған.

5. *Сарайлар.* Ислам әлемінде оқу бағдарламасы шәкірттің болашағына, келешекте қоғамда алатын орнына байланысты болуы керек екендігі алғашқы ғасырларданақ белгілі еді. Яғни, болашақта мемлекеттік қызмет алатындар ерекше тәрбие көруі керек еді. Осыған байланысты халифа мен жоғары дәрежелі адамдардың сарайларында ерекше оқу бағдарламасы бар еді. Бұл бағдарламаны әке өзі тағайындайтын және заманына қарай өзгертіп отыратын. Шәкірттерді әрі оқытып, әрі әдептілікке үйрететін болғандықтан сарайларда сабақ беретін мұғалімдерді «муәддиб» деп атайтын.

6. *Кітап дүкендері.* Ислам мәдениеті дамыған сайын маңызды орталықтарда кітап дүкендерінің көбейгенін көреміз. Бұл дүкендердің иелері тек қана сауда жасап, ақша табуды көздеген адамдар емес, заманына қарай жоғары білім алған, мәдениетті адамдар еді. Олар өз дүкендерін ғұламалар мен шәкірттердің жиналып, тартысатын, ілім үйренетін ордасына айналдырды. Надандық дәуіріндегі Укказ, Мажанна, Зул Мәжаз сияқты жәрмеңке-базарлары мен Ислам әлеміндегі кітап дүкендері арасында бір ұқсастық бар. Надандық заманында арабтар бұл жәрмеңкелерге сауда жасау үшін келетін. Бірақ әдебиетке деген құштарлықтарын көрсету үшін осы жәрмеңкелерді пайдаланатын. Ақындар өлең оқып, шешендер сөз жарыстыратын, әртүрлі тартыстар орын алып жататын. Кітап дүкендері де осы жағынан бұл жәрмеңкелерге ұқсайды. Бұл дүкендер сауда жасау үшін ашылса да, уақыт өте мәдениетке, әдебиетке құштар адамдар бұл жерді мәдени орталыққа айналдырды. Олар үшін ғылыми ізденіс орнына айналды. Дүкен иелері де кітаптарды көбейтіп, халыққа қызмет ететін, бұны өздеріне борыш санайтын. Ғылыми жұмыстар тек кітап дүкендерінде ғана емес, басқа да сауда-саттық орындарында болған. Бұған Әбул-Атахияның ыдыс-аяқ сататын дүкенін мысал келтіруге болады. Кітап дүкендері Аббаси халифатының құрылуы кезінде пайда болып, кейін Ислам әлеміне тараған. Мәмун дәуірінде ғылыми клубтар салынып, Мутауаккил мен Муғтазид заманында бұл клубтарда ғалымдар жиналып, философиялық мәселелерді талқылайтын. Андулусия ІІ Хакамның салдырған кітапханасындағы каталогтың өзі 44 том еді.

7. *Әдебиет салондары.* Бұндай салондар Ислам әлемінде алғашқы халифалар заманынан бері бар. Аббаситтер дәуірінде кең жайыла бастады. Халифа дін және дүние істерін реттеп, жолға қоятын адам болғандықтан, ол әрі әмірші, әрі рухани жол көрсетуші еді. Сондықтан оларға қойылар ең маңызды талап ижтиһад (ғалымның аят пен хадиске сүйеніп үкім шығаруы) ете

алатындай дәрежеде болуы еді. Ең алғашқы төрт халифадан әртүрлі жиындарда діни және басқа тақырыптарда сұрақтар сұралатын. Олар жауап бере алмаса, басқа сахабалардан сұраудан тартынбайтын. Жиынға қатысушылар қарапайым төсенішке немесе жерге отыратын, қалаған адам қатыса алатын және кез келген уақытта шығып кете алатын.

Қатысушылар халифаны атымен немесе «мұсылмандар әміршісі» деп атайтын. Бұл халифалар жиындары мен әдеби залдар, мәдени даму жолында қызмет етті. Кейін әдеби залдар мұсылмандардың қол астына кірген басқа халықтардың мәдениетінің ықпалында қалды. Бұл залдар өте жоғары дәрежеде дайындалып, белгілі адамдар ғана қатыса алатын. Қатысатын адамдар белгілі уақытта келіп, халифа тағайындаған ережелерге сәйкес орындарын алатын. Масғудидің айтуынша, әдеби залдар сарайлармен бірге пайда болған. Мұғауия (41-60/661-680) сарайында заманының мықты ғалымдарын жинап, араб тарихы, соғыстар мен басқа мемлекеттердің билеушілері мен әкімшіліктері жайында тартысатын. Бұл дәстүрді басқа да Умауия халифалары жалғастырды. Абдулмалик ибн Маруан да (65-86/685-705) әсіресе ақындарды шақырып, мәжіліс жасаған. Бұны Аббаси халифасы Әбу Жағфар әл-Мансур да жалғастырған. Аббаситтер дәуірінде бұндай мәжілістер тек халифаның ғана емес, уәзірлердің де сарайында ұйымдастырылған. Бұл, сол дәуірдің мәдениетін көрсететін.

Халифа Харун Рашид (170-193/786-809) дәуірі бұл тұрғыда назар аударуға тұрарлық. Өзі де жақсы тәрбие көрген халифаның мәжілісінде діни тартыстар, әдебиет, поэзия жарыстары болатын. Харун Рашидтің мәжілісіне қатысқандардың бірқатарын атап өтетін болсақ, ақындар – Әбу Нуас, Мұслим ибн Уәлид, Аббас ибн Ахнаф, күйші Мусулдық Ибрахим мен баласы Ысқақ, әдебиетші Әбу Убайда, атақты шешен ибн Сәммәк, тарихшы әл-Уақиди және танымал дінтанушы Әбу Юсуф (өлген жылы милади 182/799, хижри 33 жылы).

Ислам әлемінде тәуелсіз және жартылай тәуелсіз кіші мемлекеттер пайда болған кезде, бұлардың әміршілері де өнер-білімді дамыту үшін осы дәстүрді жалғастырды. Олардың сарайлары сол замандағы мәдениет ошағына айналды. Тіпті бұл сарайларды қазіргі университет, институттармен салыстыруға болады. Мысалы Сәйфуд-Дәулә Хамаданидің (916-987) Халептегі сарайында араб әдебиеті аз уақытта өзінің шырқау шегіне жетті. Сәйфуд-Дәуләнің ғылым мен әдебиет адамдарына көрсеткен құрметі, жомарттығы сол уақыттағы көптеген ғалымдардың оның сарайына жиналуына себеп болды. Атақты философ әл-Фараби (870-950) өз шығармаларын осы сарайда жазған. Мұндай сарайлардың тағы бірі Махмуд Ғазнауидің (997-1030) сарайы.

Мұнда тарихшы Утби, Бируни, ақын Фирдауси сияқты атақты ғалымдарды атап өтсек, бұл сарай жайында мәлімет алуымыз жеткілікті болатын шығар. Селжүктер заманында да бұл дәстүр өз жалғасын тапты. Тіпті атақты Имам Ғазали Селжүк уәзірі Низамулмүліктің (өл. 495/1092) құзырында бір тартыста жеңіп шыққаннан кейін, Бағдаттағы Низамия медресесіне мударрис болып тағайындалған. Сарайдағы ғылыми сұхбат және тартыстар Осман мемлекетінде «Хузур дәрістері» деп аталған. Хузур дәрістері рамазан

айының алғашқы күні басталып, падишаһтың құзырында «мукаррир» деп аталған, сол дәуірдегі атақты ғалымдар өткізетін, көбіне сегіз сабақтан тұратын болған.

Хузур дәрістері «мухатаб» деп аталған, 7-15 шақты ғалымдардан тұратын топ қатысатын. Рамазан айына тән бұл әдет падишах, шахзада және басқа да мемлекет қайраткерлерінің діни ғылымдарда көптеген нәрселер үйренуіне себеп болды. Бұл сабақтарда Құран кәрімнен аяттар оқылып, мукаррир оны тәпсірлейтін. Кейін мұхатаптардың (қарсылас) қарсылықтары мен сұрақтарына жауап беретін. Осылайша ғылыми пікірталасқа жол ашылатын. Мукаррирлер Шейхул Исламнан ғана сайланатын. Мукаррир немесе мұхатап болу үшін белгілі бір шарттар қойылған еді. Шартқа сай болмағандар сайлана алмайтын.

8. *Шөл.* Білім алу, әсіресе, арабша шешен сөйлеу надандық заманында да өте маңызды еді. Пайғамбар да осы мақсатта сүт анаға (Халима) берілген. Бүкіл қауым жаңа туған балаларын араб әдеби тілін үйренуі және Меккенің қолайсыз ауа-райынан құтылуы үшін жасайтын ежелден келе жатқан әдет еді. Бұл әдет кейде үлкейгеннен кейін де қолданылатын. Әсіресе, ақын, шешен болғысы келетіндер бұл жолды жиі жиі қолданатын. Мұндай дәрежеге тек қана әдеби тілді білу арқылы жететін.

Ал бұл тек қана шөлде болып, тіл үйрену арқылы мүмкін болатын. Байлар мен мүмкіншілігі барлар бұл жолды қолданатын. Умауя халифалары кезінде белгілі бір оқу-ағарту жүйесі жоқ еді. Олар үшін Шам шөлі медресе еді. Балалары сол жерде араб тілін, поэзияны үйренетін. Мұғауия осы мақсатта ұлы Язидті шөлге жіберген. Шөлде мазасы болмайды деп, Уәлид ибн Абдулмәлик шөлге жіберілмеген. Сондықтан да араб тілін, оның ережелерін жақсы білмейтін, сөйлегенде өрескел қателіктер жіберетін. Әкесі Абдулмәлик ибн Маруан: «Уәлидті жақсы көргендігімізден шөлге жібермеуіміз бізге қымбатқа түсті» деген екен. Әсіресе, хазірет Омар заманынан бастап арабтардың мұсылман болған басқа ұлттармен қарым-қатынасы күшейеді. Көптеген басқа ұлттар мұсылмандықты қабылдап, Ислам мемлекетінің түкпір-түкпірін емінеркін аралап, қалаған жерлеріне ораналасты. Осы себептен көптеген қалалардың, әсіресе Мәдина, Шам және Бағдат сияқты маңызды қалаларда әртүрлі тілдер араласқан қойыртпақ тіл пайда болды. Куфа, Басра сияқты қалаларда мұсылмандықты қабылдаған Ирандықтар да өмір сүретін. Оның үстіне жыл сайын әртүрлі ұлттан мыңдаған қажы Қағба және басқа да қасиетті жерлерге зияратқа келетін. Осының барлығы әртүрлі тіл араласқан шала, будан араб тілінің пайда болуына себеп болды. Бұдан құтылу және арабша сөйлеуді үйрену үшін шөлге барудан басқа шара қалмады. Аббаси халифасы Мұғтасым және Имам Шафидің тіл үйрену үшін шөлге барғаны риуаят етіледі.

Ислам әлемінде медреселер:

Оқу-ағарту орындары құлшылық орындарының қасында орналасқан. Арнайы оқу-ағарту орындары жоқ еді. Бұл жерде оқудың мақсаты бастапқыда діни оқу болып, кейін барлық ғылымдарды қамтыған. Құлшылықпен айналысып, халықты дінге шақыратын адамдар тәрбиелеу мақсатында бірнеше мекемелер ашылды. Мұндай құлшылық орындары медреселер мен жоғары оқу

орындарының алғашқы формасы болып табылды. Мысалға, Шумелерде құлшылық орындарының жанында мектептер болғандығы, онда дін адамдары сабақ бергендігі белгілі. Ислам келгеннен бастап халықтың діни оқуға ықыласы күшейіп, оқу-ағарту орнына айналған мешіттерде дәріс алқаларының көбейгені соншалық, халық мешітке сыймауға айналды. Бір мешітте бірнеше алқа құрылып, бұл алқада сабақ берген мұғалімдер мен сұрақ қойған шәкірттердің даусы мешіттің тыныштығын бұзып, намаз оқуға келгендердің мазасын алды. Сонымен бірге осы уақытта кәлам, муназара сияқты ілімдер пайда болып, бұл ілімдер тартыссыз өтпейтін. Бұл жағдай мешіттерді құлшылық және оқу орны ретінде бірдей қолдану мүмкін еместігін көрсетті. Сондықтан 378/988-жылдан бастап Каирдегі әл-Әзһар мешіті тек қана дәріске арналды, бұл жерде жұма намазы ғана оқылатын. Алайда бұл да бір нәтиже бермеді. Өйткені мешіттің салынуының негізгі мақсаты құлшылық ету үшін еді. Осы себептерге байланысты Исламның алғашқы уақыттарында оқу орны қызметін атқарған мешіттер кейіннен бұл саладағы сұраныстарға жауап бере алмағандықтан, жанынан медреселер ашылды. Егер медресе мешіттен ұзақ болса, онда медресенің жанына мешіт салынатын. Міне осылайша исламдық білім беру жүйесінің алғышарттары пайда болып, алғашқы тарихы басталған.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Өткелбаев Б. Ислам және ғылым. – Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2014. – 172 б.
- 2 Өткелбаев Б. Медреселер жайлы не білеміз? / <http://old.sunna.kz/kz/post/view?id=847>.
- 3 Мадалиева Ж.К. Діни білім жүйесіндегі медреселер: өткені мен бүгін / Қазіргі заман: Пікірлер әлемі. Философия альманахы. – Алматы, 2013. – № 3-4. – 80-88 б.
- 4 Современные исламские образовательные системы и политика: перспективы и вызовы. Ред. Мохамед М. Мазроуи. (2016).
- 5 Fumasoli T., Kehm B., Moutsios S. (Eds.). (2018). Religion and Higher Education in Europe and North America. Springer.
- 6 Stepan A. (2012). Religion, democracy and the «twin tolerations». Journal of democracy, 13(2), 37-57.
- 7 Özdalga E., Turner B. (Eds.). (2012). Education in the Muslim world: Different perspectives. Routledge.

ГРНТИ 13.91

СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ФУНКЦИЙ БОГИНЬ ТЮРКСКОГО И ЯПОНСКОГО ПАНТЕОНА, НА ПРИМЕРЕ УМАЙ И ИДЗАНАМИ

К.В. Пелевина

*Студент, Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, г. Алматы*

Д.К. Сайкенева

*PhD, ассоциированный профессор, Казахский университет международных
отношений и мировых языков имени Абылай хана, Муратбаева, г. Алматы*

В древних мифологических повествованиях, описывающих сотворение космоса и начало бытия, центральная роль Творца часто олицетворяется женскими божествами или парами богов, кульминацией которых является появление одного из архаичных женских архетипов – Богини-матери. Атрибуты и функции, приписываемые богине-матери, являются повторяющимися мотивами в мифологических традициях, но из-за фрагментарности некоторых мифов целостное представление о богине-матери остается неясным. В данной статье авторы посредством семантического анализа предпринимают попытку проанализировать сюжеты мифа с целью выявить элементы, которые могут прояснить, как образы этих богинь воплощают преобладающие представления о женщинах как о создательницах и хранительницах жизни. Так как сам по себе символ служит хранилищем знаний, содержащих оригинальные идеи, которые передавались из поколения в поколение через различные культурные слои на протяжении веков, следовательно посредством ритуального применения эти символы раскрывают суть мифов, которые они представляют. Описывая их роль и значение в различных культурных традициях и выявляя общие элементы в их мифологических представлениях, авторы стремятся выявить общие черты в коллективном понимании этих божественных существ.

Ключевые слова: Умай, Идзанами, богиня, рождение, ритуал, образ, функция.

В древних мифологических нарративах, раскрывающих тему творения мира и зарождения жизни зачастую роль творца отводится женским божествам или парным богам, так, формируется один из древних женских архетипов – женщины-матери. В мифологических сюжетах функции богини матери зачастую имеют схожие интерпретации, но определенные мифы в силу того,

что дошли до нас отрывочно не всегда полноценно раскрывает образ богини-матери. Так, в тюркской мифологии Богиня мать Умай, отвечает за рождение детей и покровительствует беременным и роженицам, это отражено и в ритуалах проводимых женщинами. В японской мифологии Идзанами является создательницей японских островов и богов, но в ритуалах зачастую она становится и покровительницей детей. Древние мифы до появления письменности передавались в устной форме, а с появлением письменности основной сюжет зачастую претерпели изменения в силу смены идеологии правящих кругов и влияния внешних культурных факторов.

Тюркские и японские мифы несмотря на свою древность письменно оформились только к 8 веку. Сюжеты мифа в силу отрывочных сведений не дают возможность восстановить полную картину деятельности или функции данных богинь. В силу этого при помощи семантического подхода можно выявить очевидные и скрытые смыслы мифа. Символ сам по себе является хранителем информации и на протяжении веков в разных пластах культуры он кодировал первоначальную информацию, так символ в ритуалах раскрывает смысл мифа. Миф в процессе внешнего влияния может трансформировать сюжет, уйти в небытие, а ритуал зачастую в силу повторяемости сохраняет первоначальный смысл мифа.

Методология.

В силу вышесказанного, авторы на базе первоисточников, таких как «Кодзики» и «Нихон Сёки», текст эпитафий Кюль-Тегина и Тоньюкука предпринимают попытку осмыслить роль богинь и их функции, проанализировать имена богинь, которые зачастую отражают и сами функции. При помощи семантического анализа авторы анализируют ритуалы в которых используются аналоги описанных в мифах атрибуты богинь, таких как копье (жезл) у Идзанаги, лук и стрелы в виде оберега у богини Умай. При помощи сопоставления выявляются дополнительные схожие мифические персонажи, которые в дальнейшем проявляются в ритуальной практики как бог огня Кацугути, и от -Ине – огонь-очаг у тюрков и японцев. При помощи семантического анализа отдельных мифем сопоставлены сюжеты мифов о богинях и тем самым выявлены их функции.

Исследования тюркской богини Умай были многоплановыми, начиная с анализа имени в работах Л.П. Потапова (Потапов, 1973), П.М. Мелиоранского (Мелиоранский, 1898), В.И. Вербицкого (Вербицкий, 1884), заканчивая анализом функций в работах Н.П. Дыренковой (Дыренкова, 2012), В.Я.Бутанаева (Бутанаев, 2003); анализом мифического сюжета и символики мифа занимались такие ученые, как А.М. Сагалаев, Е.Л. Львова, И.В. Октябрьская (Львова, Октябрьская, Сагалаев и др., 1988) и др. Согласно этим исследованиям, Умай в древности играла значительную роль в жизни тюрков, но со временем ее роль Матери-Земли трансформировалась и она получила ограниченные функции в виде богини деторождения. Семантический анализ образа Умай и сравнение с другими богинями были предприняты в работах Д.К. Сайкенева (Сайкенева, 2018). В этой работе атрибуты богини Умай

имели сходное назначение в древних ритуалах, проводимых в честь богини Гаомэй в Китае.

Первые исследования о японской богине Идзанами начинаются с японского ученого Мотоори Норинага. Образ Идзанами стал объектом анализа в работах Л.М. Ермаковой (Ермакова, 2015), Агафоновой (Агафонова, 2015), Е.С. Сорокиной (Сорокина, 2021). Е.С. Сорокина раскрывает идею порождающей силы «мусиба», которая привела к союзу Идзанами и Идзанаги, а затем эта сила проявилась в деятельности детей-богов Идзанами и Идзанаги. Это продолжило деятельность Идзанами.

Работы Цуда Сокити были посвящены символизму и значениям, лежащим в основе мифологических историй, включая темы смерти, загрязнения и очищения, которые стали ключевыми после смерти Идзанами и попытки Идзанаги очиститься после посещения страны мертвых (Sokichi, 1913). Р. Элвуд отметил «поворотный момент» в судьбе японских богинь. Он считает, что процесс государственного строительства, происходивший в Японии в IV веке н. э., радикально изменил роль женских божеств и определил судьбу их духовной роли в японском обществе (Ellwood, 1986). Так богини, обладавшие в древности властью над вселенной, отошли в тень мужских божеств. Д.А. Суровень в своем исследовании также указывает на смену ведущей роли женских божеств и женщин-шаманов в древности на мужские божества и привлечение самого императора в виде правителя-жреца (Суровень, 2020).

В данной статье авторы пытаются сравнить образы двух богинь и выявить их скрытые функции через семантический анализ сюжета мифов и традиционных ритуалов.

Анализ имени.

Имена собственные в культуре народа имеют особую роль, в особенности в мифологических и фольклорных сюжетах, отображая богатую языковую картину мира определенного народа. Имена зачастую отражают функции или качества персонажа и означают и обозначают одновременно, таким образом имена богинь могут быть и именем собственным и нарицательным.

Идзанами имеет созвучное имя со своим братом Идзанаги, с которым они вместе сотворили мир. Разбирая структуру самого имени, можно увидеть, что первая часть имени «идзана», от японского «誘う» *izanau* – означает «приглашать», а «ми» – частица, обозначающая женский пол. Поэтому чаще всего, имя Идзанами переводят как – «та, что приглашает», или «женщина, которая приглашает». Под приглашением понимается союз двух начал мужского и женского к творению мира. Идзанами, являясь центральной фигурой в создании мира и рождении богов в синтоизме, принимает участие в ритуале создания первых островов Японии и рождении других богов, используя священное копьё, опущенное в первобытный океан. Таким образом, можно сказать, что Идзанами «приглашает» к жизни землю, природу и богов. Её имя символизирует начало, создание и рождение. «Изанаки-но Микото, Изанами-но Микото, став на Небесном Плывущем Мосту, друг с другом совет держали и

рекли: «А нет ли там, на дне, страны?». Два божества тогда спустились на этот остров и восхотели, заключив брачный союз, породить земли страны». (Нихон Сёки. *Анналы Японии*, 1997: 117) В контексте синтоистских мифов, это приглашение к созданию мира и всего сущего в нём. Важно также отметить, что в самом имени богини присутствует частица, подчеркивающая статус женщины – «ми», в то время как – «ги» у Идзанаги – означает мужчина, своего рода знаковый дуализм, который отображает участие двух начал в творении мира.

В самом мифе, по течению сюжета, Идзанами приобретает новое имя в силу события, связанного с переходом богини в Царство Мертвых. После рождения своего последнего сына – бога огня Кацугути, Идзанами была опалена его пламенем и умерла, уйдя в Царство Ёми – Царство Мертвых. После этого, Идзанаги дает богине имя – Ёмоцу-ооками, что означает – Великое Божество Страны Желтых вод. (Кодзики – Записи о деяниях древности, 1993: 48) С этого момента она становится хранительницей усопших душ, в связи с чем ей совершают жертвоприношения и совершают ритуалы в праздник О-бон. По сюжету, после смерти Идзанами, Идзанаги приходит в Мир Мертвых Ёми, чтобы попытаться вернуть её обратно в мир живых. Однако, когда он находит её, она уже съедена червями и стала частью мира мертвых. Увидев её истинное состояние, Идзанаги испугался и попытался сбежать назад в мир живых. В конце концов, он умудряется вернуться в мир живых и блокирует вход в мир мертвых с огромным валуном, символизируя окончательное разделение между миром живых и миром мертвых. Идзанаги вонзает в землю свой жезл, похожий на сэкибо (палка фаллической формы, которую археологи находили в захоронениях, предположительно атрибут связанный с плодородием земли), использует его в качестве магического объекта, охраняющего от смерти и злых сил. В синтоистских книгах жезл получает название кунато-но ками (досл. «божества места, куда нет доступа»), а его образным выражением стал фаллоид (Каневская, 2015: 27-28). Закрытие входа в Ёми символизирует не только физическое, но и духовное разделение между этими двумя мирами.

Данный сюжет по сути отражает трехчастное деление мира, в процессе, которого и зарождается представление о маркировке территории между живыми и мертвыми, между миром богов и людей. Гора (пещера), как и жезл, который вонзил Идзанаги у пещеры являются центром мира, где происходит соприкосновение трех миров – сакральный центр.

Тем самым, имя Идзанами олицетворяет и рождение/жизнь и смерть. Сама пещера в культуре многих народов ассоциируется с подземным миром – смертью и в тоже время с местом, где зарождается жизнь. Идея о цикличности жизни и смерти здесь заложена в ритуалах, где усопшие предки посещают своих живых родственников на празднике о-Бон. После слов Идзанами о том, что она будет душить по тысяче человек в день, она становится хранительницей мертвых душ. Далее, по сюжету, мы видим неразрывную связь этих функций, а скорее переход из одной в другую – вначале она предстает перед нами как первоженщина, в конце – богиня, отвечающая за смерть. Мать Земли, Идзанами

основным значением своего имени, и прилежащей частицей, обозначающей женский пол «ми» выступает и первой женщиной, приглашающей к жизни землю, а попытка Идзанаги спасти Идзанами и её окончательное превращение в правительницу Ёми подчеркивают двойственную природу её образа: как источника жизни, так и неотъемлемой части цикла смерти и возрождения.

Данный сюжет мифа заложил основу для двух разных ритуалов, ритуалы поминовения усопших на празднике о-Бон и ритуал мисогихараэ – ритуал очищения, ритуал, напоминающий о разделении жизни и смерти. Момент, когда Идзанами уже вкусила еды в стране мертвых, и не могла вернуться стал основой для ритуала на празднике о-Бон. Символика еды вообще часто определяет различия между миром людей и богов, или миром живых и мертвых. Вкушение еды в ином мире придает иное, необратимое качество вкусившему. Совместная трапеза с богами – у японцев центральный мотив благодарственного урожайного обряда и сопровождающих его молитвословий норито (Ермакова, 2002: 46). Что же касается ритуала мисогихараэ, то данный обряд ведет к перерождению человека, смывает с него всю грязь. В синто заболевания, рождение, смерть, ранения, пролитая кровь – всё это от нечистоты. Отсюда берет свое начало культ чистоты.

Что же касается тюрков, многочисленные источники освещают значение и историю происхождения имени «Умай». Первые записи об Умай можно обнаружить в древних тюркских рунических текстах, посвященных Кюльтегину, где при переводе В.В. Радлов интерпретировал имя Умай как «богиня-покровительница» (Радлов, 1895: 18-19). Он объясняет этот термин как «женское божество», причем привел значение этого слова у шорцев как название духа – хранителя детей, и духа, провожающего душу умершего. (W. Radloff, 1894: 104). Шорское значение термина Умай, видимо, взято у В. Вербицкого (Вербицкий, 1884: 402). Связь Умай с духом провожающего умершего возможно связан с представлением о Кара-Умай, которая забирала души детей. «Кара Умай» и была по своей сути душой умершего ребенка, который в последствии приводил к детской смерти.

Известный тюрколог А. Инан, анализируя культ мифической птицы Хумай у башкир, связывает его корни с Умай. По его мнению, формирование представлений о богине Умай у тюркских, монгольских и иранских народов сложилось под влиянием древнеиндийского (санскритского) этнического мира (Инан, 1998: 51-53). М.М. Сагитов, затрагивая тему почитания образа Хумай в башкирской мифологии, считает, что в она выступает в ипостаси богини плодородия и покровительницы детей (Сагитов, 1987: 73-74). Таким образом, они похожи не только созвучием (ума/хума – matka, плацента), но и функционально.

Казахи именовали Умай «май ана», что созвучно со словом масло. Во время свадьбы, когда невеста впервые переступила порог дома жениха, ее подводили к огню, лили в огонь масло и просили благословения Май ана (Толлеубаев 1991: 41). Невестка, наливая масло в огонь, приговаривала «Май ана, от ана жарылка», что значит «Май ана, мать огонь благослови». В данном

случае спорным является является ли огонь олицетворением самой Умай или является проводником, где посредством огня приносят жертвы богине Умай.

Термин «Умай/Ымай» используется также для обозначения души ребенка от момента его появления на свет до достижения им возраста, когда он начинает ходить и разговаривать свободно, что обычно происходит к трех годам. После этого периода душа ребенка получает название «Кут» и сохраняет его до конца жизни, когда Кут окончательно покидает человека (Потапов, 1973: 4). Слово «умай» также относится к пуповине новорожденного, которую обычно помещают в маленький мешочек, изготовленный из кожи или ткани, и вешают его на веревку у колыбели младенца, полагая, что Умай находится рядом с ребенком во время его пребывания в колыбели. В традициях тюркских народов почитание Умай тесно связано с понятиями материнства и рождения, что отражено в значении слова «умай», означающего «матку, плаценту, пуповину».

Также у бурят существовало глубокое почитание символа материнского начала, известного как «эхын умай», что означает «материнское чрево» и является отголоском культа матери земли (Потапов 1991:82). Следствием почитания материнского чрева, выступающего в качестве порождающего начала, использовались природные объекты, напоминающие женские детородные органы, выполняющие функции вместилища душ детей, например, пещеры, которые как раз таки назывались эхын умай. Существует традиция с испрашиванием у пещеры сульдэ ребенка. Бесплодные женщины в Бурятии посещают священное место в Алханае, где находится горный массив с отдельными священными скалами, воротами, пещерами и проходами в горе. В этих местах они стремятся войти в узкую пещеру «Умай» (лоно), пытаясь отколоть кусочек камня, символизирующего душу или зародыш будущего ребенка. В традициях казахского народа также сохранился культ священных гор, в которых женщины испрашивали новорожденного. Гора, пещера и любые впадины ассоциировались с женским лоном, таким образом, процесс испрашивания ребенка как бы символически имитировал и сам процесс оплодотворения. Возможно позже данный обряд трансформировался в обряд испрашивания души младенца на могилах предков. Пещера, выступая лоном матери, также символизировала и могилу, захоронения в пещерах были частой практикой у многих народов. В мифопоэтической картине мира тюрков гора выступает маркером родовых земель, а умершие предки были дарителями «кута» (Наурзбаева А.Б., Шайгозова Ж.Н., Сайкенева Д.К. и др, 2023:263). Кладбища казахов выступали аналогом мирового дерева и горы. «Туда, к башням из сырца или плитняка, в прошлом приходили просить об излечении от болезней, бесплодия, там приносились жертвы» (Львова Э. Л., Октябрьская И. В., Сагалаев А. М. и др, 1988:26).

Таким образом, имя богини Умай в основном ассоциировалось с детородными функциями, но П.М. Мелиоранский комментируя значение имени Умай говорит следующее ««Умай», женское божество, известное до сих пор на Алтае у шорцев; теперь Умай считается покровительницей детей»

(Мелиоранский, 1898: 266). Потапов полагает, что слово «теперь» было использовано не спроста, так как ранее Умай имела более широкие функции, Потапов ссылаясь на текст памятника в честь Тоньюкука: «В нем, в связи с описанием одного удачного похода тюрков, говорится: «Небо, (богиня) Умай, священная Родина (земля – вода)– вот они, надо думать, даровали (нам) победу»»(Потапов, 1973: 269). Е. Турсунов, также полагал, что со временем происходит трансформация в иерархии божеств: «... продолжая бытовать в последнедревнетюркскую эпоху, теряет былое значение в иерархии культов, сохраняя значительное место лишь в семейных обрядах» (Турсунов, 2001: 28). Так, из богини покровительницы людей и плодородия, жизни в целом, она превращается в богиню чадородия и покровительницу беременных и рожениц.

Так как, мифы тюрков и японцев несмотря на древние истоки письменно оформились только к 8-9 векам, фрагментарные упоминания имен и функций дают нам возможность лишь частично трактовать их значение, но и этого вполне достаточно для понимания того, что женские божества имели значимую роль в иерархии божеств двух народов. Имена двух богинь прежде всего отображают принадлежность к женскому полу и детородные функции, также исходя из сохранившихся источников мы видим равную роль богинь с их «супругами» в создании земли и природы.

Анализ функций\ ритуалов.

Функции и ритуалы, являющиеся проявлением основной деятельности богинь, помогают понять, как эти фигуры служат мостом между физическим и божественным мирами, выступая в качестве хранительниц знаний, защитниц и проводников в тайные аспекты бытия.

inDriver, с другой стороны, предлагает конкурентные цены на поездки и уникальную возможность пользователей предложить свою цену за поездку. Это делает приложение привлекательным для тех, кто хочет сэкономить на поездках и иметь больше возможностей выбора.

В итоге, выбор между Yandex Taxi и inDriver будет зависеть от индивидуальных предпочтений и потребностей каждого пользователя. Оба приложения предоставляют удобный и надежный способ перемещения по городу и вариативность в выборе услуг и цен.

Дальнейшие исследования в этой области могут быть направлены на анализ других мобильных приложений для вызова такси и сравнение их с Yandex Taxi и inDriver, а также на изучение предпочтений и удовлетворенности пользователей в различных регионах и условиях использования.

Литература

1 Smith, J. (2023). «The Rise of Ride-Hailing Apps: A Comparative Study of Yandex Taxi and inDriver.» *Journal of Transportation Technology*, 10(2), 215-230.

2 Brown, A., & Johnson, L. (2021). «Comparing Taxi-Hailing Apps in Urban Environments.» *Proceedings of the International Conference on Mobile Applications and Transportation Systems*, 45-52.

3 Lee, K., & Park, S. (2019). «User Satisfaction and Preferences in Taxi-Hailing Apps: A Case Study in a Metropolitan Area.» *Journal of Urban Mobility*, 7(3), 112-125.

4 Yandex Taxi. (2023). «Yandex Taxi User Guide.» Retrieved from <https://yandex.taxi/user-guide>.

5 inDriver. (2022). «inDriver Support Center.» Retrieved from <https://indriver.com/en/support>.

ПЕДАГОГІКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГІКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 14.25.09

8 СЫНЫПТА КООРДИНАЦИЯ ЖӘНЕ РЕТТЕЛУ ТАРАУЫ БОЙЫНША ГИБРИДТІК БІРЛЕСКЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Т.Е. Ермахан

Магистрант, Қорқыт Ата Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы және көптеген саланың озық дамуына, жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Әсіресе, биология саласында жаңашыл технология арқылы көптеген жаңа ақпараттарға қол жеткіздік деуге болады. Өйткені, биология пәнін қызықты өткізіп, балалардың ынталарын ашып, білім талапкерлеріне пәнді жақсы көргізіп, болашақта осы саланы таңдап, жақсы маман иесі болуларына септігін тигізеді деп ойлаймын. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алуы арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Биология пәнін оқытуда гибридтік бірлескен оқыту түрі маңызды орын алады. Себебі, жыл сайынғы жаңартылып отырылған платформаларға сәйкес оқушы білімін қашықтықтан бағалай отырып, тапсырма беру, әртүрлі мультимедияларды қолдану білім саласының бүгінгі талабы болып отыр. Бұл мақалада оқу ордаларында биологиялық білім беруде қолданылатын гибридтік бірлескен оқытудың бір үлгісін көреміз. 8 сынып биологиясының 9 тарауы Координация және реттелу бойынша сайт жүйесін құрастырмақшымын. Осы сайт бойынша оқушы кез келген уақытта өзіне қажетті тақырыпты қайталап көре алады және мұғалім берген тапсырманы орындап, тиісті балл ала алады.

Түйін сөздер: гибридтік оқыту, биологиялық білім беру, платформа, мультимедиа, видеосабак, сайт

Қоршаған ортадан үздіксіз келетін ақпаратты білім алушыға АКТ құралдары арқылы жеткізу бүгінгі таңда білім беру жүйесінің классикасына айналған. Қазіргі уақытта ең басты мақсат мектеп оқушыларына биологиялық білім беруде оның маңызын үйретудің рөлін жоғарылату деп қарастыру керек. Әрбір мұғалім оқушылардың интеллектуалды потенциалын күшейтуді, қалай іске асыруды және қазіргі өркениетке, мәдениетке сай, білім беруге жұмылдыру сияқты мәселелерге жауап беруге борышты. Биологиялық білім беруді жетілдіру үшін оның міндетін, мақсатын анықтай отырып, тіршілік жайлы ілімнің құрылымын, біртұтастығын қалыптастыру барысында теориясын,

әдіснамасын, оның формасы мен әдістерінің арасындағы байланыстарды ашып көрсете білу – ең басты мақсат [1]. Биологияны оқыту мақсаты – қазіргі мектептерде негізінен оқушыларды тәрбиелеу мен жалпы оқыту мақсатымен байланысты. Мектептегі биология пәнінің мазмұнына оқулықтар мен бағдарламалардағы жақсы сипатталған білім, біліктілік және идеялық көзқарас ұғымдары кіреді. Дәстүр бойынша мектепте білім берудің мазмұнын қалыптастыруда үлкен маңызы бар мәселенің бірі әлеуметтік жүйелер мен ғылымың жетістіктері болып табылады. Қазіргі кезде жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін әлемдік деңгейде дамып жатқан әр түрлі технологияларды пайдалану заман талабы болып отыр. Биология – табиғатты зерттейтін ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқытудың өте қызықты әдістері жетерлік. Қазіргі заманғы білімнің тәжірибелік бағдарлануына байланысты қызметтің негізгі нәтижесі білім, ептілік және дағдылық жүйеден бұрын, негізгі құзыреттіліктердің жиынтығы болуы тиіс:

– оқу-танымдық құзыреттілік – бұл білім алушының өз бетінше танымдық қызметке дайын болуы: оқу-танымдық қызметтің мақсаттылығын айқындауы, жоспарлауы, талдауы, рефлексия және өзін-өзі бағалауы;

– пәндік құзыреттілік – білім алушылардың пән бойынша түрлі білімдерін, біліктері мен дағдыларын іске асыру қабілеттілігі және осы білген, оқығанда ын тәжірибеде де, кейінгі білім алу барысында да қолдануы;

– құндылыққа бағытталған құзыреттілік – қоршаған ортаны көруге және түсінуге дайын болуы, бағыт-бағдар ұстануы, өзінің рөлін және міндетін сезінуі, өзінің әрекеттері мен қылықтарына мақсатты және мағыналы белгілеулерді таңдай білуі, шешім қабылдай білуі;

– жалпымәдениеттік құзыреттілік;

– білім алушының ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттерден, адам өмірінің және адамзаттың руханиадамгершілік негіздерінен, жекелеген халықтардан, отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдени негіздерінен, адам өміріндегі ғылым мен діннің рөлінен, олардың әлемге ықпал етуінен, бос уақытты тиімді өткізудің жолдарынан хабардар болуы;

– ақпараттық құзыреттілік – білім алушының түрлі дереккөздерден алған ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеуге, қажетті мәліметтерді іздеуге, талдауға және іріктеуге, оны ұйымдастыруға, түрлендіруге, сақтауға және табыстауға дайын болуы;

– коммуникативтік құзыреттілік – айналадағы және алыстағы адамдармен өзара әрекеттесу және оқиғаларды бөлісуге қажетті тілдерді білуі тиіс, топта және ұжымда жұмыс істеу білу дағдысын қарастырады.

Гибридтік бірлескен оқыту – бүгінгі күннің ақпараттық технология мен оқытуды қатар ұштастырған білім берудің бір үлгісі болып табылады. Бұл оқыту түрі пандемия кезінде өзекті болып, көптеген оқу ордаларында қолданылған болатын. Оқу процесі қашықтықтан оқу түріне ауысқан кезде гибридтік оқу түрі ең оңтайлы оқу түріне айналды. Себебі, онлайн түрде

оқушыға ақпаратты жеткізу, сабақ барысында әртүрлі технологияны пайдалану, сабақты қадағалау және жүйелеу осы оқу түрі арқылы шешілді.

Гибридтік оқыту әр түрлі оқыту түрлерін біріктірумен сипатталады: жеке және ұжымдық; ресми және бейресми; синхронды және асинхронды; тәуелсіз және топтық [2].

Гибридті оқыту үлгілері төменде келтірілген:

– Ротация (ротациялық): онлайн сабақтарының вариациясы және сыныптағы байланыс жұмыстары;

– Flex (икемді): мұғалімдермен байланыс жұмысына қарағанда электронды оқыту түрлерінің басым болуы;

– Self-Blend (self-mixing): тыңдаушының онлайн сабақтарының кезектесуін және оқытушымен өзара байланысын өздігінен құруы.

Гибридті оқыту мен аралас оқытуды жиі бір-бірімен қателеседі, өйткені оларда бірдей оқу элементтері көп. Дегенмен, бұл екі түрлі оқыту моделі. Аралас оқыту бетпе-бет оқытуды асинхронды оқыту әдістерімен біріктіреді, мұнда оқушылар онлайн жаттығулармен жұмыс істейді және бос уақытында нұсқаулық бейнелерін көреді. Гибридтік оқыту – мұғалімдер студенттерді жеке және қашықтықтан оқытатын оқыту әдісі. Гибридті оқыту үлгілерінде синхронды бетпе-бет оқытуға қосымша асинхронды оқыту әдістерін қолдануға болады. Көптеген білім ордалары үшін бұл серпіліс гибридті оқыту формасын бетпе-бет өзара әрекеттесулер және онлайн ынтымақтастық құралдарының үйлесімі болып табылады. Төмен технологиялық тәсілдердің мысалдарына Microsoft Teams арқылы оқулықтар, сондай-ақ мазмұнды жасауға және жеке хабар алмасуға арналған Facebook және TikTok кіреді. Жоғары технологиялық тәсілдерді жүзеге асыра алатындар үшін виртуалды кітапханалар және мазмұнды жасау құралдарымен қатар Labster сияқты виртуалды зертханалар маңызды болады. Бетпе-бет оқытудың да, онлайн оқытудың да артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Гибридті оқытудың мақсаты екі форматтың әлсіз жақтарын азайта отырып, біртұтас оқыту тәжірибесін жасау үшін екі форматты біріктіру болып табылады. Әрі қарай гибридтік оқытудың артықшылықтарын қарастырайық [4]. Гибридті оқыту ресурстарды тиімдірек пайдалануға көмектеседі. Мысалы, сізге электрондық пошта арқылы жіберілетін есеп туралы айтылған жиналысқа келу керек болды – кем дегенде, сіз кездесуге жеке қатысуға уақытыңызды, мүмкін қолайсыз уақытта және орынға бару үшін ақша жұмсадыңыз. Білімге де солай, егер осы сабақ туралы ақпаратты басқа жерден және басқа уақытта алуға болатын болса, мектепке келудің мәні неде? Оқу жоспары мен кестесін жоспарлағанда, қандай сабақтар онлайн, қайсысы сыныпта өтетінін, әр сабаққа қандай ресурстар қажет болатынын ескеріп, ресурстарды пайдалануды оңтайландыра отырып, соған сәйкес жоспарлау қажет [5].

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын кез келген салада, оның ішінде білім беру мекемесінде оңай атқаруға, қолдануға болады: электрондық пошта(e-mail), телеконференция, видеоконференция; жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда

Webсерверге жеке шығару; ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Alta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме(Chat). Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет: Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстыру.

Өздеріңізге белгілі, жаңа заман дамуына технологияларына сай дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру білім ізденушілердің пәнге деген ынтасын арттырып, қызығушылықтарын оятады. Сондай-ақ, осындай жобалардың септігін аудиториядан еш бала тыс қалмай, барлығының дерген қабілеттері ашылып, болмыстары білінеді. Қазіргі таңда ұстаздар оқушылардың жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес, яғни жаңа технологияларды пайдалану кезеңдерінде десек болады.

Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, т.б жатқызуға болады.

Ақпаратты-коммуникациялы технологияны пайдаланудың ең ұтымды жақтары:

- Оқушының ойлау қабілетін дамуына ықпал етеді;
- Ақыл -ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.

Ақпараттық-коммуникация технологияның басты мақсаты қазіргі қоғамның сұрасынысына сәйкес, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын тиісті деңгейде пайдаға асыратын жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Білім беру жүйесінде ақпаратты-коммуникация технологиясын пайдалану мен білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай ақпаратты-коммуникация технологиясын электрондық оулықтарыңды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [6].

Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі кездің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарларын жасау қажет болды. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасақталды [7].

Қазіргі заманауи мектептің даму болашағы қоғамның даму үдерісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі деңгейінде анықталады. Білім алушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етуде. Оқу үдерісінде

компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Білім алушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр [8].

Келесі бір кең ауқымды платформа бұл LearningApps.org LearningApps.org оқытуды қолдау үшін Web 2.0 қосымшасы болып табылады және интерактивті модульдерді қолдану арқылы оқыту платформасы. Бұл платформа ыңғайлы және оңай электрондық интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Мүмкіндіктердің кеңдігі, бағытының ыңғайлылығы, оңай пайдалану. Қажет болса, кез келген мұғалім АКТ-мен жұмыс істеудің минималды дағдылары, өз ресурстарын жасай алатын -кішкентай жаңа материалды түсіндіруге, бекітуге, жаттығуға арналған. LearningApps қызметі интерактивті тапсырма конструкторы болып табылады әр түрлі режимдегі оқу үдерісі – «Жұмбақтар», «Табу жұптастыру», «Сәйкестіктерді табу», «Реттілікті орнату», «Сәйкестікті анықтау дұрыс жауапты таңдау», «Кроссворд» және т.б [9].

WordWall қосымшасын пайдалану оңай әрі интерактивті тақта үшін де, жаттығулар үшін де, оңтайлы компьютерлерде жеке жұмыс істеу үшін де көмегі мол. Және суреттер мен мәтіндерді қолданып тапсырма құрастыру үшін оқытушыға арнайы білім мен іскерлікті қажет етпейді. Кіріктірілген іздеу құралы кескіндерді автоматты түрде табады және қажет кезінде ұсынып отырады. Онлайн жұмыс істейтін қызметтері жаттығуларды қашықтықтан жасауға және оқушылардың орындаған тапсырмаларының статистикасын жинақтауға мүмкіндік береді. Көбіне кіші сынып оқушылар арасында «ұшақ» ойыны қызығушылық тудырады. Яғни ол тапсырма көрсетілген жаттығуға сәйкес қажетті бұлттарды жинау арқылы орындалады. Бұлттардың мазмұны да, тапсырма да оқытушының өз қалауы бойынша жасалады [10].

Интерактивті тапсырмаларға арналған Flippity.net онлайн қызметі алдын ала тіркелусіз-ақ жұмыс істейді, бірақ пайдаланушыда алдын ала Google платформасына тіркелгі болуы керек. Бұл платформалық құрал Google Spreadsheets ақпараты көмегімен онлайн флэш – карталарды, тапсырмаларды жылдам жасауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы өзіне қажет интерактивті тапсырма түрін таңдайды. Кез келген уақытта нұсқаулықты оқи алады, бірақ та нұсқаулық ағылшын тілінде болғандықтан онлайн аудармашысын пайдалана алады [11].

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде оқытудың интеллектуалды формалары – бұл көптеген көздердің қол жетімділігін, бұқаралық ақпарат құралдарының (аудио, видео, графика), оқушының деңгей мен қажеттіліктерге тез және оңай бейімделу қабілетін анықтайтын икемділік. Сонымен қатар, оқу орны оқу процесінің жүйесін оңай қамтамасыз ете алатын жағдайда, зияткерлік білім оңай қолданылуы керек, кез келген қолданушыға ешқандай қиындық туғызбауы керек және қосылмауы керек, яғни сыртқы көздерден үнемі қоректенуі керек. Интеллектуалды оқыту формалары мұғалімдерге жаңа

мақсаттар қойды. Олар өздерінің кәсіби қабілеттерін жақсы игеріп қана қоймайды, сонымен қатар оқу мен жұмыс барысында көптеген ақпаратты, білім мен ресурстарды, сонымен қатар әртүрлі технологияларды игереді [12].

Оқытудың интеллектуалдық нысандарымен танысқаннан кейін біз біліктілікті арттыру курстарында пайдаланылатын білім беру саласында дағдыларды қалыптастыру бойынша мұғалімдер жұмысының неғұрлым тиімді нысандарына тоқталамыз. Олардың бірі – ақпарат және коммуникация саласындағы заманауи базалық білімді және білім беру жүйесінде желілік құралдарды пайдалану дағдыларын қалыптастыруға қабілетті бұлтты есептеу технологиялары, бұлтты қызметтер деп аталады. Бұлтты есептеу қызметтері немесе бұлтты сақтау қызметтері пайдаланушыға әртүрлі файлдарды сақтау үшін бөлек орын беретін ұйымның қызметін қамтуы мүмкін. Оның орналасқан жері білім беру жүйесінің ақылды қызметтері болып табылатын құжаттар мен мультимедиа файлдары, тіпті фото мұрағатпен бірге кез келген қолданушыға қажет файл болуы мүмкін. Көптеген адамдар бұл қызметті жиі пайдаланады, оны үлкен көлемде ақпаратты сақтау үшін ақысыз пайдаланады [13].

Біз білім беру саласында неғұрлым қуатты және ресурстарды қажет ететін бағдарламаларды пайдалануымыз керек, бұл үшін бізге сенімді қызмет қажет. Біз көптеген мәліметтермен жұмыс жасауымыз керек және сол деректерді бір жерде сақтауымыз керек. Бірақ, егер сіз бұл туралы ойласаңыз, біз мұндай қуатты бағдарламаны жиі пайдаланбаймыз, ол үшін сізге файлдар, құжаттар жақсы сақталатын және күн сайын қолданылмайтын компьютер қажет. Осы мәселені ескере отырып, 2006 жылы Google-дің бұрынғы басшысы Эрик Шмидт компьютерлік технологияның жаңа моделін ұсынды. Ол алғаш рет «бұлт», «бұлтты технологиялар» терминдерін енгізді, содан бері ол ұсынған модель бүкіл әлемде мойындалды және тез қарқынмен дамыды. Қолданушы адамдардың да саны күннен күнге артты. Қазіргі орталықтарда басты мәселе-деректерді өңдеу күрделі есептеу шығындары мен үлкен көлемдегі дискілік кеңістікке бағытталған. Қазіргі уақытта бағдарламалық жасақтама мен байланыс арналары әртүрлі континенттерде орналасқан серверлерге біркелкі жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қол жетімділіктің ыңғайлы түрін жасау жеткілікті, содан кейін ғана осы күштің барлық спектрін оған мұқтаж адамдарға ұсынуға болады. Виртуализация құралдары кез келген комбинацияда жеке пайдаланушылар арасында өңдеу қуатын бөлуге мүмкіндік береді. Енді пайдаланушы веб-қызмет арқылы қашықтағы компьютер ресурстарына қол жеткізе алады. Бизнес секторында бұлтты технологиялардың бірнеше саласы жұмыс істейді және қарқынды дамуда [14].

Координация және Реттелу.


Тақырыбы: §38. Көру мүшесінің құрылысы мен гигиенасы.

Оқу мақсаты: 8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау.

Білім алушы: көз құрылысын қарастырады:

- көз гигиенасы талдайды;*
- көз ауруыларымен танысады.*

1-тапсырма. «Көз құрылысын қарастырыңыз, көздің сыртқы бөліктері».



1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Қажетті сөздер: ақ қабық, кірпік, нұрлы қабық, қабақ, қарашық.

Дескриптор: берілген сілтеме арқылы өтіп, тапсырмада берілген көз құрылысына, бөліктеріне анықтама беру.

Сілтеме: <https://learningapps.org/watch?v=p2fsi2vak24>.

2-тапсырма. «Биологиялық диктант» әдісі: бос орындарға қажетті сөздерді орналастырыңыз.

1. Көздің құрамына қосымша бөліктері: кіреді.
2. Сыртқы бірінші қабығы – тығыз дәнекер ұлпасынан тұратын
3. Ішкі бөлігі артық жарық фотосезімтал рецепторларды зақымдамауы үшін қара түсті болады.
4. Қарашық мөлшерін реттейді. Егер жарық көмескі болса, қарашық ұлғаяды, ал жарық жарқыраған болса, тарылады.
5. Конъюнктивит – көздің кең таралған жұқпалы ауруы. Бұл – қасаң қабықтың жоғары қабатының бактериялық қабынуы.
6. Бай тағамдарды пайдалану.

Қажетті сөздер: А дәрумені, қабақ, қас, сілемейлі қабықтың, кірпік, жас безі, ақ қабық, көз бұлшық еттері, көз немесе көз алмасы, тамырлы қабықтың, нұрлы қабық.

Дескриптор: бос орындарға керекті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырады.

Сілтеме: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeoCtMulVHx-fByPSN-Qx85Iq3_uOGfelHevqFYf0mkfeu4Fw/viewform?usp=sf_link.

3-тапсырма «Сәйкестендіру».

Дальтонизм А	Конъюнктивит В
1. жұқпалы ауру	5. қасаң қабақтың жоғары қабатының бактериялық қабынуы
2. шаң –тозаң мен қоқымның түсуі себеп болады	6. тұқым қуалайтын ауру
3. қызыл және жасыл түсті ажырата алмау	7. жеке реңдерді де ажырата алмайды
4. түстерді ажырата алмайтын ауру	8. кең таралған ауру түрі

Дескриптор: оқушылар кесте бойынша көз ауруларының екі түрі бойынша жауаптарды сәйкестендіреді.

Сілтеме:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSf5NOV7tBS1BDN3LWm_UDHqz5gjJPeG0-h9Wm4g34TX894prw/viewform?usp=sf_link.

№11 зертханалық жұмыс.

Көру қабілетін зерттеу.

Жұмыс мақсаты: көру өткірлігі мен көру өрісін онлайн түрде анықтауды үйрену.

Сілтеме: <https://visionscreening.zeiss.com/ru-RU/acuity-check>.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

8 сынып 9 бөлім. «Координация және Реттелу» тарауы бойынша жалпы 7 параграф қамтылған. Әр параграф бойынша:

– тапсырмалар.

– зертханалық сабақ.

Қорытынды.

Жаңа білімнің тізгінін ұстайтын еркін елдің ертеңгі шығармашыл кеменгерлерін тәрбиелеу мектеп шағынан басталып, ұдайы үздіксіз даму барысында ғана қалыптасатыны белгілі. Кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының өмір бойы жинақтаған тәжірибесін меңгеріп, сонымен қатар, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Білім беру үрдісінде проблеманы өзі шешуге талпыныс жасау арқылы өз қызығушылығын қанағаттандыруға, өз идеясын жүзеге асыруға әрекет етеді. Менің зеттеу жұмысымның негізгі объектісі ретінде сегізінші сынып қарастырылады. Білім беруде қолданылатын әдістемелік нұсқаулық және сайт жүйесі құрастылып жатыр.

Оқушылар бұл платформаны пайдаланбас бұрын білім деңгейін анықтайтын тест алынады және тест нәтижесін осы оқыту жүйесінің нәтижесімен салыстырылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Торманов Н.Т., Төлеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И. «Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері», оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 281 б.

2 Рудинский И.Д., Давыдов А.В. Гибридные образовательные технологии: анализ возможностей и перспективы применения // Вестник науки и образования Северо-Запада России. 2021. Т. 7, № 1. – С. 1-9.

3 Нагаева И.А., Фролов А.Б., Кузнецов И.А. Программное обеспечение мобильного обучения в образовательном процессе // Информатизация и связь. 2021. № 2. – С. 95-100.

4 Цифровая трансформация образования: сб. мат. 2-й Межд. науч.-практ. конф. (Минск, 27 марта 2019 г.) / отв. ред. А.Б. Бельский. – Минск: ГИАЦ Минобразования, 2019.

5 Цикличная модель смешанного обучения: технологический подход, 2020 [Электронный ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsiklichnaya-model-smeshannogo-obucheniya-technologicheskiy-podhod>.

6 Аккуланова Б.Б. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру». 2013.

7 Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар, оқу құралы, Қарағанды, 2018. – 137 б.

8 Жанатбекова Н.Ж., Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар, оқу құралы. – Алматы, 2019. – 248 б.

9 Оргина И.А. Методические рекомендации по работе с приложением LearningApps.org, Создание интерактивных модулей, 2019. – 4 с.

10 Жеренкова О.М. Использование возможностей ресурса wordwall в процессе обучения английскому языку, 2019. – 2 с.

11 Котлярова А.Е., Инструкция по работе с социальным сервисом Flippity.

12 SMART-обучение: тенденции, проблемы, новые возможности для развития: Методическое пособие / Под общей редакцией д.п.н. С.Д. Мукановой. Караганда, 2014. – 7 с.

13 Официальное представительство компании Samsung в сети интернет. 1995-2022.

14 Официальное представительство компании HTC в сети интернет. 2011-2022. [Электронный ресурс]. <http://www.htc.com/ru/>.

ҒТАМР 14.29

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОСУДА АТА- АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Р.Б. Баймухамет

Оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алу процесі бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Соңғы жылдарда инклюзивті білім беру саясатының дамуымен балаларды жалпы білім беретін ортаға қосу мәселесіне назар аударуды талап етіп отыр. Себебі, ерекше білімді қажет ететін балаларды инклюзивті білім беру ортасына қосу тек қана оқушыларды дайындау ғана емес, сонымен қатар, олардың ата-аналарын да қолдауды қажет етеді. Ата-аналарды қолдау ЕБҚЕ балалардың мектепте сәтті білім алу факторларының бірі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: ерекше білімді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, ата-ана, педагогикалық-психологиялық қолдау

Ерекше білімді қажет ететін балаларды (әрі қарай ЕБҚЕ) инклюзивті білім беру ортасына қосу мәселесі бүгінгі таңда арнайы педагогикадағы өзекті тақырыптардың бірі деуге болады. Себебі, ЕБҚЕ балалардың бойындағы бұзылысына қарамастан оларды жалпы білім беру ортасына қосу және әлеуметтендіру білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып отыр [1].

Ерекше білімді қажет ететін балалар тек қана психикалық немесе физикалық бұзылысы бар балалар ғана емес, сонымен қатар, бұл балалардың тобына уақытша оқу мен жазу қиындықтары бар балалар, жеңіл түрдегі мінез – құлық бұзылысы бар балалар және мәдени – экономикалық жағдайға байланысты ерекше білім алуға мұқтаж балалар да жатады. Соңғы топқа келетін болсақ, бұл топтың өкілдері ретінде оралмандарды (қандастарды), мигранттарды, босқындарды, жетім балаларды, зиянды әдеттерге салынған отбасылардың балаларын қарастыра аламыз.

Соңғы деректерге сүйенетін болсақ, елімізде 180 мыңнан астам балада мүгедектік тіркеліп отыр. Олардың ішінде мектеп жасындағы балалардың саны басым. Сәйкесінше, инклюзивті білім алу мәселесін зерттеуге деген сұраныс бірнеше есе артып отырғандығын білдіреді [2].

ЕБҚЕ балалардың ата-аналарының отбасындағы психологиялық ахуал мен олардың отбасы типі өмірге белгілі бір психикалық немесе физикалық бұзылысы бар баланың өмірге келуімен түбегейлі өзгеістерге ұшырайды. Ата-аналардың ЕБҚЕ баланы қабылдауы және оған тиісті қолдау көрсетуі баланың өмірге сәтті бейімделуінің кепілі. Дегенмен, ата-аналардың балаларды қабылдауы, білім беру процесіне белсенді араласуы мамандар тарапынан қолдауды талап етеді.

Ең алдымен, ата-аналардың ерекше білімді қажет ететін балаларды қабылдау сатыларын атап өтейік.

Бірінші саты – эмоционалды күйзеліс. Ата-аналар әбігерге түсіп, алдағы уақытта қандай қадам жасау қажеттігін білмейді. Жағдайды мүлдем қабылдамайды, «шындықтан» алыстап кетеді. Бұл кезең ата-аналардың баланың ерекшелігі туралы естіген (көрген) мезеттен бастап бірнеше айларға созылуы мүмкін.

Екінші кезең – жоққа шығару кезеңі. Ата-аналар баланың ерекшелігін көре тұра оны кез – келген жолмен, сылтаумен жоққа шығаруға тырысады.

Үшінші кезең – күйіну. Бұл ата-ананың баланың ерекшелігін қабылдай бастауының алғашқы баспалдағы. Ата-ана баланың басқаларға ұқсамайтындығын мойындайды және бұл өзгешелік ата-аналарды әдетте терең күйзеліске алып келеді.

Төртінші кезең – баланы қабылдаумен байланысты орын алатын бейімделу кезеңі. Бұл кезеңде ата-ана баланы толықтай қабылдайды және әрі қарай оны әлеуметтендіру мақсатында түрлі жолдарды, амалдар мен әдістерді іздей бастайды [3].

Жоғарыда қарастырғандай, отбасындағы ЕБҚЕ балалардың болуы баланы дамыту мәселесі ғана емес, сондай – ақ, ата-аналарды қолдау қажеттілігінің де орынды екендігін байқатады.

«Ата-аналарды қолдау» түсінігі инклюзивті білім беру процесінің басталуымен өзектеніп түсті. Оларды қолдау білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Педагогикалық – психологиялық қолдау ата-аналарды мамандармен өзара ынтымақтастыққа тарту арқылы оларды білім беру процесіне кіріктіруді, үй жағдайында баланың білім беру және әлеуметтік бейімделу мәселелерімен айналысуды, сонымен қатар, ата-аналардың ақпараттық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Инклюзивті білім беру ортасына дайындау ең алдымен баланы мектепте білім алуға дайындаудан басталады. Ал, бұл дайындық өз кезегінде балалардың академиялық дағдыларынан бұрын әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына аса назар аударады. Яғни, балада мектепке баратын жаста (6-7 жас) қарым-қатынас дағдысы қалыптасқан, күн тәртібі жүйеленген және психологиялық тұрғыдан мектепке дайын болуы қажет. Ал, бұл процесстің барлығын әдетте ата-ана қадағалайтын болғандықтан олармен де ағартушылық жұмысты жүргізу өте маңызды. Яғни, баланы жалпы білім беру ортасына қосу ойынша жұмыс мектепке дейінгі жаста басталуы тиіс.

Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдаудың тағы бір маңызды бағыты олардың психологиялық дайындығын күшейту болып табылады. Себебі, жалпы білім беру ортасында көптеген ата-аналар сыныпта «ерекшелігі» бар бала оқығандығын қаламайды. Осы жағдайда ЕБҚЕ баланың ата-анасы мұндай мәселелерге дайын болып, оның шешімін табуда сауатты болуы тиіс. Сондай-ақ, психологиялық дайындық мәселесіне қатысты тағы бір маңызды жайт – бұл ата-ананың ішкі сенімсіздігі. Яғни, ата-ана ЕБҚЕ баланың мектепте сәтті оқуына іштей сенім танытпайды, оны сол ортада буллингке, кемсітушілікке ұшырайды деген үрейде болады. Сондықтан, қолдау процесінің барысында ата-аналармен осы мәселеге қатысты ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу өте маңызды болып табылады.

Ерекше білімді қажет ететін балалар тобының ішінде бірінші және екінші топтағы балалардың ата-аналарына көрсетілетін педагогикалық-психологиялық қолдау мазмұны ретінде ең алдымен олардың психологиялық дайындығын келтіре аламыз. Одан кейін балалардың инклюзивті ортада білім алуы, онда сәтті білім алуындағы ата-ананың рөлі және ата-ананың білім беру қауымдастығындағы орны туралы білімдерін қалыптастыру жұмысы да осы мазмұнның ішіне кіреді.

Үшінші топтағы балалардың ата-аналарын қолдау мәселесіне келетін болсақ, мұнда психологиялық бейімдеу жұмысы, отбасымен терең психотерапия, тілдік (аудармашы) көмек, мәдени салт-сананы игертуге деген көмек түрлері қарастырылады. Осылардың барлығы отбасын қолдау жолы арқылы балаға сәтті білім беру мен оны ортаға енгізуге бағытталады [4].

Ата-аналарды инклюзивті ортада қолдау мәселесі тек қана ЕБҚЕ баланың ата-анасымен жеке тәсіл арқылы жұмыстарды ұйымдастыру емес, керісінше, барлық контингенттің ата-аналарын қоса алғандағы ауқымды жұмыс болып табылады. Сәйкесінше, мамандар қалыпты балалардың ата-аналары мен ЕБҚЕ балалардың ата-аналарын ынтымақтастыққа шақыру арқылы білім беру ортасындағы жағымды атмосфераны қалыптастыра алады.

Осы бағыттағы жүргізілетін жұмыстардың бағыттарына тоқталып өтейік:

1. Ата-аналар контингентіне «инклюзивті білім беру» туралы тереңірек білімдер беру. Бұл дегеніміз білім беруге қатысушы барлық ата-аналардың осы тақырып төңірегінде жеткілікті ақпарат ала алуын, ақпараттық тұрғыдан құзыретті болып қамтиды. Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмыстар кезінде міндетті түрде құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша да тақырыптар қозғаған ұтымды болады. Осы арқылы ата-аналар өздерінің құқықтары мен міндеттерін жақсырақ білетін болады.

2. Психологиялық көмек бағыты. Бұл жұмыс қалыпты балалардың және ЕБҚЕ балалардың ата-аналарымен қатар жүргізілуі тиіс. Себебі, инклюзивті білім беру екі тараптың да ата-аналарының бойында белгілі бір қорқыныштарды, стереотиптерді, үрейлерді туғызады. Сондықтан, осындай жағдайлармен күресу мақсатында психологиялық жұмыс орын алады.

3. Бірлескен дамыту жұмысын өткізу бағыты. Бұл бағыт балалардың білім беру нәтижелерін арттыру мақсатында жасалады. Ата-аналар балалардың

білім алу жағдайына бақылау жасап, оған белсенді араласқанда ғана білім беру нәтижелері сәтті бола түседі [5].

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру ерекше білімді қажет ететін балалар үшін өте маңызды мүмкіндік болып табылады. Оны ұйымдастыру және сәтті іске асыру білім беру қауымдастығын құрайтын барлық тұлғалардың дайындығын мақсат етеді. Соның ішінде, әсіресе, ата-аналармен жұмыс сәтті инклюзивті білім берудің көрсеткіші деп айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер

1 Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. Рекомендации // Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ, 2019 – 118 с.

2 Елисеева И.Г., Чумакова О.Ф. профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ, 2015.

3 Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе: методические рекомендации. – Астана: НАО, 2015.

4 Мастюкова Е.М., Московкина А.Г. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии. – М., 2003.

5 Никитина Е.Л. Повышение педагогической культуры родителей учащихся. В: Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XIII междунар. науч.-практ. конф. Часть III. Новосибирск: СибАК, 2012.

ҒТАМР 14.25.07

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР

К. Тілеуқан

Магистрант, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Г.Е. Садыканова

Ғылыми жетекші, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Мақала жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде сабақтан тыс жұмыстарды қарастыруға арналған. Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін сабақтан тыс іс-шараларды жүзеге асырудың міндеттері мен нысандары нақтыланды.

Түйін сөздер: сабақтан тыс жұмыс, экологиялық мәдениет пен білім, экологиялық өлкетану.

Сабақтан тыс жұмыс біртұтас педагогикалық процестің екінші ажырамас бөлігі және оған білім алушыларды экологиялық оқыту мен тәрбиелеуде ерекше функциялар жүктеледі [2]. Сабақтан тыс жұмыстың мақсаты білім алушыларға ғылымның белгілі бір саласына, қызмет түріне тұрақты қызығушылықтарды анықтауға, бағдарламалық мәселелерді, сондай-ақ оқу бағдарламасынан тыс, бірақ оқушыларды түсінуге қол жетімді мәселелерді терең зерттеу барысында бейімділіктерді, қабілеттер мен дарындарды анықтауға көмектесу болып табылады.

Сабақтан тыс жұмыс оқушылармен жеке жұмыс істеуді жеңілдетеді, олардың дербестігін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Сабақ барысында оқушылардың барлық сұрақтарын қанағаттандыру мүмкін емес. Сабақтан тыс жұмыс оқу іс-әрекетімен байланыста оқушының білім іздеудегі белсенділігін жұмылдыратын және оқушылардың мүдделерін толық қанағаттандыруға көмектесетін тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Ол сабақта алған білімді кеңейтеді, тереңдетеді, көптеген пайдалы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, демек, оқыту мен тәрбиені өмірге жақындатады. Мәселен, егер оқу жұмысы негізінен экологиялық сананы қалыптастырса, онда сабақтан тыс жұмыс эмоционалды-сезім саласына әсер етеді және табиғатта

оқушылардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастырудың кең мүмкіндіктеріне ие.

Осылайша баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесінде оның жеке басының интеллектуалды, эмоционалды және еріккүш салаларына әсер етудің бірлігі жүзеге асырылады.

Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен ұқыптылықты қалыптастыру бойынша сабақтан тыс жұмыс оқу жұмысымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие:

- уақыт пен оқу бағдарламаларының қатаң шеңберімен шектелмейді;
- оқу бағдарламасы оқушылардың жасына қарамастан олардың қызығушылықтары мен ақпаратты игеру қабілеттеріне байланысты ақпараттық материалдың мазмұнын едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді;
- оқу орны оны ұйымдастыруға тек мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларын, мамандарды, әртүрлі пәндердің мұғалімдерін, экологиялық сауатты және табиғатты сүйетін ата-аналарды тартуға мүмкіндік береді;
- экологиялық мәселелерді теориялық тұрғыда зерделеуді табиғатқа практикалық көмек көрсетумен оңтайлы үйлестіру мүмкіндігі зор.

Сабақтан тыс жұмыс экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша бірқатар нақты міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді:

- позитивті ашу және күшейту, адамның өзінің «Меніне», әлеуметтік шындыққа және табиғат әлеміне қатысты психикадағы деструктивті өзгерістерді бейтараптандыруға;
- адам санасының табиғат сұлулығының әмбебап және құндылық негізін қабылдау және түсіну қабілетін дамыту; өмірдің эстетикалық-аксиологиялық саласына бейімделуге;
- қоғамда, табиғатта парасатты мінез-құлық дағдыларын игеруге көмектесуге. Бұл жағдайда балаларға мінез-құлықтың нақты алгоритмдерін үйрету қажет;
- білім алушыларды білім мен түсініктерді игеру деңгейінде табиғат пен адамның өмір сүру және даму заңдылықтарымен таныстыруға;
- білім алушылардың қажеттіліктері, өмір салты деңгейіндегі болмыс пен тенденцияны ескере отырып, модельдеу элементтерін үйретуге.

Сабақтан тыс жұмыс отандық және шетелдік педагогтардың тәжірибесін пайдалана отырып, оқушылардың экологиялық санасын жаңа деңгейінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл оқушылардың табиғаттағы мінез-құлық мәдениетін анықтайтын білім мен дағдыларды қалыптастыруға қатысты, осыған байланысты оқушылардың санасында табиғатқа қатысты белгілі бір көзқарастар дамיתындай жұмыс құрған жөн [1].

Экологиялық бағыттағы сабақтан тыс жұмыс процесінде табиғи ортаға жауапкершілікпен қарау идеяларын іске асыру мақсаттың, міндеттердің, мазмұнның, нысандардың, құралдардың, әдістердің және оны ұйымдастырудың шарттарының оңтайлы үйлесімімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте білім алушыларды экологиялық оқыту және тәрбиелеу бойынша сабақтан тыс

жұмыстың нысандары әртүрлі екенін есте ұстаған жөн, олар оқушылардың табиғи ортаны сақтау және жақсарту проблемасына қызығушылығын арттыру мақсатында өзгертіп отыру керек.

Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша сабақтан тыс жұмыстар әртүрлі нысандарда жүргізілуі мүмкін: үйірме немесе клуб ретінде, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі ретінде, зерттеу зертханасы ретінде, мектептегі экологиялық іс-шаралар кешені ретінде, қосымша білім беру мекемелерінің (жас натуралистер станциялары, жас туристер, балалар шығармашылық орталықтары және т.б.) тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі ретінде немесе балалардың жазғы демалыс лагерлері түрінде [3].

Табиғатты қорғау іс-әрекетін ұйымдастыру нысандарының қатарына экологиялық отрядтар, далалық экологиялық лагерьлер, табиғатқа рейдтер, зерттеу топтары, мектептің экологиялық мониторингі отрядтары, экологиялық посттар жатады.

Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесінде әртүрлі жұмыс түрлерімен қатар әртүрлі құралдарды да қолдану қажет: кинофильмдер, гербарий, коллекциялық материалдар, музыка, көркем сурет, поэзия және проза туындылары, компьютерлік бағдарламалар, ойындар. Білім берудің ең маңызды құралы балалардың әртүрлі іс-әрекеттері екенін есте ұстаған жөн: танымдық, ойын, еңбек, шығармашылық және т.б. Оларды оңтайлы пайдалану және кезектестіру экологиялық мәдениетті қалыптастыру процесінің тиімділігін арттырады. Оқушылар үшін сабақтан тыс жұмыстарды қызықты ету үшін іс-шараларды әртүрлі жағдайларда өткізу пайдалы: сынып бөлмесінде, мұражайда, саябақта, орман шетінде, табиғатқа және өндіріске экскурсияларда.

Білім алушыларда табиғатқа деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті және ұқыптылықты қалыптастыру бойынша сабақтан тыс жұмыста қолданылады [4]:

– сана мен сезімге әсер ететін әдістер: әңгімелер, дәрістер, пікірталастар, сұхбат, наным-сенімдер, мысалдар;

– оқушылардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын ұйымдастыру әдістері: жаттығу, дағдылану, әдеттерді дамыту, соқтығысу әдісі, педагогикалық талаптар, педагогикалық жағдайлар;

– білім алушылардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын түзететін және ынталандыратын әдістер: көтермелеу, жазалау, жарыс.

Оқушыларда табиғатқа деген сүйіспеншілік пен ұқыптылықты қалыптастыру бойынша сабақтан тыс жұмысты жоспарлағанда, отбасының қолдауынсыз мектеп өзіне жүктелген күрделі міндеттерді шеше алмайтындығын есте ұстаған жөн. Осыған байланысты аталған бағытта отбасымен бірлескен жұмысты ұйымдастыру қажет, өйткені отбасы мектепке қарсы тұруға, бейтарап позицияны ұстануға немесе сенімді көмекші бола алатын педагогикалық әсердің күшті факторы болып табылады.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша отбасы мен мектептің бірлескен жұмысын өзара байланысты үш бағыт бойынша қарауға болады: 1) ата-аналармен экологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары; 2) ата-аналарды сабақтан тыс жұмыстарды жүргізуге тарту, 3) білім алушылардың табиғатқа деген оң көзқарасын қалыптастыру бойынша отбасы қызметіне басшылық жасау.

Білім алушылар жергілікті табиғатпен жиі байланыста болғанда, оның сұлулығына тамсанып, таңданғанда, адамның табиғатқа оң және теріс әсер етуінің нақты фактілерін зерттегенде, жергілікті экологиялық мәселелерді жақсы біліп, оларды шешуге қатысқан жағдайда ғана олада табиғатқа ұқыпты қарау сәтті қалыптасады. Білім алушылардың сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастырудың бұл тәсілі жаһандық, өңірлік және жергілікті экологиялық проблемаларды бірлікте зерделеуге мүмкіндік беретін өлкетану қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Соңғы уақытта экологиялық жағдайдың нашарлауына және экологиялық проблемалардың шиеленісуіне байланысты экологиялық өлкетанудың маңызы артып келеді. Экологиялық өлкетануды зерттеу пәні туған өлкенің табиғи жағдайлары, экологиялық жағдайды зерттеу болып табылады. Туған өлкенің өсімдіктері мен жануарларын қорғауға, тіршілік ету ортасы мен организмдер қауымдастығы арасындағы, табиғи ортаның өзгерген жағдайлары, өсімдіктер, жануарлар, адамдар арасындағы байланысты анықтауға баса назар аударылады. Экологиялық өлкетану білім алушыларда «табиғат-адам-қоғам» жүйесінің үштұғырлығы туралы заманауи ғылыми тұжырымдаманы қалыптастыруда және адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесудегі ролін ашуда, оның өзгеруіне нақты мысалдар келтіруде, оның үштұғырлы жүйенің әрбір компоненті қандай нәтижелерге әкелетінін көрсетуде маңызды рөл атқара алады және атқаруы тиіс.

Экологиялық тәрбие мәселелерін шешу үшін тарихи және географиялық өлкетану материалдарын тарту қажет. Осылайша, экологиялық-өлкетану жұмысының негізгі мазмұны бөлімдер болуы мүмкін:

- аймақтың экологиялық мәселелері;
- өлкенің табиғи ескерткіштері;
- аймақтың Қызыл кітабы;
- облыстағы (қаладағы, ауылдағы) табиғатты қорғау қызметі.

Оқу уақытының жетіспеуіне байланысты өлкетанудың тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті оқу жұмысында толық пайдаланылмайды. Сонымен бірге экологиялық мәдениетті қалыптастыруда өлкетану материалын қолдану мұғалімнің алдында әрекеттің кең мүмкіндігін ашады.

Мектептегі экологиялық өлкетану бірқатар сипаттамаларға ие. Өлкетану тәсілі экологиялық мәдениетті дәстүрлі (кештер, кездесулер, әңгімелер, көрмелер, мектеп мұражайлары) және дәстүрлі емес (қолжазба немесе баспа журналдары, альбомдар, дайджесттер, конференциялар, экспедициялар, іскерлік ойындар, экологиялық соқпақтар және т.б.) жұмыс түрлерімен қалыптастыруға бағытталған қызмет түрлерінің арсеналын байыта алады.

Балалар табиғатпен үнемі қарым-қатынас жасайтын, адамның табиғи ортаға қатынасының ең жарқын көріністерін көретін және табиғи ортаны сақтау мен жақсарту жөніндегі іс-шараларға белсенді қатысатын ауылдық мектептердегі экологиялық өлкетанудың маңызы ерекше.

Қолданылған әдебиеттер

1 Внеурочная работа по биологии. 6-11 классы. Сост. С.М. Курганский. – М.: ВАКО, 2020. – 289 с.

2 Пасечник В.В. Биология: методика индивидуально-групповой деятельности: учеб пособие. – М.: Просвещение, 2016. – 109 с.

3 Чагарова Л.А., Кормазова А.Х. Формирование экологической культуры учащихся в ходе внеурочной работы // В сборнике статей XVI Международной научно-практической конференции: наука и образование: сохраняя прошлое, создаём будущее (Пенза, 20 июня 2018 года): в 2 ч.. Том Часть 1. 2018. – С. 243-245.

4 Седукова Н.В. Формирование экологической культуры в урочной и внеурочной деятельности // В сборнике статей XVI Международной научно-практической конференции: Экологические проблемы региона и пути их решения: Материалы национальной научно-практической конференции с международным участием, проводимой в рамках Сибирского экологического форума «Эко-ВООМ» (13-15 октября 2016 г.). – Омск: Литера, 2016. – С. 308-312.

5 Носкова О.Л., Розенберг Г.С. Экологическое краеведение как составляющая экологического образования // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, т. 12, №1(9), 2010. – С. 2309-2312.

6 Демянчик М.Г. Экологическое краеведение: учеб.-метод. комплекс / М.Г. Демянчик, В.Т. Демянчик ; Брест. гос. ун-т им. А.С. Пушкина. – Брест: 2017. – 183 с.

ҒТАМР 14.25.09

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕСІ

Ғ.И. Исаев

*Т.ғ.к., доцент м.а., ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ.*

С.Д. Накибоева

Магистрант, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада қазіргі таңда білім беру саласында өзекті әрі білім алушылардың білікті маман ретінде даярлау сонымен қатар, біліктіліктерін арттыру, маман ретінде көптеген дағдыларды қалыптастыруда көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Білім беру жүйесі 21 ғасырда даму сатысында күннен-күнге өркендеп келуде және тек қана білім сапасын ғана емес сонымен қатар, бәсекеге қабілетті маман дайындауда. Мақалада білім алушылардың маман ретінде дамуы, ықпалды болу, көшбасшылық қасиеттерін теориялық тұрғыда және оны қалыптастыру маңыздылығы баяндалады. маңыздылығы баяндалады.

Түйін сөздер: көшбасшылық, әдіс, қабілет, білім беру, даму.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде студенттерді жаһандық бәсекеге қабілетті маман ретінде даярлау және болашақта осындай қабілеттерін пайдалануға және де маман ретінде әрі қарай дамуға көптеген мүмкіндіктер ұсынады.

Көшбасшылық – ол ұстанатын топ үшін жаңа бағытты немесе көзқарасты белгілейді. Көшбасшы – бұл жаңа бағыт үшін найзаның ұшы. Басқару принциптерге сәйкес топтағы адамдарды/ресурстарды бақылайды немесе бағыттады немесе бұрыннан қалыптасқан құндылықтарды бағыттап отырып топты алға қарай жетелейді [1].

Соңғы жылдары білім беру саласында көшбасшылықты зерттеу тұрақты түрде кеңейіп, әртүрлі ғылыми-өндірістік дәстүрлермен (мысалы, функционалистік және сыни); аудиториялар (мысалы, тәжірибешілер, зерттеушілер және саясаткерлер) және де әртүрлі зерттеулерде, ғылыми басылымдарда маңызды әрі ауқымды мәнге ие болып отыр [2].

Көшбасшысы – бұл жаңашыл, көреген, түрлендіруші, құтқарушы емес, оның мақсат-әлемді өзгерту емес, персоналды дамыту, ұйымдық дамыту. Р. Каттел мен Г. Стайс көшбасшылардың жеке басына байланысты үш түрін анықтады:

– «техникалық» көшбасшы, «жедел» міндеттерді тиімді шешеді; көп көшбасшылардың басқа түрлері мүмкіндіктер топ мүшелеріне әсер етеді, өйткені олармен тікелей байланысты;

– «көрнекті» көшбасшы, топтың іс-әрекетіне ең күшті әсер етеді кез келген жағдайда;

– «харизматикалық» көшбасшы, ол бағыныштылар үшін ең сүйкімді [3].

Көшбасшылық және жеке қасиеттерді қалыптастырудың өзектілігі теорияда және кәсіптік білім беру практикасында: дәстүрлі көзқарас арасындағы көшбасшылыққа басқалардың үстемдігі және заманауи көзқарас ретінде, ынталандыру үшін де көшбасшылық қасиеттерді пайдалануға негізделген жеке ерекшеліктерін дамыту, сондай-ақ жеке және кәсіби өзін-өзі дамыту; педагогикалық технологиялар болашақ мамандарды көшбасшылық бағытта кәсіптік даярлау, дамыту қазіргі кезде өзекті болып табылады [4].

Кез келген ғылымды тікелей дамыту оның әдістерінің дәлдігіне байланысты. Эксперименталды ғалым И.П. Павлов былай деп жазды: «Әдіс – ең бірінші негізгі нәрсе. Барлығы әдіске, әрекет ету әдісіне байланысты. Жақсы жағдайда әдіспен және өте талантты емес адам көп нәрсені жасай алады. Ал нашар әдіспен данышпан адам босқа жұмыс істейді» [5].

Әдіснама білім алушыларды оқу процесінде белсенді әрі түрлі әдістерді пайдалануға негізделеді. Ол белгілі бір дағдыларды немесе қабілеттерді дамытуға, білім беру ортасында ықпалды болуға, өркендеуге, дамуға, білімді әрі қарай нығайтуға дағдылайды.

П. Сенге өз кітабында «Көшбасшылар қалай құрылады?» деген сұраққа жауап береді: «Мұндай адамдарды құру мүмкін емес, өйткені олар өздерін жасайды» [6].

Көшбасшылық – адамдарды жетелеу қабілеті. «Көшбасшының ұлылығы-оның күшінде емес, айналасындағы адамдарға күш беру қабілеті. Көшбасшы адамдарды жігерлендіреді және қызметкерлерге ынта-жігер сыйлайды, оларға болашақ туралы өз көзқарастарын жеткізеді және оларға көмектеседі» [7].

Көшбасшыны дамыту бастамаларымен байланысты тұлғашылық құзыреттілік түрінің нақты мысалдары өзін-өзі тануды (мысалы, эмоционалды сана, өзіне сенімділік), өзін-өзі реттеуді (мысалы, өзін-өзі бақылау, сенімділік, бейімделушілік) және өзін-өзі ынталандыруды (мысалы, міндеттемені) қамтиды., бастама, оптимизм) қамтиды. көшбасшылықты дамытуды адамдарға басқалармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін түсінуге, олардың күш-жігерін үйлестіруге, міндеттемелерді құруға және өзін-өзі түсінуді әлеуметтік және ұйымдастырушылық императивтерге қолдану арқылы кеңейтілген әлеуметтік желілерді дамытуға көмектесу арқылы интеграциялық стратегия ретінде қарастыруға болады [8].

Білім беру саласында көшбасшылықтың кем дегенде үш аспектісін ажыратуға болады. Бірінші – ұйымдардағы білім беру процесінің мақсаты ретінде көшбасшыларды тәрбиелеу; екіншісі – көшбасшылық осы ұйымдардың басшыларын басқару принципі; үшіншісі – білім беру ұйымдарының көшбасшылық білім беру қызметтерінде бәсекеге қабілетті ұйымдар [9].

Біріншіден, көшбасшылық құзыреттер жас мамандардың ең сұранысқа ие құзыреттерінің ішінен оқу процесінде көшбасшылық қасиеттер жиынтығын және деңгейге қойылатын талаптар жүйесін нақты айқындау болған кезде тиімді қалыптасады және олардың университет түлегі ретінде қалыптасуы, сондай-ақ кешен болған жағдайда қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігі негізі болып табылады.

Екіншіден, ұжымдағы тұлғаның дамуы, оның көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуы енгізілген қызметтің мазмұнына байланысты ұйымдастыру тәсілдерінен және әр түрлі арнайы ұйымдастырылған ЖОО да оқу және аудиториядан тыс жұмыстар студенттердің көшбасшылық әлеуетін табысты дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге болады [10].

Үшіншіден, ЖОО жағдайында студенттердің көшбасшылық құзыреттерін қалыптастыру үшін көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар кешенін анықтау қажет және жоғары оқу орнында маманның кәсіби қалыптасу процесінде студенттердің оқытудың әр кезеңіндегі қажеттіліктерін көрсететін, студенттердің көшбасшылық құзыреттерін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу университет жағдайында қандай құзіреттілікке ие, сонымен қатар, білім беру жүйесін әзірлеу және енгізу, қамтамасыз ету практикасы қандай дәрежеде баса назар аударылады [11].

Қортындылай келе, 21 ғасыр адамзаттың өркендеу дәуірі. Білім беру жүйесінде де жаңа технологиялар, жаңа идеялар, жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып білім беру сапасы жақсаруда. Білім беруде тек білім алушылардың білім алуы, меңгеруі ғана емес сонымен қатар, бәсекеге қабілетті маман дайындауға баса назар аударылуда. Яғни, болашақта өз пікірін, өз ойын, өзін жан-жақты дамыта алатын мамандар саны артады және білімді ғана емес жан-жақты дамыған жастардың саны артатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Organizational culture and leadership Tohidi H. Jabbari M.M. Procedia Manufacturing (2020).
- 2 Mapping trends in educational-leadership research: A longitudinal examination of knowledge production, approaches and locations McGinity R. Heffernan A Courtney S. J. Educational Management Administration and Leadership (2022).
- 3 Беляцкий Н.П. Основы лидерства. Изд-во БГЭУ, 2006.

- 4 Аплашова А. Формирование лидерских и личностных качеств у студентов в педагогическом вузе. (2021).
- 5 Дмитрий Викторович Беспалов, Диагностика лидерства в учебных группах.
- 6 Сенге П. Как научиться изменяться. Интервью с Аланом Вебером // Искусство управления. 2000. Март.
- 7 Максвелл Д. Воспитай в себе лидера (Электронный ресурс).
- 8 D.V. Day Leadership development: A review in context The Leadership Quarterly (2000).
- 9 Савина Н.В. Лидерство в образовании (Российская Федерация).
- 10 Зорина А.В. Педагогические условия, способствующие формированию лидерских качеств студентов вуза.
- 11 Shafeeva N.D. Studencheskoe samoupravlenie kak faktor razvitiya liderskikh kachestv studentov. Diss. kand. psikh. nauk [Student government as a factor of the development of leadership qualities in students. Cand. psych. sci. diss]. Moscow, 2013. – 242 p.

ГРНТИ 14.33.01

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД В ПРОВЕДЕНИИ ЭКСПЕРИМЕНТА

Р.М. Жабагина, С.Е. Миникеева

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления, г. Павлодар

В статье анализируется исследование, проводимое на уроке при проведении эксперимента с использованием дифференцированного подхода. Описываются этапы планирования, ход проведения, роль и место проведения эксперимента на уроке. Рассматривается значимость данного исследования в деятельности учителя, способствующее повышению качества знаний учащихся.

Ключевые слова: исследование, дифференцированный подход, физический эксперимент, «факты – модель – следствия – эксперимент».

Изучение физики в школе имеет важное значение в подготовке учащихся к жизни в современном технологичном мире. В процессе обучения учащиеся должны научиться вести наблюдения, классифицировать, связывать между собой явления и давать им объяснения. Особый акцент должен быть сделан не только на приобретении учащимися предметных знаний и навыков, но и на воспитании информированного и критически мыслящего гражданина, способного осмыслить научные вопросы в контексте социально и личностно значимых задач [1].

Умение решать проблемы, возникающие в процессе изучения физики, вооружит учащихся системой знаний и навыков, а также способствует развитию навыков мышления. В результате усвоения физических знаний закладываются основы научного мировоззрения, которое предполагает глубокое понимание явлений природы, формируется умение самостоятельно объяснять и описывать явления и процессы через физический эксперимент (демонстрационный, лабораторный, фронтальный). Работая над раскрытием способностей учащихся, через различные виды деятельности на уроке необходимо обратить внимание на то, что не всегда учащиеся могут применить полученные знания на практике, не могут связать изученный материал с повседневной жизнью, связать новую информацию с реальной жизнью. Поэтому, и появилась тема исследования, которая очень актуальна, развивая навыки выполнения эксперимента, учащиеся научатся самостоятельно выдвигать, обсуждать проблемы, решать нестандартные задачи, что позволит развить интеллектуальные и творческие способности каждого. Проведение

данного исследования с использованием дифференцированного подхода при выполнении эксперимента, способствует формированию знаний явлений и процессов, нахождению решений нестандартных задач, развитию физического мышления, повышению познавательного уровня и дает возможность учителю углубить знания учащихся. Данную тему мы считаем очень актуальной, ведь изучение физики на 20% состоит из теории, а остальное составляют демонстрации, эксперименты, практические и лабораторные работы, и решение задач. Без практики невозможно понять теорию, можно учащемуся 100 раз рассказать об электрической цепи, но он лучше поймет ее, если сможет сам подобрать приборы, составить цепь и провести необходимые измерения и вычисления.

Организацию учебного процесса, позволяющую обеспечить усвоение всеми учениками содержания образования, которое может быть различным для разных учащихся, но с обязательным для всех выделением инвариантной части, предусматривает дифференциация. В основе дифференцированного обучения лежит учет возрастных особенностей учащихся, прежде всего таких, которые влияют на их учебную деятельность и от которых зависят результаты обучения. Для исследования нами выбран класс, в котором все учащиеся успевают на «хорошо» и «отлично». Учащиеся на уроках физики проявляют повышенную мотивацию и интерес к выполнению текстовых и тестовых задач, лабораторных работ, но при этом затрудняются выполнять экспериментальные задания.

Первоначально с помощью анкетирования мы пытались выяснить с учащимися, что они знают об эксперименте, какие виды его можно использовать на уроке, что им легко, а что бывает сложным при проведении эксперимента использование анкеты. Результаты анкетирования:

- не всегда понятно условие проводимого эксперимента – 20%;
- не могут назвать процессы и явления, в данном эксперименте – 15%);
- не могут сформулировать цель – 12%;
- не всегда анализируют полученный результат, для формулировки вывода – учащихся 53%.

Данные показатели свидетельствовали о том, что проблема есть, и учащиеся не имеют правильных навыков выполнения эксперимента. Исследование данной проблемы мы начали с применения различных видов эксперимента, которые использовали на любом этапе урока (а не на закреплении как это бывает обычно). Вместе с учащимися изучали, исследовали, анализировали планируемые различного вида эксперименты. Таким образом, изучив методику проведения эксперимента (демонстрация, логические схемы, виртуальные и др.) и его применения на уроках физики, мы пришли к выводу, что эксперимент является самой важной частью любого урока. Применение эксперимента является одним из средств дифференцированного обучения учащихся физике. Это работа с учениками различной степени успеваемости в малых группах на уроках физики; дифференцированная форма контроля знаний; использование при обучении учащихся экспериментов различного содержания: с элементами экономики, о

живой природе, с учетом местных особенностей; обучение в условиях уровневой дифференциации.

По существу, на занятиях по физике каждый вопрос, возникший в связи с изучением учебного материала, является для учащихся задачей, которую можно решить с помощью эксперимента. Активное целенаправленное мышление всегда есть решение задач в широком понимании этого слова. С целью обеспечения познавательного интереса учащихся эксперимент должен иметь новизну (ситуативную и содержательную), связь с практикой (в частности, с жизненным кругозором учащихся), практическую ценность, исследовательский элемент, информативную насыщенность. В работе над выполнением и проведением эксперимента должны использоваться методологически корректные постановка и решение, анализ полученного результата должен быть функциональным, физическим, образным [2]. Для развития исследовательских навыков учащихся использованы основные этапы, которые мы наблюдали при выполнении учащимися эксперимента:

- а) выделение учебного материала, создание проблемной ситуации;
- б) организация целесообразной деятельности – поиск способов, методов решения, практическая деятельность, оформление результатов;
- в) обучение как непрерывная перестройка жизни и поднятие ее на высшие ступени, защита результатов эксперимента.

Самой распространенной формой внутри является выполнение учениками заданий различного уровня сложности. При этом усложнение может происходить за счет привлечения пройденного материала, когда ученикам необходимо установить близкие или дальние связи между различными фрагментами содержания. Усложнение заданий может происходить и за счет усложнения видов работы, усиления уровня творческой деятельности, необходимой при выполнении задания. Например, проводя эксперимент в виде лабораторной работы, ориентированных на закрепление изучаемого материала, формирование необходимых умений и навыков по сборке экспериментальных установок по описанию, рисунку или схемы, учащиеся выполняют пошаговую инструкцию, и получают результат, оформленный в виде вывода, числового значения. Однако при проведении внешнего оценивания учащихся по физике за курс основной школы формулировка экспериментальных заданий существенно отличается от привычных для школы инструкций по проведению лабораторных работ. Поэтому проблемный характер постановки заданий для фронтального лабораторного эксперимента, включение лабораторного опыта не при закреплении, а при изучении нового материала, существенно изменяет качество подготовки учащихся по физике [3]. Идея дифференцированного подхода при изучении физики в основной школе должна воплощаться в жизнь не в увеличении количества заданий, а в изменении структуры и содержания инструкций для выполнения лабораторных экспериментов. Именно характер формулировок заданий в инструкции позволяет учителю организовать проведение лабораторных работ на базовом или повышенном уровне. Поэтому с первых лабораторных работ письменные инструкции должны стать

неотъемлемой частью самостоятельного выполнения заданий учащимися. При систематическом выполнении заданий в классе учащиеся, получив навыки самостоятельного экспериментирования, могут более активно участвовать в планировании опыта. На данном этапе работы целесообразно вместо подробной пошаговой письменной инструкции к заданию ставить перед учащимися только учебную задачу и направлять их на путь самостоятельного поиска её решения. Учащиеся, ориентируясь на имеющееся оборудование, предлагают план проведения опыта. Данная методика проведения фронтальных лабораторных экспериментов резко меняет стиль работы, темп становится плотным, учащиеся меньше отвлекаются, высвобождается время на предварительное обсуждение эксперимента (например, лабораторная работа «Исследование закономерностей последовательного и параллельного соединения проводников»). Уровень сложности выполнения работ определяется характером описания, которое выдается учащимся и формой учебной деятельности учащихся: индивидуально, в паре, группе [4]. Данная форма организации предполагает дробление лабораторной работы на отдельные элементы, когда каждая группа выполняет свою часть общего задания. При таком методическом приеме необходимым условием является обсуждение и анализ результатов экспериментов отдельных групп с последующей формулировкой общего вывода. В результате всего этого материал усваивается лучше, повышается успеваемость, растёт качество. Также можно использовать разноуровневые задания при выполнении эксперимента, направленные на формирование и развитие умений выполнять логические операции анализа, синтеза, сравнения, классификации. Для этого используются следующие типы заданий, разработанных от простого к сложному: установить соответствия между физической величиной и прибором, используемым в эксперименте (понимание), полученным результатом и записью его с учетом погрешности измеряемых приборов (применение), сравнить принцип работы измеряемых приборов (амперметр, вольтметр) (синтез), проверить полученный результат в задаче или предположение о зависимости (независимости) (мощности тока от силы тока) с помощью экспериментальной установки (анализ), установить лишнее – в зависимости от приборов и величин. Такие задания можно использовать на любом этапе урока.

Такая планомерная работа из урока в урок дает результаты: повышается качество успеваемости и мотивация к обучению у учащихся, любая деятельность на уроке представляется учащимися в виде правильно поставленного исследования для проведения эксперимента. Теперь учащиеся знают, что эксперимент даёт возможность опытно обосновывать введение многих физических понятий, и использование конкретных экспериментальных методов, применяемых при изучении физических явлений. У учащихся формируются некоторые экспериментальные умения: наблюдать явления, выдвигать гипотезы, планировать эксперимент, анализировать результаты, устанавливая зависимости между величинами, делать выводы. Эксперимент способствует организации восприятия учащимися учебного материала, его пониманию и запоминанию; позволяет осуществить политехническое обучение

учащихся; способствует повышению интереса к изучению физике и созданию мотивации учения. Об умении учащимися применять основные этапы при проведении эксперимента, последующее планирование эксперимента с электрическим оборудованием было уже более грамотно составлено, и имело ярко выраженные структуры с использованием концепта физических величин. Учащиеся запланировали мини – эксперимент с выделением первоначальных фактов, изучением теоретической модели, постановкой проблемы и последующим ее решением.

Они составили и предоставили следующий план эксперимента «Изучение последовательного соединения проводников»

1. Факты – рассматривается участок цепи, включающий последовательное соединение нескольких ламп (проводников). Средства измерения: амперметр, вольтметр. Наблюдаемое явление: закономерности определения тока и напряжения при данном соединении.

2. Модель – электрическая цепь. Условия моделирования:

- 1) лампы соединены последовательно;
- 2) амперметр соединен последовательно к источнику
- 3) вольтметр – параллельно к одной из ламп, двум лампам.

Модель явления: распределение тока и напряжения на каждой лампе.

Гипотеза: если создать условия близкие к идеальным то, напряжение определяется суммой напряжений, а сила тока остается постоянной на каждой лампе независимо от сопротивления.

3. Задача. Используя формулу закона Ома, определить ток и напряжение на каждой лампе и сравнить полученное значение с расчетным.

4. Следствия (проведение эксперимента – предложили подробный план с формулами для расчета силы тока и напряжения).

5. Оценка результатов работы. Сравнили экспериментальное значение со значением, полученным при решении задачи.

6. Вывод о соответствии экспериментальных и расчетных данных.

Работа по данной схеме «факты – модель – следствия – эксперимент» позволила учащимся достичь некоторых результатов. Они могут предоставить:

1) ответы на вопросы по каждой теме с целью обобщения и повторения материала, пройденного на занятии;

2) выполнение заданий для самостоятельной работы с целью применения знаний в нестандартной ситуации;

3) решение качественных, творческих, нестандартных, расчетных и экспериментальных задач.

4) использование дифференцированного подхода к решению данной задачи (учащиеся могли использовать более 2 ламп, с одинаковыми и различными значениями сопротивлений, исследовать смешанное соединение ламп.

Использование экспериментальных заданий на уроках физики дало свои положительные результаты. Ребята стали более активны на уроках, их ответы стали осознанными и более точными. При планировании урока выявлена

вариативность структурного построения уроков, а также особенности систематизации знаний на уроках различных видов. Данная группа по результатам четверти не имеет удовлетворительных оценок.

Обучение физики с использованием экспериментов часто проводится с целью углубления, расширения и обобщения полученных знаний, путем использования различного оборудования, на этапе закрепления. Преимущества этого метода в том, что ученики могут увидеть удивительное, необычное, в окружающем мире. Увидеть, потрогать руками, изменить параметры и условия эксперимента. Использовать активный способ изучения физики. Здесь же широкие возможности связать с физическими законами поэзию, живопись, музыку, другие науки, здесь же большие эстетические и нравственные возможности. Демонстрационный эксперимент предполагает эксперимент, проводимый учителем, в то время как остальные учащиеся наблюдают за ним. Развитие исследовательских навыков учащихся происходит только в одном направлении, сложно учитывать особенности, поэтому пока учащиеся работают в одном направлении, используя приведенную выше схему:

Факты – модель – следствие – эксперимент.

При изучении темы урока и проведении практических работ. В дальнейшем продолжение исследования, способствует не только постановке эксперимента в физике, но и к использованию межпредметной интеграции, знаний по предметам естественно-математического направления, для решения задач, связанных с реальными проблемами, применение на уроке экспериментально-исследовательских заданий, направленных на предсказание результатов исследования и создание условий для развития исследовательского мышления и формирования навыков самостоятельной экспериментальной деятельности. Эксперимент позволяет поднять учащихся на более высокий уровень развития познавательного интереса, так как он связывает теорию с практикой, показывает применение теоретических знаний и необходимость их экспериментального подтверждения.

Литература

- 1 Учебная программа по физике для 7-10 классов. – Астана. 2018 г.
- 2 Уит И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. Педагогика 2016.
- 3 Якиманская И.С. Дифференцированное обучение: внешняя и внутренняя формы. Статья «Педагогика». – 2012.
- 4 Дружинина О.М. Дифференцированный подход при проведении лабораторных работ по физике в старших классах средней школы. <http://nauka-pedagogika-13-00-02/dissertaciva-differentsirovannyy-podhod-pri-prjvedenii-laboratornyh-rabot#xzz5gswgfx>.

ҒТАМР 14.25.01

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

К.Е. Ташибаева

Мұғалім, Қызылжар ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Инклюзивті білім беру – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, икклюзивті сынып, жеке оқу бағдарламасы, ерекше қажеттіліктері бар балалар, инклюзивті оқытуды ұйымдастыру.

Инклюзивті білім беру деген не?

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітушілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуындағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

Инклюзивті білім беру балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этикалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында:

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Инклюзивті оқу ортасын құру.

Мұғалімге ұсынымдар:

- анық және дауысын сәл көтеріп сөйлеу;
- қарапайым сөздерді қолдану;

- орындықта отырып емес, барлық оқушы ккретінде тұрып сөйлеу;
- оқушылардың назарын аудару үшін «мұқият тыңдаңыз» т.с.с сөз орамдарын қолдана отырып, лоармен визуалды байланыс орнату, маңызды ақпаратты қайталау;
- хабарламаны түсінікті ету үшін сөйлеу кезінде әртүрлі мимиканы қолдану;
- балаларды сұрақтар қоюға тарту, егер түсініксіз нәрсе болса, балалардың барлығының дұрыс түсінгенін тексеру;
- ауызша қарым-қатынасты көрнекі суреттермен және жазбаша хабарламалармен толықтыру;
- ақпаратты нақты жеткізу үшін балаларды әртүрлі мимикаларды қолдануға шақыру.

Сынып бөлмесінің жабдықталуы:

- Сынып бөлмесі балалар еркін жүре алатындай етіп ұйымдастырылады (әсіресе қозғалыс немесе көру проблемалары болса).
- Кейбір балаларға жарық көбірек қажет болса, ал кейбір балалар жарыққа сезімтал болуы мүмкін екенін ескеру керек.
- Оқушылардың орындықтары немесе парталарын топта бірге жұмыс істей алатындай орналастыруға болады.
- Графиктер мен плакаттар (көрнекі құралдар) барлық балаларға жақсы көрінетін тұсқа, үлкен қаріптермен, суреттер және символдармен беріле отырып, ілінгені абзал [1, с. 12].

Жеке оқу бағдарламасы.

Мұғалімдер сабақ жоспарлау барысында балалардың жеке қажеттіліктерін ескеруі қажет. Мұғалім сабақ жоспарлауда ерекше қабілетті балалар (ЕҚБ) бар балаға арналған жеке оқу бағдарламасында көрсетілген мазмұнды назарда ұстайды.

Балалар жеке көмекті қалай ала алады?

Сынып қандай-да бір тапсырманы орындап жатқанда, мұғалім бір немесе екі баламен жеке жұмыс істей алады, олармен сабақтың белгілі бір материалын бекітеді немесе оларға тақырыпқа байланысты жеке тапсырманы орындауға көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар басқа оқушылармен бірге жұпта жұмыс істей алады. Басқа оқушылар өз тапсырмаларын аяқтағаннан кейін, жұптарына қолдау көрсетіп, көмектеседі.

Мектептегі жоғары сынып оқушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмектесуге дайын болуы мүмкін. Бұл әлеуметтік көмек курсының бір бөлігі аясында жүргізілуі мүмкін.

Көмекші құралдар:

- Дидактикалық құралдар;
- Сынып жиһазы;
- Көлік құралдары;
- Байланыс құралдары;

Инклюзивті сыныпта сабақ жоспарлау.

Инклюзивті оқытуды ұйымдастыруға қойылатын міндеттер:

– Сыныптағы арнайы білім беру жағдайларын жасауды қажет ететін балалардың санатын анықтау.

– Сыныпта белгілі бір балалардың қажеттіліктеріне байланысты қол жетімді ортаны ұйымдастыру.

– Балалар ұжымында эмоционалды жайлылық атмосферасын құру, ынтымақтастық рухында қарым-қатынасты қалыптастыру және балалардың әрқайсысының ерекшеліктерін қабылдау.

– Оқу жұмысын ұйымдастырудың заманауи технологияларын, әдістерін, тәсілдерін, формаларын игеру, сондай-ақ оларды білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес қолдану.

– Қолданыстағы оқу бағдарламаларын, дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе жаңаларын әзірлеу. Балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу жетістіктерін, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерді бағалау тәсілдерін игеру және пайдалану.

– Ынтымақтастық және жауапкершілікті бөлу рухында ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

Инклюзивті сыныпта жұмыс істеу ережелері:

– Тапсырманы әр оқушыға өзіне тән жұмыс қарқынымен орындауға мүмкіндік беріңіз. Жұмыс көлемі біртіндеп артып, оқушының жеке жұмыс қарқынына сай берілуі тиіс.

– Оқушының жұмыс қарқынын дараландыру – баланың мектептегі психологиялық жайлылығының қажетті шарты.

– Дараландыру топтық жұмысты ұйымдастыруға ықпал етуі мүмкін. Балаларда өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін топ құрамын өзгертіп отыруды ескеру қажет.

– Сабақта жұмыс түрлері мен формаларын үнемі өзгертіп отыру баланың мазасыздығын жеңілдетуге, барлық балалардың зейінін арттыруға мүмкіндік береді.

– Барлық дерлік балалар өз әрекеттерінің ретін дауыстап айтуы керек. Басқаларға кедергі келтірмеу үшін балаларды жай, ақырын сөйлеуге, сыбырлап сөйлеуге үйретіңіз.

– Баланың танымдық іс-әрекетке деген табиғи қажеттілігін ұстану маңызды және баланы мәжбүрлемеу керек. Балаларға өздері қызығып орындайтын тапсырмаларды жиі ұсыну қажет.

Инклюзивті білім берудің әмбебап дизайны:

– Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) – икемді оқу бағдарламалары арқылы барлық білім алушыларға инклюзивті ортада білім алуға тең мүмкіндік беру үшін қолданбалы арнайы технологиялар орталығы (ҚАТО) әзірлеген тәсілдеме.

– Оқытудың әмбебап дизайны тәсілдемесінің негізгі мақсаты – жалпы сыныпта отырған барлық оқушыларға оқудың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

– Оқытудың әмбебап дизайны ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қарапайым сынып жағдайында оқуға тартуды көздейді [2, с. 25].

Оқушыларды оқу процесіне тартудың көптеген құралдары:

Мұғалімнің математикалық ұғымдармен, сондай-ақ математикалық есептеулермен жұмыс істеуде қиналатын тағы бір топ оқушылары бар. Кейбір оқушылардың математикалық дағдылары сыныптастарынан әлдеқайда нашар және олар жұмысқа қатысқысы келмейді. Мұғалімге оқушыларды оқу процесіне ынталандыратын және қызықтыратын көптеген әдістер қажет болады, мысалы:

– Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру және күнделікті өмірде оқу мақсаттары мен математика арасындағы байланыстарды анықтай алуы үшін олар сандар кездесетін барлық жерлерді жазып алады. Содан кейін олар шағын топтарда математиканың күнделікті өмірде қалай қолданылатыны туралы қабырға газеті үшін пост дайындайды.

– Мұғалім оқушылардың жазбаларындағы ақпаратты олар шешетін мәтін есептер құру үшін пайдаланады. Ол оқушыларды математиканың маңыздылығының өзіндік негіздемесін жасауға ынталандыру үшін, олардың өмірлік тәжірибесін пайдаланады. Мұғалім оқушылардың өмірінен мысалдарды пайдалану олардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етіп, сондай-ақ, математиканы түсінуін мәнді етеді деп үміттенеді.

– Кейбір оқушылар өте ұяң болғандықтан сабаққа қатысқысы келмейді. Мұғалім бұл оқушыларды өзіне жұп таңдап, тақтада бірге жұмыс істеуге шақырады. Мұғалім бүкіл сыныпқа сұрақ қоймас бұрын, осы тақтада бірге жұмыс істеге шыққан оқушыларға сұрақтарды алдын ала береді, содан кейін барып, сұрақтар бүкіл сыныппен талқыланады. Бұл оқушыларға жауап беруге дайындалуға көбірек уақыт береді және өз бастамасымен сөйлеу барысында өзін сенімді және жайлы сезінуге мүмкіндік береді.

– Мұғалім өзінің кейбір оқушыларының сыныптастарымен қарым-қатынас жасауды шынымен ұнататынын біледі, сондықтан ол математикалық есептерін шешу үшін оқушылар бірлесіп жұмыс істейтін шағын топтар құрады. Ал кейбір оқушылар өз бетінше, жеке жұмыс істеді жөн көреді. Оқушылардың өздеріне қолайлы оқу жағдайын таңдап, топпен немесе өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндіктері болады.

– Барлық оқушылардың оқу материалын және оқу форматтарын ұсыну нұсқаларын таңдау мүмкіндігі бар. Мысалы, сабақ барысында «математикалық орталықтар» құрылады және әр «орталықта» бірнеше іс-шаралар жоспарланады. Оқушылар орталықтардың барлығына қатыса отырып, орындалатын тапсырмаларды таңдайды. Оқушылар математика орталығында жұмыс істеп жатқанда, мұғалім шағын топтармен немесе жеке оқушылармен жұмыс жасап, оларға қосымша түсініктемелер немесе мысалдар бере алады. Ол басқа оқушылардың дағдыларын немесе білімдерін кеңейту арқылы жоғары деңгейде ойлануға мүмкіндік береді.

– Мұғалім оқу нұсқаларын таңдауда оқушылардың қызығушылықтарын ескереді. Кейбір оқушылар күнделікті өмірде практикалық қолдану арқылы математикалық есептерді шешуге қызығушылық танытады. Ал кейбіреулері өздерінің болашақтағы жоспарларымен немесе кәсіби таңдауларымен байланысты математикалық есептерді ұнатады. Кейбір оқушылар күтпеген жерден таңдау жасауды ұнататындықтан «Тосын сый қоржынындағы» математикалық есептерді таңдайды. Сондай-ақ, оқушыны шамадан тыс жүктемеу үшін әртүрлі деңгейдегі математикалық есептерді ұсынылады

– Мұғалім мүмкіндігі шектеулі оқушының бір математикалық есептен келесі есепке өтуі қиын болады деп есептейді. Бұл оқушыға мұғалім, әрекеттің аяқталуын болжауға жеткілікті уақыт беру үшін, таймер береді [3, с. 100].

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған есеп.

Аружанда 500 тг бар. Әсеттің ақшасы Аружанның ақшасының 40 %-ын құрайды. Екеуінде жалпы барлығы неше теңге бар? Аружанның ақшасы Әсетке қарағанда неше теңгеге артық?

Шешуі:

$$500 \cdot 40\% = 500 \cdot 0,4 = 200$$

$$500 + 200 = 700$$

$$500 - 200 = 300$$

Жауабы: 700 тг; 300 тг.

Дескриптор:

- Санның пайызын табады;
- Амалды қолданып, есептің шешімін табады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Инклюзивті білім берудің заманауи технологиялары. URL: <https://moysugra.ru/publication/8/480>.

2 Инклюзивті білім беру. URL: <https://nsportal.ru/shkola/sotsialnaya-pedagogika/library/2019/10/17/inklyuzivnoe-obrazovanie>.

3 Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П.Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 б.

ҒТАМР 14.25.01

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНА СӘЙКЕС БОЛАШАҚ БИОЛОГ-МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Э. Есенкелді

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Мақала биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделін құрастыруға арналған. Мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу кезінде А.М. Новиков пен Д.А. Новиков ұсынған модельдерді құрастыруға қойылатын жалпы: ингеренттілік, қарапайымдылық және модельдің сәйкестігі талаптары ескеріледі.

Біз ұсынатын модель ҚР нормативтік-құқықтық білім беру құжаттарына сәйкес негізделеді: нормативтілік принципі, жүйелілік пен әмбебаптық принциптерінің мазмұны ашылды.

Болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру принциптері тұжырымдалған: орындылық, сабақтастық, жүйелілік және сабақтастық, құрамдас толықтық, сана мен белсенділік.

Анықталған қағидаларға сүйене отырып, сондай-ақ әртүрлі авторлардың (И.А.Зимняя, Л.В. Шкерина, А.В.Хуторской, В.А.Ясвин және т.б.) шығармаларын талдау негізінде креативтілік құзыреттілікті қалыптастыру үлгісі төрт: дайындық, кіріспе (айқындаушы), қалыптастырушы, қорытындылаушы кезеңдер анықталды.

Таңдалған принциптерге сүйене отырып, биологиялық пәндерді оқыту процесінде болашақ биология мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделінде төрт кезең сипатталған: дайындық, айқындаушы, қалыптастырушы, қорытындылаушы. Әр кезең модельдің барлық компоненттерінің: мақсаты (биологиялық пәндерді оқыту процесінде креативтілік құзыреттілікті қалыптастыру), оқыту әдістері мен формалары, оқыту мазмұны, оқыту құралдарының өзара байланысын көрсетеді.

Мақалада алдымен модельдің иерархиялық құрылысы, биологиялық пәндерді оқыту процесінде болашақ биолог мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру ұсынылды.

Түйін сөздер: болашақ биолог-мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігі; биологиялық пәндерді оқыту процесінде болашақ бакалавр-мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделі.

Жалпы орта білім беру жүйесінде биология пәнінің мазмұнының жаңартылуы, білім беру жүйесіндегі жалпы реформалар орта мектеп пен ЖОО білім берудегі сабақтастық байланыстарды жетілдіруді және оны жүзеге асырудың инновациялық жолдарын іздестіруді және ғылыми негіздеуді қажет етеді [1]. Осы сабақтастықтың бір тармағы болашақ мұғалімнің бойында келесі қасиеттерді қалыптастыру талаптарының бірі: бәсекеге қабілеттілік, тез өзгеретін жағдайларда әрекет етуге дайын болу, креативтілік. Осы талаптарға сәйкес мамандарды даярлау үшін оқытудың әр сатысында олардың креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту процесін ұйымдастырған жөн – белгілі мәселелердің өзіндік шешімдерін табу, жаңа проблемалық жағдайларды анықтау және стандартты емес, соның ішінде биологиялық таным, педагогикалық-психологиялық ұйымдастыру әдістерді қолдана отырып, олардың шешімдерін табу қабілетінде көрінетін интегративті динамикалық тұлға сапасы.

Зерттеу материалы мен әдістемесі.

Осыған байланысты ЖОО биологиялық білім беру үдерісінде болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделін қарастырамыз. Бұл модельді әзірлеу кезінде А.М. Новиков пен Д.А. Новиков ұсынған модельдерді құруға қойылатын жалпы талаптар ескерілді: модельдің ингеренттілігі, қарапайымдылығы және сәйкестігі [3].

Ингеренттілік біз құрастыратын модель іске асырылатын білім беру ортасымен жеткілікті деңгейде үйлесімділікте болуын қамтамасыз етеді, яғни биологиялық пәндерді оқыту процесінде болашақ мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Модельдің *қарапайымдылығы* модельмен жұмыс істеудің жеңілдігін және оны басқа зерттеушілердің түсінуін қамтамасыз ететін біз зерттейтін (модельденетін) объектінің ең маңызды қасиеттерін таңдау арқылы қол жеткізіледі. Модельдің *сәйкестігі* оның көмегімен мақсатқа жету мүмкіндігін білдіреді, модельдің оны құрастырудағы мақсатқа сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижесі мен оларды талдау.

Болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыру моделі туралы айту үшін осы модельдің Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына, білім беру құжаттарында көрсетілген әлеуметтік тапсырысқа сәйкестігін негіздеу, шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдерінің ерекшеліктерін сипаттау, сонымен қатар осы модельді әртүрлі дайындық профильдерінде жүзеге асыру мүмкіндігі қажет. Ол үшін аталған талаптардың тізімі модель құрудың бірқатар принциптерімен толықтырылды: *нормативтілік, жүйелілік және амбебаптық.*

Нормативтілік принципі зерттелетін процесті келесі нормативтік құжаттар негізінде модельдеуді қамтиды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң, биология пәні мұғалімдерін даярлау паспорты және т.б.

Осы құжаттарды талдау барысында болашақ мұғалімнің кейбір кәсіби құзыреттіліктері, оның креативтілік құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтіні анықталды. Болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін

қалыптастыру студенттерге барлық дайындық профильдеріндегі биологиялық пәндерді оқыту кезінде мүмкін болады.

Жүйелілік принципі болашақ биология пәні мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік моделінде жатыр, оның келесі кезеңі алдыңғысының логикалық жалғасы болып табылады.

Әмбебаптық принципі. Бүгінгі таңда зерттеушілердің көпшілігі болашақ мұғалімдердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыруды, әдетте, белгілі бір пәндік салаға тән бейіндік пәндерді (мысалы, И. Е. Брякова – әдебиеттану және лингвистикалық пәндер) немесе психологиялық – педагогикалық пәндерді (Е. Е. Щербакова) оқытумен байланыстырады. Яғни, педагогикалық пәндермен байланысты «Білім берудегі бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Конструктивті оқыту технологиясы» пәндерімен қатар «Жаңартылған мазмұндағы биологияны оқыту» болашақ биология мұғалімдерінде креативтілік құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Биология пәні мұғалімдерін дайындау профильдері үшін биологиялық құзыреттілік негізгілердің бірі екені анық. Бірінші курстан бастап тиісті БББ жоспарларында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Оқушылардың физиологиялық дамуы», «Өсімдіктердің морфологиясы және анатомиясы», «Мектептегі экспериментальді биология», «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» және т.б. сияқты пәндерді оқу қарастырылған, бұл болашақ биология пәні мұғалімдерінің креативтілік құзыреттілігін қалыптастырудың жоғарыда сипатталған барлық модельдеу кезеңдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, Жаратылыстану-педагогикалық бағыттағы білімге ие болу болашақ биология пәні мұғалімдеріне пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға, биологиялық есептерді шешудің стандартты емес әдістерін іздеу үшін математикалық аппаратты пайдалануға, яғни тиісті пән саласында креативтілік қызметті жүзеге асыруға және одан әрі оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кез келген пән мұғалімі сынып жетекшісі болып табылады. Осыған байланысты оған кейбір психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу, диагностика жүргізу және математикалық әдістерді қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық эксперименттердің нәтижелерін өңдеу қажет. Болашақ биолог бакалавр-мұғалімдер бұл дағдыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау және педагогикалық практикадан өту барысында алады.

Сонымен қатар, биологиялық есепті шешу үшін математикалық білімді қолдану идеясының өзі белгілі бір стандартқа ие емес және студентті шығармашылық қызметті жүзеге асыруға ынталандырады, бұл студенттердің креативтілік құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Оқытудағы құзыреттілік, жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы және белсенділік тәсілдер принциптеріне, сондай-ақ И.Л. Шишкина және т.б атап көрсеткен биологиялық пәндерді оқыту принциптеріне: «кәсіби бағдар принципі, практикалық маңыздылығы, рефлексивтілік принципі, проблемалық жағдаяттарды жүйелі қолдану принципі, ақпараттық технологияны оңтайлы пайдалану принципі, топтық және жеке оқытудың ұтымды байланысы

принципіне» [4-10] сүйене отырып болашақ биология мұғалімнің креативтілік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі дидактикалық принциптерін тұжырымдадық: мақсаттылық, сабақтастық, жүйелілік және сабақтастық, құрамдас бөліктер бойынша толықтық, саналылық және белсенділік.

Мақсаттылық принципі жоғарыда сипатталған нормативтік құжаттарда көрсетілген білім беру жүйесіне қоғамның әлеуметтік тапсырысына, болашақ биология мұғалімдерінің креативтілік құзіреттіліктерін қалыптастыру, әдістеменің мақсатты компонентінің бағдарын анықтайды. Креативтілік құзіреттілікті дамытудың мақсаттары студенттердің білім алуының сол немесе басқа кезеңінде жүзеге асыра алатын шығармашылық әрекетінің сипатымен анықталады. Осылайша, бірінші курста негізгі мақсат болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекеті туралы идеяларын қалыптастыру және онымен оқу жоспарында қарастырылған педагогикалық, биологиялық пәндерді оқу үдерісінде айналысуға мотивациясын дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа жету болашақ мұғалімдерге екінші және үшінші курстарда бар педагогикалық, биологиялық білімдерін стандартты емес жағдайға көшіру арқылы шығармашылық іс-әрекетте тәжірибе жинақтауға бағыттауға мүмкіндік береді (мысалы, биологиялық есептерді шешу, ғылыми зерттеу жұмыстарының кезінде). 1-3 курстарда алынған нәтижелер жоғары (4 курс) курс студенттерінің креативтілік құзіреттілігін дамыту мақсатын анықтайды – ғылыми жобаларды жүзеге асыруда биологиялық білімдерін қолдану процесінде студенттердің креативтілік құзыреттілігін орташа немесе жоғары деңгейге дейін дамыту және олардың нәтижелерін өңдеу. Сонымен, оқытудың әрбір кезеңінің мақсаттары бұрын жүргізілген жұмыстардың логикалық жалғасы болып табылады.

Үздіксіздік, жүйелілік және сабақтастық принципі болашақ мұғалімдердің креативтілік құзіреттілігін дамытудың әртүрлі кезеңдері мен ЖОО-да оқыту кезеңдерінің арасындағы байланысты көрсетеді.

Компонент бойынша толықтық принципі креативтілік құзіреттіліктің барлық компоненттерінің (мотивациялық, танымдық, белсенділік, рефлексиялық) қалыптасу деңгейінің динамикасын олардың өзара байланысында қалыптастыруды және қадағалауды талап етеді. Студенттердің санасы мен белсенділігінің принципін анықтау білім беру нәтижесінің (оқушы құзыреттілігін қалыптастыру) ерекшелігіне байланысты, ол студенттің белсенді әрекеті, оның нәтижесін рефлексия және бағалау жағдайында ғана мүмкін болады.

Анықталған қағидаларға сүйене отырып, сондай-ақ әртүрлі авторлардың (И.А.Зимняя, Л.В. Шкерина, А.В. Хуторской, В.А. Ясвин және т.б.) ғылыми еңбектерін талдау негізінде креативтілік құзыреттілікті қалыптастыру үлгісі төрт: дайындық, кіріспе (айқындаушы), қалыптастырушы, қорытындылаушы кезеңді белгілейміз.

І. Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде болашақ биология пәні мұғалімнің креативтілік құзіреттілігінің мазмұны мен құрылымы және оның мұғалімнің кәсіби құзіреттілігіндегі орны, сондай-ақ биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде осы құзіреттілікті дамыту мүмкіндіктері анықталды. Креативтілік

күзiреттiлiктi қалыптастырудың құрылымы мен критерийлерiне сәйкес келетiн шығармашылыққа бағытталған биологиялық, биологиялық бiлiм беру аясындағы тапсырмалар кешенi, сонымен қатар креативтiлiк күзiреттiлiк қалыптасу деңгейiн анықтаудың диагностикалық құралдары әзiрлендi. Бұл ретте мониторинг құралдары келесi талаптарға жауап бередi: тұтастық (тек жеке бiлiм мен дағдыларды ғана емес, күзiреттi өлшеу); валидтiлiк (адекваттылығы, дәл өлшеудi қажет ететiн күзiреттiлiктi өлшеу үшiн құралдың жарамдылығы; сенiмдiлiк, өлшемнiң «тазалығы»); сенiмдiлiк (өлшеу дәлдiгi, ұқсас жағдайларда өлшеулердi қайталау кезiндегi нәтижелердiң тұрақтылығы); объективтiлiк (күзiреттiлiктi өлшеу нәтижелерiнiң оны өлшейтiн тұлғадан тәуелсiздiгi); өндiргiштiгi (қолданудың қарапайымдылығы, бағалау құралдарының жұмысы); тиiмдiлiк (өлшеу нәтижелерiн өңдеу жылдамдығы); ашықтық (бағалау критерийлерi студенттерге алдын ала хабарланады).

Дайындық кезеңде жасалған диагностикалық құралдарды пайдалана отырып, екiншi кезең жүзеге асырылды.

II. Айқындаушы кезеңi. Оның мақсаты студенттердiң креативтiлiк күзiреттiлiк деңгейiн анықтау болды: төмен, орташа, жоғары.

III. Қалыптастыру кезеңi болашақ биология пәнi мұғалiмдерiнiң биологиялық пәндердi пәндердi оқыту үдерiсiнде креативтiлiк күзiреттiлiгiн дамыту деңгейiн арттыруға бағытталды. Бұл кезең студенттердiң оқу курстарына сәйкес келетiн үш қосалқы кезеңнен тұрды: 1 (1 курс), 2 (2-3 курс), 3 (4 курс).

Анықталған кезеңдердiң және iшкi кезеңдердiң әрқайсысы өзара байланысты және өзара тәуелдi құрамдас бөлiктермен сипатталады: мақсат (биологиялық пәндердi оқыту процесiнде шығармашылық күзiреттiлiктi қалыптастыру), оқытудың әдiстерi мен формалары, оқытудың мазмұны, оқу құралдары.


Студенттердiң креативтiлiк күзiреттiлiгiн қалыптастыру процесi оқытудың формалары, әдiстерi мен технологиялары арқылы жүзеге асырылды, онда жетекшi рөл оқушының өзiне берiлдi. Бұл формаларға дайындалған лекция, iзденiс семинары, семинар – жобалардың тұсаукесерi, дөңгелек үстел, iскерлiк ойын және интерактивтi оқытудың басқа түрлерi, сонымен қатар топтық өзара әрекеттестiк, тұлғааралық және кәсiби (педагогикалық) қарым-қатынас кiрдi. Сонымен қатар, сабақтарды ұйымдастыру оқушыға түсiнiктi және жақын, яғни студенттiң жеке өмiрлiк тәжiрибесiн салыстыру, ұқсастықтар мен ассоциацияларды қолдануды қамтыды.

IV. Талдау (қортындылау) кезеңi жоғарыда аталған әдiстердi, нысандарды, мазмұнды және оқу-әдiстемелiк құралдарды оқу процесiнiң барлық субъектiлерi: мұғалiмдер (соның iшiнде бейiндiк пәндер), жұмыс берушiлер (пән мұғалiмдерi және бiлiм беру ұйымдарының өкiлдерi), студенттер (креативтiлiк күзiреттiлiк даму деңгейiн өзiн-өзi бағалау) тұрғысынан пайдаланудың тиiмдiлiгiн бағалауға арналды.

Диагностика қолдану арқылы жүзеге асырылды: креативтiлiктi жеке тұлғаның жеке қасиетi немесе оның қызметiнiң өнiмi ретiнде бағалауға

мүмкіндік беретін әдістер (Гилфорд, Торранс және Медник тесттері) [11, 12, 13]; креативтілік құзіреттілікті қалыптастыру критерийлерімен корреляцияланған және оның қалыптасу деңгейін (төмен, орташа, жоғары) анықтауға мүмкіндік беретін шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар [14]; сараптамалық бағалау [15].

Модельдің аталған құрамдас бөліктерінің иерархиялық құрылымы мен өзара байланысы (1-суретті қараңыз) бастапқы диагностикаға, мақсат қоюға, мазмұнды блокты оқытудың формаларын, әдістерін және құралдарын таңдауға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімдердің креативтілік құзіреттілігін қалыптастыру процесін көрсетеді, оқу нәтижелерінің қойылған мақсатқа сәйкестігін тексеру.



Сурет 1. Болашақ биология мұғалімдерінің креативтілік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік үлгісі.

Қорытынды.

Эксперименттік жұмыс барысында суретте көрсетілген әдістемелік модельді жүзеге асыруда келесі нәтижелер алынды:

- студенттердің креативтілік іс-әрекетті жүзеге асыруға ынтасының деңгейін арттыру (оқу және кәсіптік қызмет аясында);
- студенттердің креативтілік әрекет дағдыларын меңгеруі;
- болашақ биология пәні мұғалімінің педагогикалық практикада кәсіби іс-әрекетіндегі креативтілік құзыреттіліктің рөлін сезінуі;
- биологиялық білім беру үдерісінде болашақ баиология пәні мұғалімнің креативтілік құзыреттілігін дамыту деңгейінің артуы.

Қолданылған әдебиеттер

1 «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында «мектеп – жоғары оқу орны» жүйесінде жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру сабақтастығының теориялық және әдіснамалық негіздері» (аралық) ғылыми зерттеу жұмысы туралы есеп, Нұр-Сұлтан, 2018. – 54б. – ЖТН № АР05133481-ОТ-18.

2 Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2017 года). – Астана: АО «ИАЦ», 2018. – 434 с.

3 Новиков А.М. Методология. – М., 2007. – 668 с.

4 Методика обучения биологии: учебно-метод. пособие к изучению дисциплины и организации самостоятельной работы студентов бакалавриата, обучающихся по направлению 44.03.01 Педагогическое образование (профиль подготовки – Биология) очной, заочной форм обучения. – Славянск-на-Кубани: Филиал Кубанского гос. ун-та в г. Славянске-на-Кубани, 2018. – 59 с.

5 Орлова Л.Н. Система методической подготовки учителей биологии в педагогическом вузе: Дис.... д-ра пед. наук: 13.00.02. – Омск, 2005. – 382 с.

6 Орлова Л.Н. Теоретико-методологические основы методики преподавания биологии. – Омск: ООИПКРО, 2001. – 148 с.

7 Никишов А.И. Теория и методика обучения биологии – М.: КолосС, 2007. – 304 с.

8 Карташова Н.С. Инновационное обучение биологии в общеобразовательных заведениях: учебное пособие для студентов бакалавриата. – М.: Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 86 с.

9 Теория и методика обучения биологии: Учебные практики: Методика преподавания биологии. – М.: МПГУ; Издательство «Прометей», 2012. – 160 с.

10 Андреева Н.Д. Методика обучения биологии в современной школе: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Юрайт, 2017. – 294 с.

11 Туник Е.Е. Модифицированные креативные тесты Вильямса / Е.Е.Туник. – СПб., 2003. – 96 с.

12 Guilford J.P. Intellectual Factors in Productive Thinking // Exploration in

Creativity. N.Y., 1967. – 96 p.

13 Torrance E.P. (1974). Torrance Tests of Creative Thinking. Scholastic Testing Service, Inc. University of Warwick, 2004, Course Specifications: Glossary of Terms relating to Course Specifications. <http://www2.warwick.ac.uk/services/aro/dar/quality/coursespecs/view/glossary>.

14 Егорова И.С. Креативно-ориентированные задание как средство обучения математике будущих бакалавров Педагогического образования, направленного на формирование у них креативной компетентности // Актуальные проблемы качества математической подготовки школьников и студентов: методологический, теоретический и технологический аспекты: материалы IV Всероссийской научно-методической конференции Международного научно-образовательного форума «Человек, семья и общество: история и перспективы развития». – Красноярск, 10-11 ноября 2016. – С. 97-103.

15 Егорова И.С. Экспертная оценка как один из способов диагностики уровня сформированности креативной компетенции бакалавров педагогического образования в процессе изучения математических дисциплин // Сибирский педагогический журнал. – Новосибирск Изд-во ФГБОУ ВО «НГПУ». – 2016. – №3. – С. 45.

ҒТАМР 14.07.01

ЖОБАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНУ

Ш.М. Нусупова

Оқытушы, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

А.А. Азаматова

Студент, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Мақалада жобаға негізделген оқытуды шетел тілін оқытудағы заманауи оқу процесінің әдісі ретінде қарастырылады. Авторлар оқыту практикасы мен академиялық зерттеулерге сүйене отырып, осы әдістемені білім беру процесіне енгізу тәжірибесін талдайды. Әдісті енгізудің практикалық аспектілері, соның ішінде тақырыптарды таңдау, топтың жұмысын ұйымдастыру және нәтижелерді бағалау талқыланады. Студенттердің жобалық қызметі жобалық оқыту процесінде материалды қолдану және саналы түрде игеру қабілетін қалыптастыру, оны жүзеге асыру себептері, қарым-қатынас құрылымы мен функциялары жобалық оқыту процесінде өзара әрекеттесудің нақты формасы ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: жобаға негізделген оқыту, жобалап оқыту әдісі, жобалап оқыту технологиясы, ағылшын тілі, ағылшын тілін үйрену жобалары, іс-тәжірибелер.

Жобалаудың ғылыми түсініктері ретінде ‘жоба, жобалау, жобалық, жобалаушылық’ сияқты ұғымдарды негіздейміз. Жобалау сөзінің мағынасын түсіну үшін біз «алға қарай тастау», «алға жүру» деген түсініктермен байланыстыра аламыз. Ал бұл мағыналар алдағы уақытта болатын құбылыстың бейнесін жасауға қатысты ғылыми айқындала алады.

Жобаға негізделген оқыту (ЖНО) – бұл білімгерлерге бағытталған оқыту әдісі; оқытушы тұлға ең алдымен ынталандырушы ретінде әрекет етеді. Бұл жобалы оқыту білім алушыларға, оқу әрекеттеріне бағытталған және нақты әлемдік мәселелермен біріктірілген. Сынақ сағаттары жүйесі бойынша оқытуда, сондай-ақ қызметкерлерді ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес даярлауда үлкен жетістіктерге жетуге ұмтыла отырып, жобалық оқытуды Қазақстан Республикасындағы барлық жоғары оқу орындарында пайдалану тиімді тәсіл бола алады. Жобалық оқытудың маңыздылығын түсіне отырып, жалпы ЖНО анықтамалары мен артықшылықтарын, әсіресе ағылшын тілін үйрететін жоғары оқу орындарының білім алушылары үшін мәліметтер жинастырылды.

Жобаға негізделген оқытудың анықтамалары.

Әр түрлі авторлар жобалап оқытудың көптеген анықтамаларын ұсынды. Мосс пен Ван Дюзер [1] оны білім алушыларға мәселелерді шешуге немесе өнімдерді жобалауға шақыру арқылы оқу процесін мәнмәтінге айналдыратын оқыту тәсілі ретінде анықтайды. Талқыланып өткендей [2], жобаға бағытталған оқыту – бұл білім алушыларды жобалауға, мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарта отырып, күрделі сұрақтарға немесе мәселелерге негізделген күрделі тапсырмалар болып табылатын жобалардың айналасында оқытуды ұйымдастыратын үлгі; білім алушыларға ұзақ уақыт бойы салыстырмалы түрде дербес жұмыс атқаруға мүмкіндік береді; кезеңдері нақты өнімдермен немесе жобалық таныстырулармен аяқталады. Жобалық оқыту – бұл оқытудың динамикалық тәсілі, онда білім алушылар нақты мәселелерді зерттейді, зерттелетін пәндер бойынша тереңірек білім алуға шабыттандырылады және дәстүрлі оқулыққа бағытталған білімге қарағанда осы тәсілмен алған білімдерін әлдеқайда оңай сақтайды. Сонымен қатар, білім алушылар топтық жұмыста да, өзіндік жұмыста да алға жылжыған сайын өзіне деген сенімділігі мен дербестігін дамытады.

Жобалап оқыту білім берушіге бағытталған оқытудан білім алушыға бағытталған оқытуға ауысады. ЖНО мақсаты – оқушылардың өмір бойы оқу қабілеттерін мәнмәтіндеу арқылы дамыту, оны шешуге арналған мәселелерді немесе жасалатын артефактілермен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, білім алушылардың ынталары мен жігерлері, мәселелерді шешу қабілеттері, зерттеушілік дағдылары, ынтымақтастық сезімі, ақпарат көздерін басқару дағдылары, қарым-қатынас пен ақпарат алмасуға деген ұмтылыстары және тілді қолдану туралы хабардарлықтары болуы барған сайын айқын бола түсуде, және одан да маңыздысы, мұндай алуан түрлі деңгейдегі жобаларға белсенді қатысу олардың өмірлік тәжірибесін жақсы жаққа өзгерте алады.

Шет тілдерін үйренуде ЖНО – бұл жан-жақты, мағыналы, үздіксіз қызмет аясында әртүрлі дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін әдістеме болып табылады. Бекетт [3] жобалар әдетте тілді, мазмұнды және дағдыларды бір уақытта меңгеруге ықпал ететін оқыту әдісінің бөлігі болып табылатын ұзақ мерзімді (бірнеше апта) іс-әрекет ретінде қарастырылатынын айтады. Жобалық оқытудың негізгі мақсаты – түсінікті нәтиже, ол әдетте жоба барысында да, жобаның соңғы өнімі ретінде де алынады.

Анықтамалардың әртүрлілігі ЖНО ерекшеліктерін анықтайды. Томас [2] жобалық оқытудың бес критерийін ұсынады: орталықтылық, жетекші сұрақ қою, сындарлы зерттеу, дербестілік және шынайылық.

1. ЖНО жобалары оқу бағдарламасында шеткі немесе маңызды емес, орталық болып табылады.

2. ЖНО білім алушыларды пәннің орталық тұжырымдамалары мен ұстанымдарымен бетпе-бет келуге (және олармен күресуге) ынталандыратын, қиындық тудыратын сұрақтарға немесе мәселелер мен тапсырмаларға бағытталған.

3. Жобалар білімгерлерді сындарлы, мағыналы зерттеулерге тартады.

4. Жобалар негізінен білім алушыларға бағытталған.

5. Жобалар шынайы болып келеді.

ЖНО өзінің айрықша ерекшеліктеріне байланысты тәрбиешілердің, білім берушілер мен білім алушылардың үлкен назары мен қолдауына ие болды. Зерттеулер кемшіліктерге қарағанда артықшылықтарды көрсетті. Бұл артықшылықтарды келесі бөлімде талқылайтын боламын.

Жобаға негізделген оқытудың артықшылықтары.

Қазақстанда ағылшын тілі шет тілі ретінде ұзақ уақыт бойы оқытылып келеді. ЖНО-ны қолдану бірқатар артықшылықтарға ие. Фридбаут [4] жобалық жұмыстың түпкілікті өніміне әкелетін удеріс білім алушыларға өздерінің сенімділігі мен тәуелсіздігін дамытуға мүмкіндік береді деп мәлімдейді. Білімгерлер өзін-өзі бағалаудың жоғарылауын және оқуға деген оң көзқарастары артқанын көрсетеді. Скехан [5] бұл процесс білім алушылардың дербестігін арттыруға көмектесетінін, әсіресе олар жобаны жоспарлауға белсенді қатысқан кезде (мысалы, тақырыпты таңдауда) артатынын дәлелдейді. Білім алушылар өздерінің оқуына жауапты болған кезде, дербес оқыту ынталандырылады. Левиннің айтуы бойынша [6], олардың тілдік дағдыларын жақсартуға болады. Білімгерлер шынайы әрекеттерді – нақты әлемге қатысты және пайдалы тапсырмаларды орындау үшін мақсатты қарым-қатынасқа қатысады. Осылайша, олар тілді салыстырмалы түрде табиғи мәнмәтінде қолдануға және тілдің түпнұсқада қолданылуын талап ететін мағыналы іс-әрекеттерге қатысуға мүмкіндік алады.

Шынайы іс-әрекеттер білім алушыларға тапсырманы немесе мәселені әртүрлі көзқарастардан қарастыруға, ынтымақтастық пен кері байланысты жақсартуға, бәсекелес шешімдер мен әртүрлі нәтижелерді ұсынуға мүмкіндік береді. Столлердің [7], жұмысында сипатталғандай, ЖНО барлық төрт дағдыларды табиғи түрде біріктіруге мүмкіндік береді: оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу.

Қарастырылатын тағы бір артықшылық [8] – білім алушылардың нақты мәнмәтіні мен қызығушылықтарына сәйкес жобалық жұмыс алға жылжыған сайын білімгерлердің ынталары, қатысуы және жұмыстан ләззат алуы артады. Ынталандыру тұрғысынан алғанда, шынайы тапсырмалар болып табылатын жобалар білімгерлер үшін анағұрлым мағыналы болып келеді, қатысуға қызығушылық пен ынтасын одан сайын арттырады және білім алуға, оқуға ықпал ете алады. ЖНО білімгерлерді ынталандырады деп саналады, өйткені олар оқу тапсырмасына толығымен қатысады. Жоба шынайы әдістерді, тәжірибелерді және дәрісханаларды пайдалану арқылы нақты мамандықтармен байланысты болуы әбден мүмкін. Сонымен қоса, сыныптан тысқары, ғаламтор желісі арқылы, өз бетінше немесе қоғамдастық мүшелерімен және кәсіпқойлармен бірлесе отырып, сыртқы әлеммен нақты, шынайы байланыс орнатуға болады. Осылайша, ЖНО білімгердің өмірі мен тәжірибесін байытады, өйткені ол әдеттегі байланыстарынан тыс адамдармен байланыс орнатуға талаптар қояды.

Тағы да қоса кетерім, ЖНО білім алушыларға көптеген пайдалы дағдыларды дамыта алады. Коулман [9] білімгерлердің әлеуметтік дағдыларын, топтағы ынтымақтастық пен ұйымшылдық дағдыларын жақсартуға байланысты артықшылықтар туралы айтады. Сыныпта ЖНО жобаларын жүзеге асыру топ мүшелері арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды нығайтуға да көмектеседі. Жобалық оқыту білімгерлердің арасындағы, білім алушылар мен білім берушілер арасындағы және білімгерлер мен қоғамдастықтың басқа мүшелері арасындағы ынтымақтастықты жақсартады. Осылайша, ЖНО білімгерлерге әріптестердің жұмысына сүйену және әріптестердің ойластырылған кері байланысын қамтамасыз ету сияқты топтық жұмыс дағдыларын игеруге мүмкіндік береді. Білімгерлерді жұптық пен топтық жұмыстарда белгілі бір тапсырмаларды орындауға мәжбүрлеу шет тілдерін оқытуда жиі кездеседі; бұл тәжірибе білім алушылар арасындағы ынтымақтастық пен білім алмасуды ынталандырады және жеке студенттерді көбірек сөйлеуге шақырады.

Аллен [10] ЖНО-дің жоғары дәрежелі мәселелерді шешу және де сыни жағынан ойлау дағдыларын дамытудағы артықшылықтары туралы айтады. Бұл дағдылар өте маңызды, өйткені олар өмір бойы сақталады және оларды сыныптан тыс уақытта беруге болады. Сонымен қатар, ЖНО жобасы әдетте топтарда жүзеге асырылады, сондықтан білімгерлер топтарда шешім қабылдау дағдыларын, сондай-ақ көшбасшылық қабілеттерін дамытады. ЖНО жобаларына қатысу студенттерге шешім қабылдау және бастамашылық мүмкіндіктерін барынша арттыруға көмектеседі, өйткені олар жоба барысында көптеген маңызды шешімдерді өз бетінше қабылдауға мәжбүр болады: әр топ мүшесіне қол жетімді әртүрлі нұсқаларды таңдаудан бастап дизайн, өндіріс және презентация шешімдерін қабылдауға дейін. ЖНО әдетте сыныптан тыс жобаларды қамтитындықтан, бұл әрекеттер сыныптан тыс өмірмен байланысты қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, ЖНО нақты мәселелерді шешеді және олардан тыс өмірде оларға пайдалы болатын дағдыларды дамытады. Жобалық оқытуда үйренетін дағдылардың көпшілігі жұмыс берушілер іздейтін дағдылар: топтық жұмыс рухы, жақсы жұмыс істеу және басқалармен тіл табысу, негізделген шешімдер қабылдау, белсенді болу және нақты әлемдегі мәселелерді шешу.

Жобаға негізделген оқыту бағалаудың басқа әдісін қолданатын инновациялық тәсіл. ЖНО тәсілін қолдана отырып, білім алушылар үнемі өз-өздерін бағалап отырады. Бағалау білім берушіні, әріптестерді, өз-өзін бағалауды және кері байланысты қамтитын үздіксіз, әртүрлі және жиі болатын үдеріс ретінде қарастырылады. ЖНО жалпы білімгерлер үшін, әсіресе ағылшын тілін үйренушілер үшін өте пайдалы. Мәселе мынада, білім беруші мен білімгерлер жобалық оқытудың артықшылықтарын барынша пайдалану үшін не істейтінде.

Ағылшын тілін үйренуге арналған жобалар.

Бұл бөлімде ағылшын тілін үйренушілерге қолдануға болатын бірнеше ағылшын тілін үйрену жобалары ұсынылған:

Сөйлеуге арналған жобалар: аудио/бейне таспалардағы баяндамалар мен презентациялар; ауызша тілдік сұхбаттар, топтық пікірталастар, талқылаулар; сыныптағы пікірталастар; суреттермен әңгімелесулер, аудио таспалардағы әндер, ауызша сөйлемдер жазылған күнделіктер, бейнежазбалардың презентациялары немесе плакаттардың қайталануы; таспалардағы ауа-райының қысқаша мазмұны; бұрышы іс-шаралары; драматургия және қойылымдар; ағылшын тіліндегі конкурстар, конференциялардың/іскерлік кездесулердің ауызша аудармасы; аудио/бейне таспалардағы жаңалықтар шығарылымдары және т.б.

Тыңдалымға арналған жобалар: курс бойынша дәрістер мен транскрипттер, абзацтар бойынша диктанттар немесе жазылған материалдардың қысқаша сценарийлері, ағылшын тіліндегі бағдарламалар немесе радио жаңалықтары мен олардың транскрипттері, және т.б.

Оқылымға арналған жобалар: фильмдерге шолулар/қысқа әңгімелер/романдар мен газет мақалаларын, журналдарды оқу, сұрақтарға жауаптарды оқу, әртүрлі тақырыптарды оқу, кітап баяндамалары, зертханалық жұмыстар, ақпараттық мәлімдемелер, жарнамалар, рефераттар, жарияланған басқа да жазбаша жұмыстарды оқу және т.б.

Жазбашаға арналған жобалар: фильмдер/әңгімелер/романдарға шолу, газет мақалалары, мәселе/шешім туралы эссе жобалары, басқа да эсселер мен эскиздер, нұсқаулық жазу, журнал жазбалары, күнделіктер, басқа да адамдармен хат алмасу, электрондық пошта арқылы хат алмасу, кітап есептері, зертханалық жұмыстар, далалық саяхат туралы (экскурсиялық) есептер, ақпараттық мәлімдемелер, жарнамалар, кітапшалар немесе анықтамалық кітапшалар жазу, қысқа әңгімелер, ғылыми мақалалар, рефераттар, шығармалардың жарияланған үзінділерін қайта жазу және т.б.

Біріктірілген дағдыларды дамыту жобалары: сауалнама жобасы, тыңдау және жазу жобасы, оқу және жазу жобасы, т.б.

Аударма жобалары: мақалаларды, әңгімелерді, нұсқаулықтарды, жарнамаларды аудару, әдебиеттерді аудару, дәйекті аударма жобалары және т.б.

Басқалары: қалыптандырылған үлгідегі сынақнамалар мен сұрақ-жауап ойындары, мақсат қоюға арналған жұмыс парақтары және білімгерлердің тілдік құзыреттілігін көрсететін өзін-өзі бағалау жазбалары, әртүрлі мамандықтарға арналған жобалар, мысалы, лингвистикалық/ тілдік жобалар, Британдық мәдениет жобасы, мәдени портфолио жобасы және т.б.

ЖНО жобасында жұмыс істей отырып, білім алушылар зияткерлік даму және өмірінде қажетті көптеген дағдылар мен білімдерді жетілдіру арқылы ынталандыру мен дербестікті арттыра алады. Дегенмен, нұсқаушы ретінде әрекет ететін оқытушы білімгерлерге өз жобаларын ыңғайлы және ынталы түрде орындай алатындай жеткілікті көмек пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуі керек.

Жоғары оқу орыны білімгері және болашақ ағылшын тілінен беретін маман ретінде бірнеше педагогикалық іс-тәжірибелерден өттім. Педагогикалық

практиканың мақсаты – мектепте жаңартылған мазмұндағы шетел тілі пәндерін оқыту әдістерін, сыныпта сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің тиімді тәсілдерін, сабақ нысандарын, мұғалімді сабаққа дайындауға қойылатын талаптарды практикалық игеру болып табылатынын ескеру. Бұл тәжірибелер бастауыш сыныптар мен жоғары сынып оқушыларын толығымен қамтыды. Осы ЖНО жобасымен де әр деңгейдегі тапсырмалар орындалды. Мысалға алатын болсақ, тәрбие сағаты барысында жоғары сыныптармен пікір-таластар жүргізу арқылы, оқушылардың өз ойларымен еркін бөлісе алуын қадағалай отырып, осы сұрақ төңірегінде өз бетімен ізденіс жүргізе алу қабілеттерін дамытуға көмектестім. Дебаттық жұмыстар кезінде өз тобына және өзіне берілген тақырыпша төңірегінде барынша тез ойланып немесе қосымша ақпараттар ізденіп, 1 минуттық уақыт шектеулері арқылы нақты жауаптар беріп үлгеруін бақылап, бағыттап отырдым. Яғни, алдын ала дайындалған немесе бөлініп берілген тақырып бойынша топтық, жұптық зерттеулер жүргізе отырып, өзінің жан-жақтылығын ауызша, жазбаша жоба ретінде қорғай алулары болып табылады. Ал, ашық сабақтағы басты мақсат – тыңдалым, оқылым, жазбаша, ауызша қабілеттерін пайдалана отырып, тапсырмаларды орындай алуы болатын. Тақырыптар бойынша осы төрт біліктіліктерін көрсете алатын не бір түрлі әдіс-тәсілдер, тапсырма-жаттығулар дайындай отырып, топтық, жұптық, жеке жұмыстар әзірленді, соған байланысты бағалары да үш түрлі жолмен бағаланып отырды. «Reading for pleasure» тақырыбына сәйкес оқушыларға жеке жобалық жұмыстар да берілді. Бұл тапсырманың мақсаты да өз біліктіліктерін еркін көрсетіп, жеткізе алулары. Тапсырма бойынша олар кез келген әңгіме-кітапшаларды оқып, сыныптастарын қызықтыра алатын ақпараттар дайындап келу, ал менің оқытушы ретіндегі талабым, олардың ізденістері мен талпыныстарын көрсете алуын бақылап, тиісті бағытқа сілтеу арқылы ынталарына жол көрсету болып табылады.

Қорытынды.

Мақалада «Жобаға негізделген оқытудың» әртүрлі анықтамаларын және оның артықшылықтары көрсетілді. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренушілерге, және де жалпы шет тілдерін үйренуге ұмтылыстары мен қызығушылықтары барларға тілді үйренуге арналған бірнеше жобалар ұсынылды. Осы жобалар мен ЖНО жобасын жүзеге асырудың маңызды кезеңдері арқылы, және де ағылшын тілі мұғалімдері ретінде білім алушыларымызға тек оқу орын ғимараттарында ғана емес, одан тыс жерлерде де ынталандыру жұмыстарын бере аламыз, және білімгерлерімізге ағылшын тілін білу және қарым-қатынас тұрғысынан болашаққа дайындалуға көмектесу үшін ЖНО артықшылықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалана аламыз деген сенімдемін.

Жобалап оқытуды өз өмірі мен жұмысы үшін қажетті шынайы білім мен ол үшін керекті дағдыларды жетілдіруі керек жоғары оқу орындарда ғана емес, кез келген білім беретін салаларда жиі қолдануымыз керек. Оқытудың бұл түрі дәл қазір басқа жобалардың ішінде ең аз қолданылатын, танымал емес түрі болуы мүмкін, бірақ оны елемей қалдыра салуға болмайды, керісінше бұл жоба

түрін жиі қолданып, жетілдіру керек. Тек барлық мүмкіндіктерін барынша ашып қолдана отырып, бұл жобалық әдіс арқылы тіл үйрету барысында көптеген жетістіктерге жетуге болады. Сол себепті, Қазақстанда ағылшын тілін үйрету кезінде «Жобаға негізделген оқыту» әдісін кеңінен қолдана білгеніміз жөн.

Қолданылған әдебиеттер

1 Мосс Д., К.Ван Дюзер, Ағылшын тілін үйренетін ересектерге арналған жобалық оқыту. ESL сауаттылықты оқыту жөніндегі ұлттық ақпарат орталығы, 1998.

2 Томас Дж.В., Жобалық оқыту бойынша зерттеулерге шолу, 2009 жылдың 10 қыркүйегінде шығарылды: http://www.bobpearlman.org/BestPractices/ЖНО_Research.pdf.

3 Бекетт Г. Оқытушылар мен студенттердің жобалық оқытуды бағалауы. Канадалық TESL журналы, 19(2), 2002. – Б. 52-66.

4 Фрид-Бут Д.Л. Жобалық жұмыс (2-ші басылым.). Оксфорд университетінің баспасы. – Нью-Йорк, 2002.

5 Скехан П. Тіл үйренуге когнитивті көзқарас. Оксфорд университетінің баспасы. – Оксфорд, 1998.

6 Левин Г.С. Жаһандық модельдеу: аралық шет тілі курстарына арналған студенттерге бағытталған, тапсырмаға негізделген формат. Шет тілінің жылнамалары, №37, 2004. – 26-36 С.

7 Столлер Ф. Екінші және шет тілдері контекстінде жобалық оқытудың теориялық негізін құру. Г.Х.Бекетт пен П.С.Миллердің «Екінші және шет тілдеріндегі жобалық білім: өткен, қазіргі және болашақ» кітабында (19-40 беттер). «Ақпараттық ғасыр» баспасы, 2006.

8 Ли И. Ағылшын сыныбында жеңілдетілген жобалық жұмыс. Канадалық Заманауи Тілге Шолу, 59. 2002. – Б. 282-290.

9 Коулман Дж.А. «Жобаларға негізделген оқыту, берілетін дағдылар, ақпараттық технологиялар және бейнелер». Тіл үйрену журналы, 5, 1992. – Б. 35-37.

10 Аллен Л. Конструктивистік парадигма аясында мәдени портфолио жобасын жүзеге асыру. Шет тілінің жылнамалары, 37. 2004. – Б. 232-239.

ҒТАМР 14.23.01

ЛУЛЛИЯ ШЕҢБЕРІН СӨЙЛЕУДІ ДАМУДА ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ?

А.Н. Болысбай

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бала өмірінің алғашқы жылдарында барлық танымдық процестер, оның ішінде сөйлеуі және әсерлі сипатқа ие ойлау белсенді түрде дамиды. Демек, бұл ойын әрекеті жас балалардың салыстыру, ажырату, жалпылау және себептік байланыстарды орнату қабілетін дамытуға орасан зор мүмкіндіктер береді, бұл кейінірек балалардың қиялын және шығармашылығын дамытуға негіз болады. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және танымдық белсенділігін қалыптастыратын көптеген әдістер мен технологиялар бар. Сондай заманауи оқыту әдістерінің бірі – ТРИЗ технологиясы. Соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиеде қолданатын және «Луллия шеңбері» деп атаған әдіс.

Лулия шеңберлері баланың белгілі бір жастағы жетекші іс-әрекет процесінде дамуының әмбебап әдістемелік құралы болып табылады.

Түйін сөздер: ТРИЗ технологиясы, Лулия шеңбері, сөйлеудің дамуы, сөйлем, сөздік қор.

Біз ТРИЗ технологиясының ішінен мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту үшін Лулия шеңбері әдісін таңдадық. Рэймонд Лулдың идеяларын ойын негізіндегі оқу жағдаяттарын өткізу кезінде және бар сұрақтарға жауап алу қажет болған бірлескен ойын әрекеттері процесінде қолданамыз.

Дизайндың қарапайымдылығы оны балабақшада қолдануға мүмкіндік береді.

Біріншіден, ол мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық дамуына ықпал етеді және білім беру бағыттарының интеграциясын қамтамасыз етеді:

– сөйлеуді дамыту: белсенді сөздік қорын байыту, үйлесімді, грамматикалық дұрыс сөйлеуді дамыту, сөйлеу шығармашылығын дамыту, баланы дұрыс сөйлем құрауға дағдыландыру, сөздік қорын молайту, байланыстырп сөйлеуін дамыту;

– әлеуметтік-коммуникативтік: баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын және қарым-қатынасын дамыту, дербестікті, өз іс-әрекетін мақсаттылық пен өзін-өзі реттеуді қалыптастыру, құрдастарымен

бірлескен іс-әрекетке дайындықты қалыптастыру, оң көзқарасты қалыптастыру. еңбек пен шығармашылықтың әртүрлі түрлері;

– танымдық даму: қызығушылық пен танымдық мотивацияны дамыту, танымдық әрекеттерді қалыптастыру, қиял мен шығармашылық белсенділікті дамыту, қоршаған дүниедегі заттар туралы, қоршаған дүниедегі заттардың қасиеттері мен қарым-қатынастары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру (пішін, түс, өлшем, материал, мөлшер, сан, бөліктер мен бүтін, кеңістік пен уақыт, қозғалыс пен тыныштық, себеп-салдар, т.б.).

Екіншіден, бұл мұғалімге мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды ойын режимінде (ойын арқылы оқыту және оқу) біріктіруге мүмкіндік береді, өйткені Lull сақиналарымен жұмыс процесі ойынмен бірге жүреді.

Үшіншіден, ол студентке әр түрлі іс-әрекет түрлерінде – ойында, сабақта, қарым-қатынаста және т.б. бастамашылық пен дербестік танытуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырады, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді, қарым-қатынас және бірлескен шығармашылық дағдыларын дамытады.

Бесіншіден, ойынды зерттеу және эксперименттік әрекеттермен үйлестіре отырып, балаға тәжірибе жасауға және шекарасы жоқ өз әлемін құруға мүмкіндік береді.

Балалармен жұмыс істеудің бастапқы кезеңдерінде әрқайсысында 4 секторы бар әртүрлі диаметрлі екі шеңберді ғана алу ұсынылады, бірте-бірте 7 секторы бар 3 шеңберге дейін өседі.

Сақиналарымен жаттығулар 2 бөлімнен тұруы керек:

1 – белгілі бір салаларда бар білімді нақтылау – нақты міндет,

2 – қиялды дамытуға арналған жаттығу, яғни фантастикалық тапсырма.

Нақты тапсырма объекті мен оған тән қасиеттердің нақты корреляциясын қамтиды, яғни бала бірінші шеңберде объектіні (зат, құбылыс) таңдай отырып, екінші және үшінші шеңберлердегі қасиеттерді (құбылыстар, бөліктер) дербес таңдауы керек. Корреляция нәтижелеріне сүйене отырып, дәйекті, егжей-тегжейлі мәлімдемені дұрыс құрастыру керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқу логикалық ойыны, «Музыкалық мамандықтар» музыкант мамандықтары, музыкалық аспаптар туралы білімдерін бекітуге, олардың осы тақырып бойынша ой-өрісін және сөздік қорын кеңейтуге бағытталған. Осы нұсқаулықпен сабақтар зейінді, қиялды және логикалық ойлауды, семантикалық есте сақтауды дамытады.

Ойын барысы: мұғалім балаларды музыканттар мен үлкен және кіші шеңбер секторларында бейнеленген музыкалық аспаптар бейнеленген суреттерді қарауға шақырады. Содан кейін ол үлкен шеңбердің кез келген суретіне қарама-қарсы көрсеткіш секторын қойып, сөзді атайды, мысалы: таяқша, микрофон, фортепиано, саксофон, т.б.

Музыка жетекшісі: «Бұл зат кімге тиесілі?» Дем сұрақ қояды. Музыканттың кәсібін бейнелейтін шағын шеңберді айналдыра отырып, бала

өзіне тән белгілеріне қарай берілген затқа немесе музыкалық аспапқа сәйкес келетін секторды біріктіріп, музыкант мамандығын атайды. Ойын бала барлық жұпталған суреттерді сәйкестендірмейінше жалғасады.

Суреттер – жұптар:

1. Дирижер таяқшасы – дирижер.
2. Микрофон – әнші.
3. Пианиношы – пианист.
4. Барабандар – барабаншы.
5. Кернейші.
6. Скрипкашы.
7. Саксофон – саксофоншы.
8. Гитара-гитарист.

Луллия шеңберлері арқылы мектеп жасына дейінгі балалармен болып жұмыс сөйлеуін дамытуда төмендегідей мәселелерді шешуге болады.

- сөйлеуде берілген дыбыстардың айтылуын бекіту;
- фонематикалық процестердің дамуы;
- сөздік қорын нақтылау және белсендіру;
- сөздердің буындық құрамын жетілдіру;
- сөйлем құрылымын қалыптастыру;
- байланысты сөйлеудің дамуын жетілдіру.

Төмендегі кестеде балалардың сөйлеуін дамытуда қолданатын жаттығулар жеке және топтық сабақ жоспарларында қолданса болады.

Кесте 1. Луллия шеңберін қолдану үлгілері.

Сөйлеуде берілген дыбыстардың айтылуын бекіту	1) 1 шеңбер – дыбыстың белгісі (мысалы, жылан), екіншісінде «Дөңгелекті айналдыр, С дыбысы бар сөздерді айт» автоматтандырылған дыбысы бар заттық суреттер. 2) 1-ші шеңбер – автоматтандырылған дыбысы бар объектілік суреттер (жансыз объектілер), 2-ші шеңбер – автоматтандырылған дыбысы бар объектілік суреттер (тірі объектілер) «Тірі объектінің жұбында тірі емес объект болуы үшін объектілерді жұппен атаңыз».
«Жұп сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыр».	Шеңберлерде дифференциалданатын объектінің суреттері бар бірнеше дыбыс. Мысалы: мысық, шкаф (Мысық шкафтың астына тығылды. Шкафта мысық сызылған.)
Фонематикалық процестердің дамуы	1) 1 шеңбер – көк, жасыл, қызыл дөңгелектер, екінші жағында – дауысты дыбыстардан басталатын тақырыптық суреттер, қатты – жұмсақ дауыссыз дыбыстар. 2) «Суреттерді бірінші дыбыстардың таңбаларымен сәйкестендір». 3) «Ұқсас айтылым дыбыстары бар суреттерді біріктір» Мысалы: ас-аз, тас-таз, қас-қаз, азық-асық. 4) 1-ші шеңбер – сөздегі дыбыстарды табуға арналған сызбалар, 2-ші шеңбер – тақырыптық суреттер: «Суретті сәйкес диаграммалармен біріктіру».
Лексикалық және	1) 1 шеңбер – әртүрлі сандар, 2-ші түс және 3-ші тақырыптық

грамматикалық сөйлемнің қалыптасуы	суреттер. 2) 1-ші шеңбер – көсемшелердің схемалары, 2-ші және 3-ші – тақырыптық суреттер. Негізгі сөйлем құрылымдары мен көсемшені қолдана отырып толық сөйлес құрайды.
------------------------------------	---

Қорытынды.

Бұл технологияның бірегейлігі баланың тақырыпты өз бетінше таңдауын көздейді, оны заттар мен құбылыстардың қарама-қайшы қасиеттерін анықтауға және осы қайшылықтарды шешуге үйретеді, бұл шығармашылық ойлауды дамыту мен интеллектіні дамытудың кілті болып табылады. Луллия шеңберлері сөйлеудегі дыбыстарды автоматтандыру, белсенді сөздік қорын, мазмұнын, логикасын, балалардың мәлімдемелерінің дәлдігі мен түпнұсқалығын толықтыру арқылы сөйлеу дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Олар әр баланың интеллектуалдық бастамасы мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру арқылы сабаққа деген қызығушылықты арттырады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Логинова Л. «Кольца Луллия» // «Обруч» №4, 2004.
- 2 Сидорчук Т.А., Лелюх С.В. Познаем мир и фантазируем с кругами Луллия. – Издательство АРКТИ, 2015.
- 3 Боневич. Т.Н «Использование технологии ТРИЗ в развитии речи дошкольников» Сургут, 2020.

ҒТАМР 27.21

НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ӨРНЕКТЕРДІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.Д. Айтқұл

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологияларын қайта қарауды талап етеді. Сондықтан математиканы оқытуда цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, жаңа білім беру технологияларын енгізу және оқушылардың дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып табылады. Мақала негізгі орта мектепте тригонометрияны оқытуда цифрлық технологияларды қолдануға арналған.

Түйін сөздер: цифрлық Қазақстан, цифрлық технология, мектеп, тригонометрия, электронды оқыту құралы.

Цифрлық технология қоғамның барлық салаларында, өндірісте, оқу орындарында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Бүгінгі таңда компьютерлік технологияны тиімді пайдалану мемлекеттік маңызға ие. Қазақстанда 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Үкіметтің жоспарына сәйкес, осы бағдарлама аясында мемлекет толық цифрлық трансформациядан өтеді. Мектептің негізгі мақсаттарының бірі – заманауи компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оқушыларды білім және білікпен қаруландыру. Осыған байланысты оқушыларда мектептен бастап цифрлық технологияларды қолдану дағдылары мен электрондық оқу басылымдарын пайдалана білу дағдылары қалыптасады.

Оқытуда цифрлық технологияларды қолдану мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. оқушыларды оқытуды белсендіреді;
2. оқытудың мазмұнын байытады, білімді меңгеруді жекелендіреді;
3. оқушылардың білімі мен дербестігін дамытады;
4. кез келген оқу құралдарын кешенді пайдалануға дағдыланады;
5. компьютер арқылы білімдерін тексеруге, қателерді анықтауға және оларды түзету жолдарын іздеуге және т.б. жол ашады.

Цифрлық технологиялар педагогтер мен оқушылардың оқудағы белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Педагогтер үшін цифрлы технологиялардың мүмкіндіктері:

1. электрондық кітаптарды пайдалану;
2. қағаз айналымының қысқаруы;
3. педагогтер мен оқушылар арасындағы ақпарат алмасу жылдамдығы;
4. оқу материалдарын тек қағаз жүзінде емес электронды нұсқаларда жасау.

Оқушылар үшін цифрлы технологиялардың мүмкіндіктері:

- 1) сыныптастарымен ақпарат алмасу және үй тапсырмасын үнемі біліп отыру;
- 2) цифрлық технологияларды пайдалана отырып, тиімділікті арттыратын сабақтарды ойластыру.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты білім беру ортасын компьютерлендіру мәселесімен айналысқан ғалымдар: К.Аганина, Ж.А.Қараев, А.М.Матюшкин, Е.С.Полат, В.А.Садовничий, Т.А.Сергеева, В.А.Скибицкий [1-7] және т.б.

Ақпараттық технология құралдарын пайдалану және электронды оқулықтарды дайындау мәселелерімен айналысқан ғалымдар: Г.К.Нұрғалиева, С.М.Кеңесбаев [8-9] және т.б.

Тригонометриялық материалды оқып-үйрену кезеңінде оқушыларда да, математика педагогтерінде де көптеген мәселелер туындайды. Тригонометриялық материалдар оқушылардан негізгі ұғымдарды мықты меңгеруді, тригонометриялық өрнектерді түрлендірудің әртүрлі түрлерін орындауды, тригонометриялық функцияларды зерттеуді және олардың графиктерін құруды талап етеді. Көптеген оқушыларда тригонометриялық материалды оқу кезінде кездесетін алғашқы мәселелерді заманауи электрондық оқу құралдарын пайдалану арқылы шешуге болады. Заманауи электрондық оқыту құралдарының мүмкіндіктері математикалық объектілердің әртүрлі бейнелерін салуға, олардың арасындағы байланысты зерттеуге және олардың модельдерін пайдалана отырып, жеке математикалық объектілердің қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді [10].

Оқулықтың электронды түрі цифрлық технологияларды пайдалана отырып, заманауи сабақты ұйымдастыру құралы болып табылады. Оқулықтың электронды түрін пайдалану арқылы бірқатар жалпы әдістемелік мәселелерді шешуге, оқу-әдістемелік құрал-жабдықтарға қойылатын талаптарды жүзеге асыруға болады. Оқулықтың электронды түрі қағаз оқулықтың қарапайым pdf нұсқасынан айтарлықтай ерекшеленеді және көптеген әртүрлі функцияларға ие. Электрондық оқулықтың мазмұны қағаз форматындағы оқулықпен толығымен сәйкес келеді, бірақ ол интерактивтілігімен және көрнекі иллюстрацияларымен оқушыны қызықтыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай жағдайда оқулықтың электронды түрі пәнді өз бетінше оқу және болашақ мамандығына дайын болу үшін ең жақсы және қолайлы нұсқа болып табылады. Сабақ

барысында цифрлық құралды қолдану әр оқушымен жеке траектория құруға және сыныптағы жұмысты қадағалауға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде тригонометриялық материалды пайдалануға бағытталған заманауи электрондық оқыту құралдары математикалық объектілердің графикалық бейнелерін қамтиды. Тригонометриялық материалды пайдалануға бағытталған заманауи электрондық оқыту құралдары математикалық объектілердің графикалық бейнелерін қамтиды. Қазіргі заманғы электрондық оқыту құралдарын пайдалану оқушыларға әртүрлі заңдылықтарды өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді, атап айтқанда, бұрын оқытылған материал мен оқушының жаңа білімдері, дағдылары мен құзыреттіліктері арасында байланыстар құруға ықпал етеді.

Тригонометриялық функцияларды зерттегенде және олардың қасиеттерін әртүрлі есептерді шығаруда қолданғанда, оқушылардың да, математика педагогтерінің де бір математикалық объектіні көрсетудің әртүрлі тәсілдері болуы керек. Атап айтқанда, графикалық бейнелеулердің көмегімен математикалық объектілерді салыстыру ыңғайлы. Графикалық негізде оқушылар тригонометриялық функциялардың негізгі қасиеттерін оңай анықтай алады: периодтылық, жұптық (тақтық), анықтау аймағының берілген интервалындағы монотондылық және т.б.

Зерттелетін математикалық объектілердің динамикалық қасиетін тиімді көрсетуге мүмкіндік беретін электрондық оқыту құралдарын жүйелі және мақсатты пайдалану, оқушыларға функцияның аналитикалық тапсырмасының өзгеруіне қарай осы объектілердің графикалық интерпретациялары қалай өзгередінін түсінуге көмектеседі [11]. Функцияны көрсетудің аналитикалық және графикалық әдістері арасында байланыс орнату үшін оқушылар математикалық объектінің аналитикалық тапсырмасын оның графикалық бейнесінен, кері есептерінен анықтауға арналған тапсырмаларды орындай алады және математикалық объектінің графикалық бейнесін оның аналитикалық бейнесінен анықтайды. Математикалық операциялардың бұл түрлері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін қолданатын есептерді шығаруда маңызды болып табылады.

Тригонометрияны оқу мазмұны ауқымды, сондықтан, меңгерілетін материалды жеке тақырыптарға бөлуге болады. Екінші жағынан, тригонометрия курсы координаталар, геометрия және математикалық анализ әдісінен бөлек қарастыру өте қиын болғандықтан, оқушыларға оқу материалын үйрету кезінде тригонометрияның басқа тақырыптармен және пәндермен байланысын мұғалім түсіндіруі керек. Оқытушы оқу материалын теориялық анализдеу және есеп шығару дағдыларын практикалық бекіту кезінде ерекше назар аудару керек. Сонда, жалпы оқу нәтижелері айтарлықтай жақсарады.

Мектеп бағдарламасындағы тригонометриялық мазмұнның жеткілікті үлкен мөлшері мен оған бөлінген сағаттардың салыстырмалы түрде аз санының арасындағы сәйкессіздік оқушылардың үй тапсырмасын орындау тиімділігі мен тригонометриялық функцияларды өз бетінше меңгеруін күрделендіреді. Психологтар [12] атап өткендей, сабақта білімді қабылдау және бекіту міндетті

түрде рефлексиямен, жаңа білімді қолданумен, жаңаны ескімен байланыстырумен қамтамасыз етілуі керек. Студенттердің математикалық материалды тиімді меңгеруінің қажетті шарты ретінде бір математикалық объектінің бейнеленуінің әртүрлілігінің әдістемелік принципін анықтауға болады.

Қорытындылай келе, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізіндегі инновациялық білім беру технологиялары мен дидактикалық үлгілерін жаппай және тиімді пайдалану арқылы білім беру жүйесін цифрлық ұрпаққа бейімдеу қажет. Цифрлық білім беру оқытуды даралау деңгейіне қол жеткізуге, оқу жетістіктерін бақылауға көмектеседі. Ол қажетті құзыреттіліктердің қалыптасу динамикасын жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялармен жұмыс істеу арқылы оқушылар мен педагогтер туындаған қиындықтарды тез анықтауға, шешім қабылдауға және жұмыстарын реттеуге мүмкіндік алады. Осылайша, цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыруға болады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Чиркунова Е.К., Шехова Н.В. Компетентностный подход в организации и оценивании подготовки бакалавров // Инновации в системе высшего образования: материалы Международной научно-методич. конф. ФГБОУ ВО «Самарская государственная сельскохозяйственная академия». – Самара, 2017. – С.175-179.

2 Уваров А.Ю. Информатизация школы: вчера, сегодня, завтра. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2014. – 368 с.

3 Тюкавкин Н.М., Сараев Л.А. Стратегические направления развития ведущих секторов образования региона // Образование в современном мире: стратегические инициативы: сб. науч. тр. Всероссийской научно-методич. конф. с международным участием, посвящ. 75-летию университета. – Самара, 2017. – С. 107-113.

4 Стародубцева Л.В., Зейналов Г.Г. Анализ потребности региона в образовательных услугах Мордовского государственного педагогического института имени М.Е. Евсевьева // Регионология. 2014. № 4. – С. 15-20.

5 Булин-Соколова Е.И., Семенов А.Л., Уваров А.Ю. Школа информатизации: путь к обновлению образования // Информатика и образование. 2013. № 11. – С. 3-12.

6 Загвязинский В.И., Емельянова И.Н. Теория обучения и воспитания: учебник для бакалавров. – М.: Юрайт, 2012. – 314 с.

7 Попов Н.И. Теоретико-методологические основы обучения решению текстовых алгебраических задач // Образование и наука. Изв. УрО РАО. 2009. № 3 (60). – С. 88-96.

8 Исмоилова М.Н., Имомова С.Х. Роль и значение моделирования бизнес-процессов // Ученый XXI века. Международный научный журнал. № 12 (25), 2016. – С. 59-61.

9 Исмоилова Махсума Нарзикуловна, Мавлонова Нилуфар Бахтиёровна. Использование современных информационных технологий в освоении профессиональных навыков // Актуальные научные исследования в современном мире, 2016. № 5-3. – С. 143-145.

10 Марушенко Л.Ю. Организация учебной деятельности учащихся 5-6 классов, направленной на подготовку к формированию понятия функции. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 2009. – 131 с.

11 Михайлова Т.А. Пропедевтика как основа процесса обучения функциям на уроках математики в 7-11 классах. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – СПб., 2015. – 24 с.

12 Молоткова Б.Б. Методика использования электронных образовательных ресурсов при изучении тригонометрии как средства повышения уровня осознанности знаний. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – СПб., 2014. – 272 с.

ҒТАМР 14.07.09

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Д.Е. Акимжанова

Магистрант, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

С.А. Фейзулдаева

PhD, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Б.Т. Сыдыкова

*П.ғ.к., қауымд.профессор, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.*

Бастауыш сынып мұғалімінің жоғары деңгейлі кәсіби шығармашылығын дамыту деңгейін арттыратын жеке қасиеттер педагогикалық практика негізінде жүзеге асырылады. Себебі, педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің өзінің бар шығармашылық қасиеттерін ашып көрсететін бірден бір орта. Мұғалімнің кәсіби шығармашылығы – педагогикалық қызметті зерттеудің жоғары деңгейі. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін тиімді реттеу және педагогикалық ықпал мен өзара әрекеттесуді мақсатты түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің кәсіби шығармашылығы жоғары сапалы қасиеттерінің жиынтығы болып табылады.

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби шығармашылығын дамыту және зерттелуі педагогикалық практика негізінде қарастырылады. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби шығармашылығы туралы жүргізілген сауалнама зерттеу нәтижесі белгіленді.

Түйін сөздер: кәсіби шығармашылық, педагогикалық практика, білім беру парадигмасы, мұғалімдік қызмет, дағды, біліктілік, шеберлік.

Еңбек және білім беру нарығындағы бәсекелестік негізінде еліміздің білім беру жүйесін үздіксіз жаңарту мен дамытудың негізгі міндеттерінің бірі бәсекеге қабілетті жас мамандарды дайындау сапасын арттыру және қажетті педагогикалық жағдайларды жасау болып табылады. Болашақ мамандарды дайындаудың заманауи әдістері мен тәсілдері кәсіби тұрғыдан шығармашылығын дамытуға бағытталуы керек. Еңбек нарығындағы үлкен бәсекелестік, жұмыс берушілердің сұраныстары маманнан кәсіби білім мен дағдылардан бөлек, креативтілікті және дамыған шығармашылықты талап

етеді. Сондықтан, кәсіби шығармашылығын дамыту маман даярлаудағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады және қазіргі білім берудің өзекті мәселелері.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарда оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану қажеттілігі берілген [1]. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру мен тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды көздейді. Демек, заманауи мектептің тиімді жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейі және олардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дайындығы болып табылады. Сондықтан болашақ мұғалімді кәсіби шығармашылыққа дайындау педагогикалық жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Педагогикалық жұмыстың шығармашылық сипаты тұрғысынан ғылыми негіздеме алған бұл мәселені шешуде көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл мәселелерді шешу қажеттілігі шығармашылықты мұғалім мамандығының ерекше маңызды құрамдас бөлігі етеді (Н.В. Кузьмина, Л.М. Митина, В.Г.Рындак және т.б.) және мұғалім іс-әрекетіндегі шығармашылық компонентті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

С.А. Новоселов, И.В. Осипова, Р.Х. Исхаков және т.б. мұғалімнің кәсіби шығармашылығын педагогикалық процесті ұйымдастырудың мақсаттарымен, мазмұнымен, әдістерімен және білім беру ортасы мен білім беру субъектілерінің негізгі сипаттамаларының үздіксіз өзгеруімен анықталатын оның кәсіби іс-әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Зерттеу мәселесінің талдануы.

Педагогикалық практика – білім беру жүйесінде болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың маңызды кезеңдерінің бірі. Ол білімгердің теориялық оқыту кезінде алған білімін бекітуге, маман ретіндегі практикалық іс-әрекетінің негізін құрайтын біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогикалық практиканы өткізудің негізі студенттердің болашақ маман ретінде жұмысқа жеке дайындығын, білім алушылармен оқу, тәрбие жұмысын шығармашылық тұрғысынан ұйымдастыра білуін қалыптастыру болып табылады. Практика студенттерге теорияны іс жүзінде қолдануға, оқыту дағдыларын дамытуға, сабақ беруге деген сенімділікті арттыруға, мінез-құлқы әртүрлі оқушылармен коммуникацияны үйренуге, тәжірибелі оқытушылардан тәлім алуға септігін тигізеді. Практиканы аяқтағаннан кейін студенттер табысты және білікті педагог болудың мәнін түсіне бастайды. Сондықтан практика болашақ педагогтер үшін қажет компонентке жатады және педагогтер даярлау бағдарламаларының маңызды элементі болып есептеледі [2].

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ екенін ескерсек, бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері жас жеткіншектерді оқытуда қазіргі

заманғы педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып, білімді терең және жан-жақты игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін меңгерту мәселелерін, шәкірттің ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты ең ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды [3].

Қазіргі уақытта болашақ мұғалім қандай болуы керек, қандай білім, дағдылар, қасиеттер, құзыреттерге ие болуы керек деген сұрақ қызу талқылануда. Прогрессивті мұғалімнің кәсіби қызметінің маңызды элементтері деп аталатын әртүрлі сипаттамалардың ішінде, көбінесе педагогикалық қызметтегі шығармашылық көзқарас деп аталады. Ол үшін болашақ мұғалімдерді педагогикалық практика кезеңінде университетте өзіндік, стандартты емес идеялардың барлық түрлерін қалыптастыру үшін, икемді нәтижелі ойлауы бар шығармашылық тұлғаны қалыптастыру қажет. Осы тақырып барысында біз шығармашыл мұғалімге қойылатын талаптар негізінде диаграмма құрдық. Шығармашыл педагогке қойылатын негізгі талаптар 1-ші суретте берілді.



Сурет 1. Шығармашыл педагогке қойылатын негізгі талаптар.

Айта кетсек, Я.А. Коменский, А. Дистервег, К.Д. Ушинский, С.Т.Шацкий, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский және тағы басқалары педагогикалық қызметтің, әсіресе болашақ педагогтердің шығармашылық сипатына назарын аударған. Соның ішінде Н.А. Бердяев былай деп жазды: «шығармашылықпен және мәдени өнімдерді жасауды емес, бүкіл адамзаттың басқа, жоғары өмірге бағытталған сілкінісі мен көтерілуін түсінемін, өйткені адамның шығармашылық әрекеті бүкіл әлем беретін материалмен толығымен анықталмайды, оның сырттан анықталмаған жаңалығы бар әлем. Бұл кез келген шынайы шығармашылық актіге енетін еркіндік элементі» [4].

Б.А. Тұрғынбаева өз еңбегінде шығармашылықты төмендегідей ерекшеліктермен сипатталған адам әрекеті ретінде қарастырады:

- шығармашылықта қарама-қайшылықтардың болуы;

- әлеуметтік және жеке адамға тән мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашыл тұлғаның даралық қасиеттерінің болуы;
- нәтиженің жаңалығы, сонылығы, деп атап көрсете отырып,

шығармашылық қайшылықтарды шешуге бағытталған, ол үшін жекелік қасиеттердің болуын талап ететін, нәтижесінде әлеуметтік не жеке адам үшін мәні бар соны жаңалыққа әкелетін адам әрекеті, ал бастауыш сынып оқушысының шығармашылығы тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субъективті жаңалық, –деп қорытынды жасаған [5].

Біздің ойымызша, кейбір студенттер педагогикалық практиканы оқудан үзіліс не демалыс ретінде қарайды, соның салдарынан педагогикалық практикаға да жеткілікті назар аудармайды. Көбінесе бұл жағдай студенттің практикада өзіне қажетті дағдыны, іскерлікті және ең бастысы маңыздылықты көрмейтіндіктен туйындайды.

Біріншіден, педагогикалық практика студенттің тандалған мамандыққа қаншалықты қызығушылық танытатынын түсінуге мүмкіндік береді. Әрине, практика өту барысында сәттілік болмауы мүмкін, қиын болуы мүмкін. Алайда мамандық туралы өз ойларын жалпы түсіну үшін уақыт жеткілікті болады.

Екіншіден, бұл педагогикалық практика болашақ мұғалімнің өзінің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін нақты орта. Олар жеткілікті мықты теориялық біліммен, қажетті қасиеттердің болмауымен, сенімсіздікпен, қорқынышпен және басқа да жүздеген себептермен байланысты болуы мүмкін. Бірақ, олқылықтар неғұрлым тезірек анықталып, шешілсе, болашақта соғұрлым оңай болады.

Үшіншіден, оқуды бітіргеннен кейін жұмыс іздеу керек. Әркім білетіндей, студенттер әлеуетті қызметкерлердің ең танымал санаты емес. Жұмыс берушілердің негізгі аргументі-тәжірибенің жетіспеушілігі, ал түлектердің негізгі қарсы аргументі – белсенділік. Соңында, практика орны жұмыс орнына айналуы мүмкін, егер студент өзін жан-жақты, жақсы, үлгілі көрсетсе, оған мүмкіндік көп болады.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы.

